Зерттеуге қатысқан болашақ биология мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктері туралы көзқарастары (5-кесте), болашақ мұғалімдердің 20,8%-ы «Цифрлық құзыреттілік өте жеткілікті деп санаймын» десе, ал 33,4%-ы «Цифрлық құзыреттілік жеткілікті деп санаймын», ал 25%-ы «Цифрлық құзыреттілік аз деп санаймын», 12,5%-ы «Цифрлық құзыреттілік жеткіліксіз деп санаймын» және 8,3%-ы «Цифрлық құзыреттілік мүлдем жеткіліксіз деп санаймын» деп жауап бергені кестеден көрініп тұр. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуге қатысқан болашақ биология мұғалімдерінің көпшілігі өздерінің цифрлық құзыреттіліктерін біршама жеткілікті деп санайды деп айтуға толық негіз бар.

### Талқылау

Зерттеу нәтижесінде болашақ биология мұғалімдерінің цифрлық құралдар мен технологияларды пайдалана алу, сондай ақ, пәндік білімді бекітуге қажет қосымшаларды электронды дайындай алу дағдысына ие болуы қажетті екеніне көзжеткіздік. Болонья процесіне орай білім беру жүйесі- нәтижеге (сабақ, пән, бағдарлама, курс соңында білім алушының біліктілігі, білімі, белгілі машыққа ие болуы) бағытталуы (Nurzhanova, 2024:399) [18], жан-жақты шығармашыл, ізденпаз жас мамандарды тәрбиелеумен байланысты. Сондықтанда, тек дәстүрлі оқыту әдістерін меңгерген білім алушылардың пән бойынша толыққанды білімін бекітуде жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану нәтижелі ықпал етеді.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, зерттеуге қатысқан болашақ биология мұғалімдерінің аралас оқыту ортасы туралы көзқарастары, соның ішінде 34,7%-ы «Мен үшін аралас оқыту өте пайдалы деп санаймын», 47,2%-ы «Мен үшін аралас оқыту пайдалы деп санаймын», 11,1%-ы «Мен үшін аралас оқыту біршама пайдалы деп санаймын», 5,6%-ы «Мен үшін аралас оқыту пайдалы деп таппаймын», 1,4% «Мен үшін аралас оқыту мүлдем пайдалы емес деп ойлаймын» деген жауабынан аралас оқытудың маңызының айқындығын көре алсақ, ерікті білім алушылардың цифрлық құзыреттілікті қалыптастыруға көзқарасы тарапынан берген жауаптарының 20,8%-ы «Цифрлық құзыреттілік өте жеткілікті деп санаймын», ал 33,4%-ы «Цифрлық құзыреттілік жеткілікті деп санаймын», ал 25%-ы «Цифрлық құзыреттілік аз деп санаймын», 12,5%-ы «Цифрлық құзыреттілік жеткіліксіз деп санаймын» және 8,3%-ы «Цифрлық құзыреттілік мүлдем жеткіліксіз деп санаймын» аралықты құрауы зерттеуге қатысқан болашақ биология мұғалімдерінің көпшілігі өздерінің цифрлық құзыреттіліктерін маман даярлауға қажетті көрсеткіш деп санайды деп айтуға толық негіз бар. Сондықтанда, цифрлық құзыретке ие, білім беру үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдалана алатын, дамып жатқан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновациялар мен интербелсенді әдістерді кіріктіретін сапалы маман даярлау үрдісінде аралас оқытуды қолдану- өзекті, болашақта сұранысқа ие маман даярлаудың бірден- бір айқын педагогикалық бағыты болады.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы [Электрон. ресурс].-2022.- URL: <https://clck.ru/38LbQ7>(қарау күні 15.01.2024)
2. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. [Электрон. ресурс].-2007. – URL: <https://clck.ru/38Lcev> (қарау күні 15.01.2024)
3. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 20 желтоқсанындағы № 949 қаулысы. [Электрон. ресурс]. –2019. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> (қарау күні 15.01.2024)
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://primeminister.kz/addresses/01092021> (қарау күні 15.01.2024)
5. Касимова Г.К. E-learning білім беру жүйесі негізінде студенттердің танымдық құзыретін қалыптастыру: филос. док. (PhD)... дис.: мамандығы: 6D010300 – Педагогика және психология. – Алматы, 2021. – 244 б.
6. Bonk C. J., Graham C. R. The handbook of blended learning: Global perspectives, local designs. – Wiley+ ORM, 2012.
7. Крылова Е. А. Технология смешанного обучения в системе высшего образования //Вестник Томского государственного педагогического университета. – 2020. – №. 1 (207). – С. 86-93.

8. Instefjord E. J., Munthe E. Educating digitally competent teachers: A study of integration of professional digital competence in teacher education //Teaching and teacher education. – 2017. – Т. 67. – С. 37-45.
9. Howard S. K. et al. What to teach? Strategies for developing digital competency in preservice teacher training //Computers & Education. – 2021. – Т. 165. – С. 104149.
10. Ilomäki L. et al. Digital competence—an emergent boundary concept for policy and educational research //Education and information technologies. – 2016. – Т. 21. – С. 655-679.
11. Потемкина Т. В. Зарубежный опыт разработки профиля цифровых компетенций учителя //Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров. – 2018. – №. 2 (35). – С. 25-30.
12. Шваб К. Четвертая промышленная революция: монография: перевод с английского языка.-М.: издательство «Э», 2019.-208 с.: ил //Top Business Awards. – 2017.
13. Устюжанина Е. В., Евсюков С. Г. Цифровизация образовательной среды: возможности и угрозы //Вестник Российского экономического университета им. ГВ Плеханова. – 2018. – №. 1 (97). – С. 3-12.
14. Ясвин В.А. Образовательная среда: от моделирования к проектированию. [Текст]. – М.: Смысл, 2001. -С 365
15. Roll M. J. J., Ifenthaler D. Multidisciplinary digital competencies of pre-service vocational teachers //Empirical Research in Vocational Education and Training. – 2021. – Т. 13. – №. 1. – С. 7.
16. Халикова К. З. Білім беруді цифрлық жүйеге көшірудің өзекті мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2021. – Т. 2. – №. 69. – Б. 41-49.
17. Е. Елубай, Ұ.М. Әбдіғапбарова, Д.М. Джусубалиева Жаппай ашық онлайн курстары (MOOCS)–болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту құралы //ҚазҰУ хабаршысы.Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2020. – Т. 64. – №. 3. – Б. 50-58.
18. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. [Мәтін]. Оқу құралы. – Алматы: 2009. – 263 Б.

#### References

- “Bilim turaly” 2007 jyldyń 27 shildedegi Qazaqstan Respublikasynyń Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education” dated 27, 2007]. (2007). Retrieved from <https://clck.ru/38Lcev> (Accessed January 15, 2024) (in Kazakh)
- “Tsifirlyq Qazaqstan” memlekttik baǵdarmasyń bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy YUkimetiniń 2019 jyldyń 20 jeltoksanyndaǵy № 949 kaulysy [Decree No. 949 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 20, 2019 on the Development of “Digital Kazakhstan” State Program]. (2019). Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> (Accessed January 15, 2024) (in Kazakh)
- Alimov A. (2009). Interbelsendi aedisterdi jogary oku oryndarynda qoldany [Using Interactive Methods in Higher Education Institutions]. Oqu quraly [Textbook]. Almaty. 263 p. (in Kazakh)
- Bonk, C. J., & Graham, C. R. (2012). The handbook of blended learning: Global perspectives, local designs. Wiley+ ORM.
- Elubay E., Abdırapbarova Ұ. М., & Djusubaliyeva D. M. (2020). Zhappay ashik onlayn kursı (MOOCS)–bolashaq pedagogtardyn tsifirlyq quzyrettiligini damytu kuraly [ Open Online Courses (MOOCS) – a Tool for Developing Teachers’ Digital Competence]. QAZUU khabarshysy. Pedagogikalıq gylymdar seriyasy [Bulletin of KazNU. Pedagogical Sciences Series]. Т. 64., №. 3. , P. 50-58. (in Kazakh)
- Howard, S. K., Tondeur, J., Ma, J., & Yang, J. (2021). What to teach? Strategies for developing digital competency in preservice teacher training. Computers & Education, 165, 104149.
- Ilomäki, L., Paavola, S., Lakkala, M., & Kantosalo, A. (2016). Digital competence –an emergent boundary concept for policy and educational research. Education and Information Technologies, 21, 655-679.
- Instefjord, E. J., & Munthe, E. (2017). Educating digitally competent teachers: A study of integration of professional digital competence in teacher education. Teaching and Teacher Education, 67, 37-45.
- Kasymova G.K. (2021). E-learning bilim beru júyesi negizinde studentterdiń tanymdyq qozyretin qalıptastyru: filos. dok. (PhD) [Developing Students’ Cognitive Abilities in the E-Learning System: DissertationPhD]. Almaty. (in Kazakh)
- Khalikova K. Z. (2021). Bilim berudi tsifirlyq zhuiege koshirudiń ozepti maseleleri [Key Issues in Transitioning Education to a Digital System]. Abai atyndagy QazQPU-nyń khabarshysy “Pedagogika gylymdary” seriyasy [Bulletin of Abai KazNPU “Pedagogical Sciences” series]. Т. 2., №. 69., P. 41-49. (in Kazakh)
- Krylova E. A. (2020). Tekhnologiya smeshannogo obucheniya v sisteme vysshego obrazovaniya [Blended Learning Technology in Higher Education System]. Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta [Bulletin of Tomsk State Pedagogical University], 1 (207), 86-93. (In Russian)
- Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqayevtin “Halq birligi jaǵne jyileli reformalar – el órkendetuiniń berik negizi” atty Qazaqstan halqyna Joldawy [Address of the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev “Unity of the People and Systemic Reforms – the Basis for the Development of the Country”]. (2021). Retrieved from <https://primeminister.kz/addresses/01092021> (Accessed January 15, 2024) (in Kazakh)
- Potemkina T. V. (2018). Zarubezhnyy opyt razrabotki profilya tsifrovyykh kompetensiy uchitelya [Foreign experience in developing a profile of digital teacher competencies]. Nauchnoe obespechenie sistemy povysheniya kvalifikatsii kadrov [Scientific support of the system for improving the qualifications of personnel]. №. 2 (35), 25-30. (In Russian)
- Qazaqstan Respublikasında bilim berudi damitudyń 2022 – 2026 jyldargha arnalghan tuzhyrmasyń bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy YUkimetiniń 2022 jyldyń 24 qarasadaghy № 941 kaulysy [Drafting the Program for the Development of Education

in the Republic of Kazakhstan for 2022-2026 by the Government of the Republic of Kazakhstan on December 24, 2022]. (2022). Retrieved from <https://clck.ru/38LbQ7> (Accessed January 15, 2024)(in Kazakh)

Roll, M. J. J., & Ifenthaler, D. (2021). Multidisciplinary digital competencies of pre-service vocational teachers. *Empirical Research in Vocational Education and Training*, 13(1), 7. <https://doi.org/10.1186/s40461-021-00107-7>

Shvab K. (2019). Chetvertaya promyshlennaya revolyutsiya: monografiya: perevod s angliyskogo yazyka [The Fourth Industrial Revolution: Monograph: translated from English]. Moscow: izdatel'stvo "E". 208 p.: il.

Ustyuzhanina E. V., & Evsyukov S. G. (2018). Tsifrovizatsiya obrazovatel'noy sredy: vozmozhnosti i ugrozy [Digitization of the educational environment: opportunities and threats]. *Vestnik Rossiyskogo ekonomicheskogo universiteta im. GV Plekhanova* [Bulletin of the Russian Economic University named after G.V. Plekhanov]. №. 1 (97), 3-12. (In Russian)

Yasvin V. A. (2001). Obrazovatel'naya sreda: ot modelirovaniya k proektirovaniyu [Educational environment: from modeling to design]. Moscow: Smysl. P. 365. (In Russian)

**Авторлар туралы мәлімет:**

Есмаханова Жаркынай(корреспондент автор) – «Биология» кафедрасының аға оқытушысы,

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, (Шымкент қ., Қазақстан, эл.пошта: jarkyn.74@mail.ru)

Абубакирова Ажар Абдугаппаровна – PhD доктор , «Биология» кафедрасының аға оқытушысы,

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, (Шымкент қ., Қазақстан, эл.пошта: Azhar.baikal79@mail.ru)

Нуржанова Шарипа – PhD доктор, «ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация» кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: nurgans@mail.ru)

**Сведения об авторах:**

Есмаханова Жаркынай(корреспондентный автор) – старший преподаватель кафедры «Биология» , Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова (г. Шымкент қ., Казахстан, эл.почта: jarkyn.74@mail.ru)

Абубакирова Ажар Абдугаппаровна – PhD доктор , старший преподаватель кафедры «Биология», Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова (г. Шымкент қ., Казахстан, эл.почта: Azhar.baikal79@mail.ru)

Нуржанова Шарипа – PhD доктор, старший преподаватель кафедры «ЮНЕСКО по журналистике и коммуникации» Казахского национального университета им. Аль-Фараби (г.Алматы,Казахстан, эл.почта: nurgans@mail.ru)

**Information about authors:**

Zharkynay Yesmakhanova(corresponding author ) -Senior Lecturer, Department of biology, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Shymkent,Kazakhstan, email: jarkyn.74@mail.ru)

Abubakirova Azhar – PhD, Senior Lecturer, Department of biology, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University (Shymkent,Kazakhstan, email: Azhar.baikal79@mail.ru)

Nurzhanova Sharipa- Senior Lecturer of the department of the UNESCO chair, International Journalism and Mass Communication of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty,Kazakhstan, email: nurgans@mail.ru)

Келін түсмі: 5.03.2024  
Қабылданды: 01.06.2024

4-бөлім  
**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ**

---

Section 4  
**INCLUSIVE EDUCATION**

---

Раздел 4  
**ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

А.С. Мағауова<sup>1</sup> , А.Д. Жомартова<sup>2\*</sup> , Р.Ж. Аубакирова<sup>2</sup> ,  
М.Е. Нурғалиева<sup>2</sup> , А.С. Сырғақбаева<sup>1</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Торайғыров университеті, Қазақстан, Павлодар қ.

\*e-mail: zhomartova\_aisulu@mail.ru

## ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ МЕНҒЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚОСУ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақстандық қоғамның талаптарына сәйкес келетін түлектің қалыптасуы мен дамуы білім беру мазмұнында көрініс табады және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы құзыреттерді айқындау арқылы ұлттық деңгейде нақтыланады. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі студенттерге тиісті білімі мен тәжірибесі бар мамандар жұмыс істейтін, сондай-ақ қажетті бағдарламалық, білім беру, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілген арнайы сараланған оқыту жүйесімен қатар білікті психологиялық-педагогикалық көмек қажет. Бұл көмек жоғары оқу орындарында да қолжетімді болуы тиіс. Университеттер білім беру процесіне тартылған студенттерді, сондай-ақ олардың оқытушылары мен ата-аналарын қолдау үшін өздерінің кадрлық, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік мүмкіндіктерін пайдалануы тиіс. Зерттеудің мақсаты – ЖОО-ның инклюзивті білім беру ортасы жағдайында денсаулық мүмкіндігі шектеулі студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау проблемасының бастапқы жай-күйін зерделеу. Осы мақсатта 194 мұғалім мен оқушы қатысқан сауалнама жүргізілді. Сауалнама Google бағдарламалық құралы арқылы әзірленді және басқарылды. Мақалада ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің IRN AR19679880 «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар ЖОО студенттерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары (Павлодар өңірінің мысалында)», IRN AR14872130 «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру» гранттық жобалары аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, инклюзивті орта, денсаулықтың шектеулі мүмкіндігі.

A.S. Magauova<sup>1</sup>, A.D. Zhomartova<sup>2\*</sup>, R.Zh. Aubakirova<sup>2</sup>,  
M.E. Nurgaliyeva<sup>2</sup> A.S. Syrgakbayeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Toraighyrov University, Kazakhstan, Pavlodar

\*e-mail: zhomartova\_aisulu@mail.ru

### The problem of creating conditions for inclusion of students with special educational needs in the process of mastering professional competences

The formation and development of a graduate who meets the requirements of Kazakhstan society is reflected in the content of education and is specified at the national level through the definition of competences in the State Mandatory Standard of Education. Currently, students with disabilities need qualified psychological and pedagogical assistance not only in a special system of differentiated education, where specialists with relevant knowledge and experience work, and there is also the necessary software, educational, methodological and logistical support. This assistance should also be available in higher education institutions. Universities should use their human, material, technical and educational-methodical capabilities to support students involved in the educational process, as well as their teachers and parents. The purpose of the research is to study the primary state of the problem of creating psychological and pedagogical conditions for the development of professional competence of students with disabilities in the inclusive educational environment of higher education institution. For this purpose, a survey was conducted in which 194 teachers and students took part. The survey was designed and conducted using Google program. The article highlights the results of research conducted under the grant projects of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN AR 19679880 "Psychological and pedagogical conditions for the development of professional

competences of university students with special educational needs (on the example of Pavlodar region)", IRN AR 14872130 "Formation of professional self-determination of students with special educational needs (SEN) as a national strategy in the field of inclusive education in the Republic of Kazakhstan".

**Keywords:** inclusive education, special educational needs, formation of professional competences, inclusive environment, limited health opportunities.

А.С. Мағауова<sup>1</sup>, А.Д. Жомартова<sup>2\*</sup>, Р.Ж. Аубакирова<sup>2</sup>,  
М.Е. Нургалиева<sup>2</sup> А.С. Сыргакбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Торайгыров университет, Казахстан, г. Павлодар

\*e-mail: zhomartova\_aisulu@mail.ru

### **Проблема создания условий для включения студентов с особыми образовательными потребностями в процесс овладения профессиональными компетенциями**

Формирование и развитие выпускника, отвечающего требованиям казахстанского общества, отражается в содержании образования и конкретизируется на национальном уровне посредством определения компетенций в Государственном общеобязательном стандарте образования. В настоящее время учащиеся с ограниченными возможностями нуждаются в квалифицированной психолого-педагогической помощи не только в специальной системе дифференцированного образования, где работают специалисты, обладающие соответствующими знаниями и опытом, а также имеется необходимое программное обеспечение, образовательная, методическая и материально-техническая поддержка. Эта помощь также должна быть доступна в высших учебных заведениях. Университеты должны использовать свои кадровые, материально-технические и учебно-методические возможности для поддержки студентов, вовлеченных в образовательный процесс, а также их преподавателей и родителей. Целью исследования является изучение первичного состояния проблемы создания психолого-педагогических условий для развития профессиональной компетентности студентов с ограниченными возможностями здоровья в условиях инклюзивной образовательной среды вуза. Для этого было проведено анкетирование, в котором приняло участие 194 преподавателей и студентов. Опрос был разработан и проведен с использованием программы Google. Статья освещает результаты исследований, проведенных в рамках грантовых Проектов Министерства науки и высшего образования РК ИРН АР19679880 «Психолого-педагогические условия развития профессиональных компетенций студентов вуза с особыми образовательными потребностями (на примере Павлодарского региона)» на ....., ИРН АР14872130 «Формирование профессионального самоопределения студентов с особыми образовательными потребностями (ООП) как национальная стратегия в области инклюзивного образования в Республике Казахстан» на 2022-2024 г.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, особые образовательные потребности, формирование профессиональных компетенций, инклюзивная среда, ограниченные возможности здоровья.

### **Кіріспе**

Қазақстандық қоғамның талаптарына жауап беретін түлектің қалыптасуы мен дамуы білім беру мазмұнында көрініс табады және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында ұсынылған құзыреттер түрінде ұлттық деңгейде нақтыланады.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кәсіби, сапалы білім алу өте маңызды. Зерттеу ісіне қатысты келесі негізгі қағидаттар айқындалды:

- ЕБҚ бар студенттерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық проблемасының бастапқы жағдайы сауалнама жүргізу арқылы анықталды;

- алынған ақпаратты анализдеу, топтастыру, жалпылау мен жіктеу арқылы ЕБҚ бар білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды.

Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі студент білікті психологиялық-педагогикалық көмек беретін арнайы сараланған оқыту жүйесінде ғана білім ала алады, себебі, бағдарламалық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз етілген оқу процесін тек осы жүйеде ғана тиісті кәсіби білімі мен тәжірибесі бар мамандар жұмыс істейді. Мұндай білім беру жүйесі, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жоғары оқу орнының қабырғасында да болуы тиіс. Жо-

ғары оқу орындарының кадрлық, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік әлеуеті білім беру процесіне енгізілген ерекше білім алуы қажет ететін студенттерді, сондай-ақ, олардың оқытушылары мен ата-аналарын қолдау үшін табысты пайдаланылуы тиіс.

Зерттеу жұмысының *өзектілігі* ЖОО-ында мүмкіндігі шектеулі студенттерді кәсіби құзыреттілікті игеру процесіне қосу үшін жағдай жасау мен оларды анықтауы қажеттілігінде. **Зерттеудің мақсаты** – мүмкіндігі шектеулі студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайдың бастапқы жай-күйін зерттеу болды. Қойылған мақсатты іске асыру келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1. ЕБҚ бар студенттерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық проблемасының бастапқы жағдайын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізу;

2. ЕБҚ бар білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау.

ЖОО-да ыңғайлы инклюзивті педагогикалық режимін ұйымдастыру қажеттілігі мүмкіндігі шектеулі студенттердің орталық жүйке жүйесінің жұмыс істеу ерекшеліктеріне байланысты, себебі мұндай студенттер тез шаршағыш және физикалық және психикалық стресске аса төзімді емес болады. Бұл олардың іс-әрекеттерінің нәтижелілігіне және соматикалық денсаулығына теріс әсер етеді.

ЕБҚ бар студенттердің психикалық белсенділігінің даму ерекшеліктері оқу жоспарларын өзгертуді, арнайы бағдарламаларды қолдануды, оқу материалын бөлуді және оның өту қарқынын өзгертуді талап етеді. Жоғарыда аталған барлық ерекшеліктер олардың білім алуға басқа студенттермен тең құқықтарын қамтамасыз ету қажеттілігін талап етеді. ЖОО-да оқытудың әр кезеңінде оқу-әдістемелік сүйемелдеу мәселелерін шешуге және әлеуметтік оңалту мен бейімделуге, кәсіби іске асыруға ықпал ететін арнайы білім беру стандарттарын әзірлеудің маңыздылығын анықтайды.

БҰҰ Бас Ассамблеясының адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында: *«Барлық адамдар өздерінің қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша еркін және тең болып туылады. Олар ақыл мен ар-ожданға ие және бір-біріне бауырластық рухында әрекет етуі керек»* делінген. Өз азаматтарының құқықтарын сақтау және қорғау жолында БҰҰ қатысушы елдер

тең мүмкіндіктерді жайластыру және кедергісіз орта құру жөнінде қажетті шаралар қабылдады (Declaration, 1948) [1].

Мүгедектерді психологиялық-педагогикалық қолдау өзектілігі олардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін жағдай жасау қажеттілігімен анықталады. Инклюзивті білім беру қағидаттарын табысты іске асыратын шет елдердің мысалында оқу-әдістемелік сүйемелдеу және ЕБҚ бар студенттерінің кәсіби маман ретінде қалыптасуына оң әсер ететін жағдайлар жасау идеясы ұсынылады. Мақаланың басты идеясы мүмкіндігі шектеулі студенттердің кәсіби жоғары білім алуға байланысты ұйымдастырылған жағдайларды анықтау арқылы қолжетімді инклюзивті жоғары білім беретін ортаны жасаудың үлгісін ұсыну, қалыпты жағдайды талқылау болмақ.

### Әдебиетке шолу

Қазақстан басқа халықаралық құқықтық актілермен қатар БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» (2016 жылы) және «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» (2017 жылы) Конвенциясын ратификациялай отырып, әрбір азаматтың қандай да бір кемсітусіз сапалы білім алу құқығын қамтамасыз етуге саяси ерік-жігерін көрсетеді (Конвенция, 1995) [2].

Конвенциялардың негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан барлық деңгейлерде (мектепке дейінгі, мектеп, ТЖКБ ұйымдарында, жоғары оқу орындарында) инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге міндеттенді. Инклюзивті білім беру дараланған мәселе емес екенін түсіну маңызды, инклюзия бүкіл білім беру жүйесінің принципі болып табылады.

Инклюзивтілік қағидатына сүйене отырып, кәсіптік білім беруді дамыту білім берудегі құндылық бағдарларын өзгертуді көздейді. Бұл көбінесе медицина қызметкерлерін, психологтарды, педагогтарды және ең алдымен әлеуметтік сала қызметкерлерін кәсіби даярлаумен байланысты. Кәсіптік білім беру теориясы мен практикасының тұжырымдамалық негіздері бірқатар ғылыми еңбектерде көрініс тапты. Инклюзивті білім беру және әлеуметтік жұмыс үшін кадрларды даярлау мәселесін зерттеуге үлес қосқан шетелдік авторлардың арасында келесілерді атау керек М. Richmond (Richmond, 1899: 65) [3], А. Salomon (Salomon, 1926: 45) [4], J. Adams (Adams, 1910: 32) [5], Ш. Рамон (Рамон, 1996:101) [6], М. Доэл (Доэл, 1997: 87) [7], Г. Бернлер (Бернлер, 1992:



240) [8], Р. Сарри (Сарри, 1996: 58) [9], Ш.К.Хиндука (Хиндука, 1996: 49) [10] және т.б.

Көптеген ғалымдардың, оқытушылардың еңбектері, сондай-ақ, студенттердің дипломдық (зерттеу) жұмыстары, университет түлектерін даярлау сапасының нақты мәселелеріне, соның ішінде ЕБҚ бар студенттерді даярлау үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды зерттеу мәселелерін анықтау үшін практикалық пайдасы бар ғылыми-теориялық ұсынымдарға арналған. Олар: Л.В. Топчий (Топчий, 1997: 20) [11], И.А.Зимняя (Зимняя, 1996: 79-82) [12], Е.И. Холостова (Холостова, 2007: 15) [13], В.И.Жуков (Жуков, 2000: 189) [14] және басқалары. ЖОО түлектерін даярлау, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту тақырыбы аясында ғылыми зерттеулер мен ізденістер бірқатар басқа ғалымдармен жүргізілді: С.В.Тетерский (Тетерский, 2002: 30) [15], С.И. Григорьев (Григорьев, 1994: 65) [16] және т.б.

Кадрларды даярлау, оның ішінде әлеуметтік сала, инклюзивті білім беру, арнайы психология мәселелерін зерттеумен айналысатын қазақстандық ғалымдар да назардан тыс қалмайды, олар Л.Т. Кожамкулова (Кожамкулова, 2007: 13-16) [17], Т.А. Морозова (Морозова, 2012: 37-41) [18], С.К. Ксембаева (Ксембаева, 2017: 90) [19], Е.Н. Жуманкулова (Жуманкулова, 2010: 27) [20], Ж.Д. Турсынбекова (Турсынбекова, 2017: 66) [21], Г.Т. Уразбаева (Уразбаева, 2016: 121) [22], С.Б. Сарбасова (Сарбасова, 2016: 52) [23] және т.б.

Университет оқу процесінде әрдайым белгілі бір себептерге байланысты оқуда қиындықтарға тап болатын студенттер болатынын және олардың қанағаттандырылуы керек ерекше білім беру қажеттіліктерін қабылдауы керек. Ерекше білім беру қажеттіліктері – бұл әр білім алушының оқудағы жетістігін қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу процесінде көмек пен қызметтерге деген қажеттілік.

ЖОО-да ЕБҚ бар студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту келесі психологиялық-педагогикалық шарттар сақталса, тиімді болады:

- мүмкіндіктердің әртүрлілігі кедергілер мен проблемалар емес, ресурстар ретінде қарастырылса, қоғамда мінез-құлықтың толерантты мәдениетін тәрбиелеуге, оқытушының педагогикалық шеберлігін жетілдіруге және оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз етуге арналған ресурстар болса;

- оқуда жоғары жетістіктері бар студенттерге ғана емес, барлық студенттерге бағытталған оқу процесі құрылса;

- білім беру процесінің барлық қатысушылары тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге тек арнайы мамандармен ғана емес (логопед, арнайы педагог, психолог, жеке көмекші) және ең алдымен кураторлармен, эд-вайзерлермен, оқытушылармен, қолдау қамтамасыз етілсе;

- студенттерге оқу процесінде көмек көрсету мәселелерін шешуде командалық тәсіл қолданылса;

- ЕБҚ бар студенттерге қолдау көрсету және көмекті ұйымдастыру кезінде оларды «өзгешелендіруден» бас тартса.

Студенттерге «инклюзивті», «ерекше», «дағдарыс жағдайдағы», «инклюзивті» деп атамай, оларға студенттер қауымдастығының толыққанды мүшелері ретінде көмек көрсетілгені дұрыс. Таңбалап-кемсітушіліктің көрінісі болмағаны жөн.

Жоғары мектеп ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыға оның жеке қажеттіліктеріне қарай табысты оқу үшін барлық қажетті жағдайлар мен қызметтерді ұсынуға міндетті.

Біз таңдаған тақырыпты негіздеу үшін шетелдік жоғары оқу орындарында мүгедектігі бар адамдар үшін кәсіптік білімнің қолжетімділігін толығырақ қарастырғанды жөн деп есептедік. Шетелдік жоғары білімнің ерекшелігі – бірде-бір еуропалық (және тек қана олар емес) оқу орнының мүгедек адамдарға кәсіптік білім беруден бас тартуға құқығы жоқтығында. Әйтпесе, бұл адам құқықтары туралы Конвенцияға қайшы келеді. Әлемнің жетекші жоғары оқу орындары білім берудің жоғарғы сатысында инклюзияны қолдаудың әртүрлі формаларын қолданады. Біріншіден: қалаған мамандықты алу үшін әртүрлі жеңілдіктер беріледі, екіншіден, университеттерде ЕБҚ бар білім алушыларға оқытуда барлық көмек көрсететін ұйымдар (орталықтар, қызметтер және т.б.) бар.

Әр түрлі елдердегі мүгедектік типологиясы туралы мәселені бөлек айту қажет деп санаймыз. Кейбір елдер, Испания, Италия сияқты, денсаулығындағы бұзылулардың түрлері бойынша әдеттегі бізге танымал (біздің елде 1-4 мүгедектік топтары) жіктеуді іс жүзінде қолданбайды, мысалы: есту қабілетінің бұзылуы, дислексия, дискалькулия және т. б. орнына мүгедектік пайыздық көрсеткіштермен есептеледі (Италияда адам егер ол 66% – ға қабілетсіз болса мүгедек

болып саналады, ал Испанияда 33%), оны сол елдердің денсаулық сақтау органдары анықтайды. АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, Бельгия сияқты елдерде денсаулыққа қатысты шектеулердің жіктелуі ұқсас. Зияткерлік және өзге де қабілеттерге сәйкес ЕБҚ бар адамдар материалдық жағынан да (жәрдемақылар, стипендиялар) мемлекеттік, меценаттық, қамқоршылық және басқа да көмекке үміткер бола алады, мысалы: оқуға грант алу, ұсынылған білім беру қызметтері үшін ақы төлеу кезінде жеңілдіктер алу және т. б. ЕБҚ бар студенттерге арналған талаптардың сақталуы және кәсіптік білім алу құқықтарының бұзылуына жол бермеу үшін әр университетте осы процесті бақылайтын амбудсмен жұмыс істейді (Богинская, 2016: 38) [24].

Бұл зерттеудің жаңалығы оқу орындарында ЕБҚ бар студенттерді қолдаудың әлемдік тәжірибесіне негізделгенінде. Мысалы, Оломоуц қаласындағы Палацкий университетінде (Чехия Республикасы) мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау орталығы жұмыс істейді, онда олар оқу материалын олардың түсінігі мен қабілеттеріне қол жетімді форматқа ауыстыру бойынша тегін қызметтер ала алады. Сонымен қатар, Чехияда білім алушыларға да, тәрбиешілер мен ата-аналарға да қолдау көрсететін әртүрлі мамандардан тұратын қауымдастық жұмыс істейді.

Әр түрлі оқу орындарының инклюзивтілікті қолдаудың өзіндік формалары бар. Сонымен, АҚШ-тың әртүрлі университеттерінде білім алушыларды оқытуда қолдайтын ұйымдар әртүрлі аталады, бірақ іс жүзінде бірдей қолдау көрсетеді: Сэм Хьюстон мемлекеттік университетіндегі «мүгедектерге қызмет көрсету жөніндегі кеңес беру орталығы», Миннесота университетіндегі «мүгедектерге қолдау көрсету орталығы», Ашевилдегі Солтүстік Каролина университетіндегі «мүгедектерге қызмет көрсету басқармасы» бар. Ұлыбританияда Эдинбург университетінде «мүгедектерге қызмет көрсету» бар, Йоркширдегі ашық университетте «мүгедек студенттерге, мүгедектерге және қосымша қажеттіліктерге қызмет көрсету қызметі» бар. Германияның жоғары оқу орындарында да осындай ұйымдар бар: Вупперталь университетінде «мүгедектер мен созылмалы науқастарға арналған қызмет», Берлин техникалық университетінде «мүмкіндігі шектеулі және созылмалы аурулары бар студенттерге арналған қызмет» бар. Көріп отырғанымыздай, әлемнің жетекші университеттері әртүрлі ерекшеліктері бар студенттерге әр түрлі жолдармен қамқорлық көрсетеді, қажетті қол-

дауды ұйымдастырады, қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасайды.

ЕБҚ бар білім алушыларды олардың кәсіби қалыптасуында қолдау Қазақстан Республикасында да аса басым міндет болып табылады. Қазіргі уақытта мамандандырылған мектептердің түлектері колледждер мен жоғары оқу орындарының қабырғаларында қажетті кәсіптік даярлықтан өтуге мүмкіндік беретін бағдарламаның ерекшеліктері туралы белгілері бар орта білім туралы аттестаттар ала алады. Бұл ретте әрбір оқу орнының (колледждердің, университеттердің, институттардың) болашақ мамандардың әлеуетін ашу және кәсіби құзыреттерін дамыту үшін қажетті психологиялық-педагогикалық жағдайлары бола бермейді. ЕБҚ бар білім алушыларды оқыту және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту бойынша оқытушылардың білімінің жетіспеушілігі байқалады, сондай-ақ, олардың кәсіби әлеуетін дамытуға кедергі келтіретін қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайларды ұйымдастыру туралы нақты түсінік жоқ.

### Зерттеу әдістері

Бұл зерттеудің әдістемесі әлемдік тәжірибеде жинақталған теориялық және практикалық зерттеулерге негізделген. «Инклюзивті білім беру – бұл әртүрлілікті, әртүрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді, оқушылар мен қауымдастықтарды оқытудағы сипаттамалар мен үміттерді ескере отырып, барлығына сапалы білім беруді қамтамасыз етуге, кемсітушіліктің барлық түрлерін жоюға бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі» (ЮНЕСКО 2008).

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар ЖОО студенттерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары (Павлодар өңірінің мысалында)» жобасы шеңберінде біз ЕБҚ бар студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау проблемасының бастапқы жайкүйін зерделеу мақсатында сауалнама жүргізу туралы шешім қабылданды. Ол үшін Google формасын қолдану арқылы сауалнама жасалды және жүргізілді. Зерттеу әдістері ретінде университеттегі студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық жағдайлары бойынша алынған ақпаратты анализдеу, топтастыру, жалпылау мен жіктеу арқылы ЕБҚ бар білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды. Сауалнама сұрақта-


рына берілген респонденттер жауаптары зерттеу жүргізушілерге өзіндік сапалық тұрғыдан сараптау жүргізуге мүмкіндік берді. Бұл сараптама нәтижелері әр сұрақ бойынша авторлардың түйіндеген пікірінен тұрады.

### Нәтижелер және талқылау

Әзірленген сауалнама Қазақстанның жоғары оқу орындарына ішкі арналар арқылы жіберілді. Респонденттер ретінде жоғары оқу орындарының студенттері де, оқытушылары да қатысты.

Сауалнамаға барлығы 194 респондент қатысты: оқытушылардың 14,4% және студенттердің 85,6% жауап берді. Респонденттердің көп бөлігін өз бақылауларына сүйене отырып жауап берген студенттер құрғанын ерекше атап кеткен жөн.

Келесі сұрақ университеттегі инклюзивті білім беру мәселесінің қаншалықты өзекті екенін білуге бағытталған еді. Сауалнамаға қатысқандардың 74,7 %-ы «иә», өзекті деп жауап берді. Бұл көрсеткіш респонденттердің мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқыту проблемасы туралы хабардарлығын көрсетеді.



1-сурет – Сауалнаманың бірінші сұрағының нәтижелері



2-сурет – Сауалнаманың екінші сұрағының нәтижелері

ЖОО-да мүгедек студенттерді оқыту үшін жасалған жағдайлар туралы мәселе оқу орындарында қолжетімділікті ұйымдастырудың

қазіргі жай-күйін анықтауға көмектесті. Айта кету керек, сауалнамаға қатысқандардың 50% – ы мүгедек студенттерді оқу орындарында оқы-


ту үшін жасалған тиісті жағдайлардың барына назар аударды. Сауалнамаға қатысқандардың 37,6%-ы жағдай жасаламаған деп жауап берді және тек 12,4%-ы ЖОО әкімшілігі инклюзивті білім беру мәселесін ішінара шешіп жатқандығын көрсетті.

Респонденттердің жауаптарын талдау мүгедек студенттерді оқыту үшін қажетті жағдайлар жасаудың әлі шешілмеген проблемаларының бар екендігін көрсетті.

«Сіздің ЖОО-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін оқытуды оқу-әдістемелік сүйемелдеу (силлабустар, оқу құралдары, оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар) бар ма?» деген сұраққа респонденттердің 78,9%-ы «иә», 21,1%-ы «жоқ» деп жауап берді. Бұл деректер университеттердің 21,1% оқу материалдарына түзетулер енгізбейді және оларды ерекшеліктері бар студенттерге бейімдемейді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.



3-сурет – Сауалнаманың үшінші сұрағының нәтижелері



4-сурет – Сауалнаманың төртінші сұрағының нәтижелері

Келесі сұрақ алдыңғы сұрақпен байланысты және ол силлабустарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған әдістемелік нұсқаулар бар екенін көрсетеді, «бар» деп сауалнамаға қатысқандардың 71,6% жауап берсе, қалғандары олардың жоқтығын көрсетті.

ЖОО кітапханаларында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған оқулықтар, оқу құралдары, мамандықтар туралы кітаптар «бар» деп 58,2%, 33% «жоқ» деп жауап берді, 8,8% аз мөлшерде деп жауап берді.



5-сурет – Сауалнаманың бесінші сұрағының нәтижелері



6-сурет – Сауалнаманың алтыншы сұрағының нәтижелері

Респонденттердің жауаптарына сүйенсек, оқу үшін балама ақпарат көздерінің тапшылығын аңғаруға болады. ЕБӨ бар студенттің кәсіби сапалы білім алуына негіз болатын тиісті әдебиеттер мен ақпарат көздері болуы шарт, онсыз кәсіби сапалы дайындық туралы сөз қозғауға болмайды.

### Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жоғары оқу орындарындағы инклюзивті білімнің бейнесін негізінен студенттердің жеке көзқарасына негізделі көруге көмектесті, себебі респонденттердің көбі студенттер қауымы құрған болатын. Еліміздің жоғары оқу орындарында ЕБҚ бар студенттерді оқыту үшін қажетті жағдайлар көп нәрсені қалайды. Айта кету керек, сауалнама нәтижелері ЖОО инклюзивті білім беруге арналған жағдайлардың нашар емес екенін көрсетеді. Дегенмен,

алынған мәліметтер ЖОО-да инклюзивті білім беру саласында әлі де шешілуін қажет ететін мәселелердің баршылығын көрсетеді. Респонденттердің жауаптарын талдай отырып, субъективті факторды да ескеру қажет, неғұрлым толық және шынайы жауап алу үшін респондент жоғары оқу орындарында мінсіз нысаны бар, қол жетімді ортасы бар мүгедек студенттерге оқытуды ұйымдастырудың балама бейнесі туралы ақпаратқа ие болуы керек еді.

Айта кетелік, Павлодар өңірінде 5 мыңға жуық мектеп жасына дейінгі және 7 мың мектеп жасындағы ерекше қажеттіліктері бар балалар бар. Олардың саны жыл сайын артып келеді. Олардың көпшілігі кәсіптік білім алуға ниет білдіруі мүмкін. Қазіргі ЖОО-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер саны артып келеді. Бүгінгі таңда Торайғыров университетінде 51-ге жуық ЕБҚ бар студент оқиды. Сондықтан ЖОО ЕБҚ бар студенттердің өсіп келе

жатқан санын ескеріп, оларға кәсіптік білім алу үшін жағдай жасалуы керек. Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру ісі, ЕБҚ бар студенттерге психологиялық-педагогикалық және оқу-материалдық жағдай жасағанда ғана орындалады.

Сонымен, зерттеу мақсатына сәйкес қойылған міндеттер шешілді деп айтуға болады. Біріншіден, мүмкіндігі шектеулі студенттерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау проблемасының бастапқы жай-күйін анықталды. Екінші міндетті шешуде төменде көрсетілген шарттарды атап кетуге болады.

ЖОО-да ЕБҚ бар студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі психологиялық-педагогикалық шарттары мыналар болып табылады:

1. Даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға толерантты қатынасы қалыптасқан студенттік ортаны құру;

2. ЖОО-ның білім беру ортасында ЕБҚ бар студентті білім беру процесіне енгізудің әртүрлі нұсқалары және әрбір білім алушы үшін, оны дамыту үшін кәсіби даярлыққа кіріктірудің мүмкіндігі және пайдалы нұсқасын таңдау мүмкіндігі көзделуі тиіс;

3. ЕБҚ бар студенттерін психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау;

4. Дамуында мүмкіндіктері шектеулі адамдарды кәсіби еңбекке даярлау;

5. ЕБҚ бар студенттердің білім алуын бағдарламалық-әдістемелік және оқу-дидактикалық қамтамасыз ету;

6. Кадрлық қамтамасыз ету. Тиімді инклюзивті білім беру жалпы білім беретін және арна-

йы (түзету) білім беру ұйымдарының оқытушыларын арнайы даярлауды талап етеді;

7. ЕБҚ бар студенттердің ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ЖОО-ын материалдық-техникалық жабдықтандыру;

8. ЕБҚ бар студенттерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселелеріне арналған арнайы ғылыми зерттеулер жүргізу.

Студенттердің өмір сүруінің ыңғайлы ортасы тиісті оқу-материалдық базаны талап етеді. ЖОО-да естуді күшейтетін құрылғылары бар аудиториялар, оқу кабинеттері, түзету ритмикасымен айналысуға арналған залы, оқу шеберханалары, жеке сабақтарға арналған бөлмелері, сондай-ақ арнайы компьютерлік бағдарламалар, спорттық керек-жарақтар мен оқу кітапханасы, оқу және тұрмыстық жиһаз болуы тиіс. Міндетті түрде медициналық блок, изолятор, асхана, ЕБҚ бар студенттерге арналған дәретханалар болуы керек. Сондықтан, Қазақстан университеттерінде инклюзивті білім беру жағдайы жақсы дамыған жетекші университеттер секілді жағдай жасалуы тиіс. Ел өз азаматтарына қажетіне қарай тиісті сапалы білім бере алатын жағдайға дейін көтерілуі шарт.

### Ризашылық, мүдделер қақтығысы

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар ЖОО студенттерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбында ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландырудың 2023-2025 жылдарға арналған АР19679880 ЖЖ негізінде жария етіледі.

### Әдебиеттер

1. Universal Declaration of Human Rights, 1948.
2. Конвенция «О правах и основных свободах человека», 1995.
3. Richmond M.E. Friendly visiting among the poor, a handbook for charity workers by Mary Ellen Richmond. – NY.: The MacMillan Company, 1899. – 125 p.
4. Salomon A. Soziale Diagnose // Die Wohlfahrtspflege in Einzeldarstellungen. – Berlin, 1926. – S. 87.
5. Adams J. Twenty Years at Hull-House by Jane Adams. – Chicago: Franklin Library, 1910. – 79 p.
6. Рамон Ш., Сарри Р. Исследование и обучение с точки зрения перспектив клиентов и опекунов / пер. с англ. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 157 с.
7. Доэл М., Шардлоу С. Обучение практике социальной работы. Международный взгляд и перспективы / пер. с англ. – М.: Аспект Пресс, 1997. – 223 с.
8. Бернлер Г., Юнссон Л. Теория социально-психологической работы. – М.: Институт социальной работы, 1992. – 342 с.
9. Сарри Р., Рамон Ш. Отбор студентов и обучение их социальной работе / пер. с англ. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 156 с.
10. Хиндука Ш.К., Сарри Р. О возможных путях развития системы подготовки социальных работников в России / пер. с англ. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 157 с.
11. Топчий Л.В. Кадровое обеспечение социальных служб: состояние и перспективы развития. – М.: ИСР, 1997. – 49 с.

12. Зимняя И.А. Функционально-ролевой репертуар и методы социальной работы // Российский журнал социальной работы. – 1996. – №1. – С. 79-82.
13. Холостова Е.И. Профессионализм в социальной работе: учеб. пос. – М.: Дашков и К, 2007. – 29 с.
14. Жуков В.И. Социальная политика: парадигмы и приоритеты: монография – М.: Союз, 2000. – 312 с.
15. Тетерский С.В. Введение в социальную работу: учеб. пос. – М.: Академ. проект, 2002. – 37 с.
16. Григорьев С.И., Гусякова Л.Г. Теория и методология социальной работы: учеб. пос. – М.: Наука, 1994. – 89 с.
17. Кожамкулова Л.Т., Судакова Г.Г. Статья «Статус профессии «социальный работник» в Казахстане: желаемое и действительное» // Психология. Социология. Политология. – 2007. – №10-11. – С. 13-16.
18. Морозова Т.А. Эффективность использования инновационных методик для подготовки специалистов по социальной работе в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. – 2012. – №1(40). – С. 37-41.
19. Ксембаева С.К., Мустафина С.С. Практикум социального работника: учеб. пос. – Павлодар: Кереку, 2017. – 108 с.
20. Жуманкулова Е.Н. Элеуметтік жұмыстың кәсіби-этикалық негіздері: оқу-әдіст. құр. – Павлодар, 2010. – 55 б.
21. Турсынбекова Ж.Д. Формирование профессиональных компетенций социального работника при оказании социальных услуг в сфере здравоохранения Республики Казахстан: дис. ... док. по профилю: 6D090500. – Астана, 2017. – 182 с.
22. Уразбаева Г.Т. Профессионально-этические основы деятельности социального работника: монография. – Астана, 2016. – 180 с.
23. Сарбасова С.Б. Зарубежный и казахстанский опыт подготовки социальных работников: учеб. пос. – Астана: Изд. КазУЭФМТ, 2016. – 188 с.
24. Богинская Ю. В. Службы сопровождения студентов с инвалидностью в высших учебных заведениях за рубежом // Инновационная наука. – 2016. – №. 8-2. – С. 114-117.

### References

- Adams, J. (1910). *Twenty Years at Hull-House by Jane Adams*. Chicago: Franklin Library.
- Bernler, G., & Yunsson, L. (1992). *Teoriya sotsial'no-psikhologicheskoy raboty* [Theory of socio-psychological work]. Moscow: Institute of Social Work.(in Russian)
- Boginskaya, Yu. V. (2016). Sluzhby soprovozhdeniya studentov s invalidnost'yu v vysshikh uchebnykh zavedeniyakh za rubezhom [Support services for students with disabilities in higher education institutions abroad]. *Innovatsionnaya nauka* [Innovative Science], (8-2), 114-117. (in Russian)
- Convention “O pravakh i osnovnykh svobodakh cheloveka” [Convention “On the Rights and Fundamental Freedoms of Man”]. (1995). (in Russian)
- Doel, M., & Shardlow, S. (1997). *Obuchenie praktike sotsial'noy raboty. Mezhdunarodnyy vzglyad i perspektivy* [Teaching social work practice. International view and perspectives]. (Translation from English). Moscow: Aspect Press. (in Russian)
- Grigor'ev, S. I., & Guslyakova, L. G. (1994). *Teoriya i metodologiya sotsial'noy raboty: ucheb. pos.* [Theory and methodology of social work: textbook]. Moscow: Nauka. (in Russian)
- Khinduka, S. K., & Sarri, R. (1996). *O vozmozhnykh putyakh razvitiya sistemy podgotovki sotsial'nykh rabotnikov v Rossii* [On possible ways of developing the training system for social workers in Russia]. (Translation from English). Moscow: Aspect Press. (in Russian)
- Kholostova, E. I. (2007). *Professionalizm v sotsial'noy rabote: ucheb. pos.* [Professionalism in social work: textbook]. Moscow: Dashkov i K. (in Russian)
- Kozhamkulova, L. T., & Sudakova, G. G. (2007). *Status professii “sotsial'nyy rabotnik” v Kazakhstane: zhelaemoe i deystvitel'noe* [The status of the “social worker” profession in Kazakhstan: desired and actual]. *Psikhologiya. Sotsiologiya. Politologiya* [Psychology. Sociology. Political Science], (10-11), 13-16. (in Russian)
- Ksembaeva, S. K., & Mustafina, S. S. (2017). *Praktikum sotsial'nogo rabotnika: ucheb. pos.* [Social worker's practical course: textbook]. Pavlodar: Kereku. (in Russian)
- Morozova, T. A. (2012). *Effektivnost' ispol'zovaniya innovatsionnykh metodik dlya podgotovki spetsialistov po sotsial'noy rabote v Respublike Kazakhstan* [Effectiveness of using innovative methods for training social work specialists in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik KazNU*, (1) (40), 37-41. (in Russian)
- Ramon, S., & Sarri, R. (1996). *Issledovanie i obuchenie s tochki zreniya perspektiv klientov i opekunov* [Research and training from the perspective of clients and caregivers]. (Translation from English). Moscow: Aspect Press. (in Russian)
- Richmond, M. E. (1899). *Friendly visiting among the poor, a handbook for charity workers by Mary Ellen Richmond*. NY: The MacMillan Company.
- Salomon, A. (1926). *Soziale Diagnose. Die Wohlfahrtspflege in Einzeldarstellungen*, 87.
- Sarbasova, S. B. (2016). *Zarubezhnyy i kazakhstanskiy opyt podgotovki sotsial'nykh rabotnikov: ucheb. pos.* [Foreign and Kazakh experience in training social workers: textbook]. Astana: Izdat. KazUEFMT. (in Russian)
- Sarri, R., & Ramon, S. (1996). *Otbor studentov i obuchenie ikh sotsial'noy rabote* [Selection of students and training them in social work]. (Translation from English). Moscow: Aspect Press. (in Russian)
- Teterskiy, S. V. (2002). *Vvedenie v sotsial'nuyu rabotu: ucheb. pos.* [Introduction to social work: textbook]. Moscow: Akadem. proekt. (in Russian)
- Topchiy, L. V. (1997). *Kadrovoye obespechenie sotsial'nykh sluzhb: sostoyanie i perspektivy razvitiya* [Staffing of social services: state and development prospects]. Moscow: ISR. (in Russian)

Tursynbekova, Zh. D. (2017). Formirovanie professional'nykh kompetentsiy sotsial'nogo rabotnika pri okazanii sotsial'nykh uslug v sfere zdoravookhraneniya Respubliki Kazakhstan [Formation of professional competences of a social worker in providing social services in the healthcare sector of the Republic of Kazakhstan]. Doctoral dissertation (PhD), Astana. (in Russian)

United Nations. (1948). Universal Declaration of Human Rights.

Urazbaeva, G. T. (2016). Professional'no-eticheskiye osnovy deyatelnosti sotsial'nogo rabotnika: monografiya [Professional and ethical foundations of the social worker's activity: monograph]. Astana. (in Russian)

Zhukov, V. I. (2000). Sotsial'naya politika: paradigmy i priority: monografiya [Social policy: paradigms and priorities: monograph]. Moscow: Soyuz. (in Russian)

Zhumankulova, E. N. (2010). Áleumettik zhúmýshtyń kásibi-etikalıq negızderi: oqú-ádist. qúr. [Professional and ethical foundations of social work: educational and methodological manual]. Pavlodar. (in Kazakh)

- Florian, L., & Linklater, H. (2010). Preparing teachers for inclusive education: Using inclusive pedagogy to enhance teaching and learning for all. *Cambridge Journal of Education*, 40(4), 369-386.
- Karakulova E.V. (2021). Pedagogicheskie usloviia ispolzovaniia informatsionno kommunikativnykh tekhnologii i distantsionnykh form raboty v deiatel'nosti uchitel'ia-logopeda [Pedagogical conditions for the use of information and communication technologies and remote forms of work in the activities of a speech therapist teacher], *Spetsialnoe obrazovanie [Special education]*, no 4, p. 170-174 (in Russian)
- Khalykova B.S., Kenzheeva A.K. (2014). Proektirovanie individualno-razvivaiushchei programmy dlia detei rannego vozrasta s ogranichennymi vozmozhnostiami v razvitii [Designing an individual development program for young children with developmental disabilities], *Almaty*, P.56 (in Russian)
- Lynskaia M.I. (2006). Organizatsiia logopedicheskoi pomoshchi s ispolzovaniem kompiuternykh programm [Linskaya M.I. Organization of speech therapy assistance using computer programs], *Logoped v detskom sadu [Speech therapist in kindergarten]*, no 6 (13) (in Russian)

Mikhailchenko, K.A. (2012). Inkluzivnoe obrazovanie – problemy i puti resheniia [Inclusive education – problems and solutions], Teoriia i praktika obrazovaniia v sovremennom mire: materialy mezhdunar. nauch. konf. [Theory and practice of education in the modern world: materials of the international. scientific conf.], St. Petersburg: Renome, p. 70-79 (in Russian)

Sapaly barlygyna koljetimdi (2023). Mugalimderdin birinshi sezine ltyk baiandamanyn jobasy. Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrlygi [Quality is available to everyone. The draft of the national report to the first congress of teachers. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan], Astana, P.3 (in Kazakh)

Shabanova B.A. (2011). Speech therapy negizderi [Basics of speech therapy], Oku kural [tutorial], Pavlodar P.56 (in Kazakh)

Suleimenova R.A. (2002). Sotsialnaia korrektsionno-pedagogicheskaiia podderzhka kak put integratsii detei s ogranichenymi vozmozhnostiami [Social correctional and pedagogical support as a way to integrate children with disabilities], Problemy vklucheniia detei so spetsialnymi obrazovatelnyimi potrebnoostiami v obshcheobrazovatelnyi protsess [Problems of including children with special educational needs in the general education process], Almaty, Rarity p. 9-17 (in Russian)

Tsang, J. T. Y., So, M. K. P., Chong, A. C. Y., Lam, B. S. Y., & Chu, A. M. Y. (2021). Higher education during the pandemic: The predictive factors of learning effectiveness in COVID-19 online learning. Education Sciences, 11(8), 446.

Zalizan, M. J. (2010). Learner diversity and inclusive education: A new paradigm for teacher education in Malaysia. Procedia Social and Behavioral Sciences, 7, 201-204.

Zhalmukhamedova A.K. (2018). Okazanie rannei korrektsionno-razvivaiushchei pomoshchi detei s ogranichenymi vozmozhnostiami [Providing early correctional and developmental assistance to children with disabilities], Ed. Suleimenova R.A., Almaty, P.60 (in Russian)

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Есенғұлова Мейрамгүл (корреспондент автор) – педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл. пошта: ms.miko77@mail.ru)*

*Рамазанова Динара – философия докторы (Ph.D), жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл. пошта: rdj\_82@mail.ru)*

*Тогайбаева Айгүлден – педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл. пошта: aikat\_76@mail.ru)*

*Ертлеуова Бактыгүл – педагогика ғылымдарының магистрі, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл.пошта: byertleuova@zhubanov.edu.kz)*

*Аманжол Марина – педагогика ғылымдарының магистрі, мектепке дейінгі және бастауыш оқыту кафедрасының оқытушысы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, эл. пошта: aydana.ayzharykova@mail.ru)*

#### **Сведения об авторах:**

*Есенғұлова Мейрамгүл (корреспондентный автор) – кандидат педагогических наук, доцент кафедры общей педагогики и менеджмент в образовании, Актобинский региональный университет имени К.Жубанова (г. Актобе, Казахстан, эл. почта: ms.miko77@mail.ru)*

*Рамазанова Динара – доктор философии (Ph.D), доцент кафедры общей педагогики и менеджмент в образовании, Актобинский региональный университет имени К.Жубанова (г. Актобе, Казахстан, эл. почта: rdj\_82@mail.ru)*

*Тогайбаева Айгүлден – кандидат педагогических наук, доцент кафедры общей педагогики и менеджмент в образовании, Актобинский региональный университет имени К.Жубанова (г. Актобе, Казахстан, эл. почта: aikat\_76@mail.ru)*

*Ертлеуова Бактыгүл – магистр педагогических наук, Актобинский региональный университет имени К.Жубанова (г.Актобе, Казахстан, эл.почта: byertleuova@zhubanov.edu.kz)*

*Аманжол Марина – магистр педагогических наук, преподаватель кафедры дошкольного и начального обучения, Актобинский региональный университет им. К. Жубанова (г. Актобе, Казахстан, эл. почта: aydana.ayzharykova@mail.ru)*

#### **Information about authors:**

*Yessengulova Meiramgul (corresponding author) – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of General Pedagogy and Management in Education, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, email: ms.miko77@mail.ru)*

*Ramazanova Dinara – Doctor of philosophy (Ph.D), Associate Professor of the Department of General Pedagogy and Management in Education, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, email: rdj\_82@mail.ru)*

*Togaibayeva Aigulden – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of General Pedagogy and Management in Education, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, email: aikat\_76@mail.ru)*

*Baktygul Yertleuova – master of Pedagogical Sciences, K.Zhubanov Aktobe Regional University (Aktobe, Kazakhstan, email: byertleuova@zhubanov.edu.kz)*

*Amanzhol Marina – Master of Pedagogical Sciences, teacher of the Department of Preschool and Primary Education, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, e-mail: aydana.ayzharykova@mail.ru)*

Келін түсті: 26.04.2024

Қабылданды: 01.06.2024

Ә.М. Құдайбергенова\* , А.Қ. Курманбек ,

А. А. Меирбекова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: aliya.malykovna@mail.ru

## УНИВЕРСИТЕТТІҢ ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің университеттің инклюзивті ортасын ұйымдастыру негізінде әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу мәселелері қарастырылады. Зерттеу тақырыбы еліміздегі инклюзивті білім беру саласының өзектілігі негізінде алынған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтары негізге алынған еліміздің нормативтік-құқықтық, заңнамалық құжаттары мен арнайы даму бағдарламаларына да сипаттама жасалған. Зерттеудің мақсаты ретінде университеттің инклюзивті ортасын ұйымдастыру негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің ғылыми негіздемесі алынды. Мақалада зерттеу тақырыбын қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасала отырып, ондағы әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу ұғымының мәні қарастырылады. Әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің деңгейлері мен сатыларына талдау жасалды. Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуді тиімді жүргізуге қажетті мәселелерді анықтау мақсатында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерден арнайы құрастырылған сауалнама, К. Роджерс пен Р. Даймонд әлеуметтік психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі жүргізілді. Тәжірибеге ерекше білім беру қажеттіліктері бар 11 студент және денсаулық жағдайы «шартты түрде» қалыпты 15 студент қатысты. Әдістемелер нәтижелері талданып, зерттеудің қорытындысы жасалды. Сондай-ақ, зерттеу қорытындысы негізінде ұсыныстар жасалды.

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, инклюзивті орта, университеттің инклюзивті ортасы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) студенттер, әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу.

A.M. Kudaibergenova\*, A.K. Kurmanbek, A.A. Meirbekova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: aliya.malykovna@mail.ru

### Socio-pedagogical support of students with special educational needs based on the organization of an inclusive university environment

The article discusses the issues of socio-pedagogical support for students with special educational needs based on the organization of an inclusive University environment. The research topic is based on the relevance of the field of inclusive education in the country. The characteristics of normative legal, legislative documents and special development programs of the country, on which the rights of students with special educational needs are based, have also been developed. As the purpose of the study, a scientific justification was obtained for the socio-pedagogical support of students with special educational needs based on the organization of an inclusive University environment. The article examines the essence of the concept of socio-pedagogical support in it with an analysis of the works of domestic and foreign scientists who considered the research topic. The analysis of the levels and stages of socio-pedagogical support is carried out. In the practical part of the study, in order to identify the problems necessary for effective socio-pedagogical support, a specially compiled survey of students with special educational needs, a methodology for diagnosing the socio-psychological adaptation of K. Rogers and R. Diamond were conducted. 11 students with special educational needs and 15 students with a «conditionally» normal state of health took part in the practice. The results of the methods are analyzed and the results of the study are summarized. Recommendations were also developed based on the results of the study.

**Keywords:** inclusive education, inclusive environment, inclusive environment of the university, students with special educational needs (SEN), social and pedagogical support.

А.М. Құдайбергенова\*, А.К. Курманбек, А.А. Меирбекова  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы  
\*e-mail: aliya.malykovna@mail.ru

### Социально-педагогическое сопровождение студентов с особыми образовательными потребностями на основе организации инклюзивной среды университета

В статье рассматриваются вопросы социально-педагогического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями на основе организации инклюзивной среды Университета. Тема исследования взята на основе актуальности сферы инклюзивного образования в стране. Также разработана характеристика нормативно-правовых, законодательных документов и специальных программ развития страны, на которых базируются права обучающихся с особыми образовательными потребностями. В качестве цели исследования было получено научное обоснование социально-педагогического сопровождения студентов с особыми образовательными потребностями на основе организации инклюзивной среды Университета. В статье рассматривается сущность понятия социально-педагогического сопровождения в ней с анализом работ отечественных и зарубежных ученых, рассматривавших тему исследования. Проведен анализ уровней и стадий социально-педагогического сопровождения. В практической части исследования с целью выявления проблем, необходимых для эффективного проведения социально-педагогического сопровождения, были проведены специально составленный опрос студентов с особыми образовательными потребностями, методика диагностики социально-психологической адаптации К. Роджерса и Р. Даймонда. В практике приняли участие 11 студентов с особыми образовательными потребностями и 15 студентов с «условно» нормальным состоянием здоровья. Проанализированы результаты методик и подведены итоги исследования. Также на основании результатов исследования были выработаны рекомендации.

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, инклюзивная среда, инклюзивная среда университета, студенты с особыми образовательными потребностями (СОП), социально-педагогическое сопровождение.

#### Кіріспе

Елімізде кез келген азаматтың білім алуына ешқандай кедергі туындамайды. Себебі, қазіргі таңда Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың маңызды болып табылатын басымдықтарының қатарына барлық адамдардың білім алу құқықтарының тендігі жатады. Сондай-ақ, еліміздің «Білім туралы» заңында: «Мемлекет өз тарапынан ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың дамуы мен білім алуын, сонымен қатар дамуындағы және әлеуметтік бейімделуіндегі бұзылыстарын түзетуін қамтамасыз ету және ата-аналардың балалардың мүмкіндігі мен ерекшеліктеріне орай қалауы бойынша білім беру мекемесін таңдау құқығы бекітілген», – делінген (Білім туралы заң)[1]. Білім алушылардың білім алуында теңдей құқықтарының сақталуының басты алғышарты – инклюзивті орта.

ЮНЕСКО-ның әдістемелік материалдарына сәйкес, инклюзивті (кіріктіре) білім беру дегеніміз – барлық білім алушылар дене, психикалық, зерде, мәдени-этникалық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беру жүйесіне қосылып, өз құрбыларымен қатар бір жалпы білім беру мекемесінде білім алуын көздейтін

білім беру үдерісін ұйымдастыру. Бұл жағдайда білім беру мекемелері білім алудағы ерекше қажеттіліктерді ескеріп, өз білім алушыларына қажетті арнайы қолдауды жүзеге асырады.

Инклюзивті білім берудің заманауи міндеті интеллектуалды дамуды, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерді ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуді қарастырады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасы» сынды құқықтық-нормативтік құжаттар арқылы міндеттелген инклюзивті білім беру үрдісі педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне қойылатын талаптарды күшейтеді. 2017 жылы қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының «Педагог» кәсіби стандарты барлық деңгейдегі педагогтардың инклюзивті білім беру саласында арнайы біліктіліктерді меңгеруін міндеттейді. Осы ретте, көңіл аударуды қажет ететін маңызды шарт – ерекше білім қажеттілігі бар білім алушылардың сапалы білім алу құқықтарының тендігін қамтамасыз етудің педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік педагогикалық мәселелері. Ол – ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптары аясында

білім бағдарламаларын меңгеру ерекшеліктеріне байланысты, оқу материалдары мен ресурстарын бейімдеу сынды күрделі мәселелерден бастап, ерекше білім қажеттілігі бар білім алушылар категорияларының психофизиологиялық даму ерекшеліктері, олардың қабылдау деңгейлеріне орай күнделікті тапсырмаларын дайындау, оқу жетістіктерін бағалау критерийлері мен дескрипторларды құру, білім алушылар ұжымындағы моральды-психологиялық ахуалды бақылау және реттеу, ерекше білім қажеттілігі бар білім алушыны қолдау, өзара қарым-қатынастар жүйесі және бірлескен іс-әрекеттерді басқару және т.б. іс-әрекеттерді қамтиды (Білім туралы заң) [1].

Елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын қорғау халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі. Олардың қатарына Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Балалар құқықтары туралы», «Мүгедектер құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету деңгейі қолдау туралы» Заңы және «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» (13.01.2014 жылғы өзгертулерімен және толықтыруларымен) ҚР Кодексі, Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының қызметі жөніндегі Типтік ережелер», «Білім беру саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы сынды нормативтік құжаттар мен актілерді жатқыза аламыз. Аталған ҚР Заңдары мен халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға толықтай мүмкіндіктер жасалғандығының дәлелі болады.

Қазақстан Республикасындағы Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2025 жылға дейін еліміздің жоғары оқу орындарының 70%-ы инклюзивті білім беру үшін толықтай жағдай жасалған болуы керек, сол себепті де белгіленген мерзімге дейін университеттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін инклюзивті ортаны құруы керек. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Жоғары оқу орын-

дарында инклюзивті білім беру: стратегиялар, тәжірибелер, ресурстар» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясында ҚазҰУ Басқарма мүшесі Н. Айдосов «Инклюзивті ортаны құру, ол – пандустардың болуы ғана емес, есту қабілеті нашар адамдар үшін көрнекі ақпарат, арнайы оқу әдебиеттері мен жеке бағдарламалармен қамтамасыз ету. Сондай-ақ жоғары оқу орындары барлық студенттерге қиындықсыз оқуға, диплом алуға және табысты жұмысқа орналасуға жағдай жасауы керек» екенін атап өтті.

Мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға сынып жетекші, педагог-ассистент, тьютор, арнайы педагог сынды мамандардың тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп, баланың білім алуына зор мүмкіндіктер жасалады. Яғни, онда ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушымен бір емес бірнеше маман жұмыс жасайды. Ал жоғары оқу орындарында қарапайым білім алушылардың өзіне өз бетінше білім алуына, өздігінен ізденуіне басымдық берілуінен, кейбір студенттер білім алудың алғашқы жылдарында біршама қиындықтарға ұшырап жатады. Осы ретте, жоғары оқу орнына дейін бірнеше маманның қолдауында болған ерекше білім беруді қажет ететін студентке де оңай болмайтыны анық. Сондықтан да университеттерде ерекше білім беруді қажет ететін студенттерді қолдау, сүйемелдеу мақсатында әлеуметтік педагог қызметін оңтайлы ұйымдастыру маңызды.

Сол себепті де зерттеуіміздің өзектілігі ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің университетте кездесетін түйіткілді мәселелерін анықтау, еліміздегі жоғары оқу орындарындағы инклюзивті ортаны қалыптастырудағы кәсіби қоғамдастықтардың өзара күшін біріктіру мәселелері, олардың бір-бірімен тәжірибе алмасуын қарастыра отырып, университеттердегі инклюзивті ортаны тиімді қалыптастыру мақсатында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің маңызыдылығында болып отыр.

### Әдебиетке шолу

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу инклюзивті білім беру саласындағы зерттеулер негізінде қарастырылады. Елімізде білім берудегі инклюзивті ортаны зерттеу өте қарқынды түрде дамып келеді. Әсіресе, арнайы педагогика және инклюзивті білім беру саласында З.А. Мов-

кебаева [3], А.К. Рсалдинова, А.М. Кемешова [4], Ш. Жахина, А.К. Исажимова, А.С.Каржова [5], А.Т. Исакова, Г.З. Закаева, Е.В. Шестакова [6], Д.З. Ахметова, Т.А. Челнокова, Г.В.Мигранова, В.А. Корвяков, Д.Г. Мухамбетова [7], сондай-ақ елеулі еңбек еткен И.А. Оралканова [8], А.Р. Рымханова [9], С.Д. Аубакирова [10], А.С.Мағауова [11], Г.А. Касен, А.М. Кудайбергенова, Ж.Т. Махамбетова [12], Альчимбаева А., Саманова Д. [13] сынды ғалымдарды ерекше атап өте аламыз.

М.П. Оспанбаева мен С.Н. Құрманова «Әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу – баланың қоғаммен өзара әрекеттестігі жағдайында баланы психологиялық дамыту және нәтижелі оқыту үшін әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған маманның кәсіби әрекетінің белгілі бір жүйесі» деп, өз еңбектерінде көрсетті (Оспанбаева, 2018) [14].

Білім беру процесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды сүйемелдеу «білім беру мекемесінің ортасында денсаулығында кемшіліктері бар баланың табысты оқуы мен психологиялық дамуы үшін әлеуметтік психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын біртұтас жүйелі ұйымдастырылған іс-әрекет» ретінде айқындалады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың мақсаты мен мәні – бұл белгілі бір бұзылыстары бар білім алушылардың толыққанды дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ету, олардың жалпы білім беру бағдарламасын игеруіне көмектесу. Олардың танымдық, физикалық, эмоционалдық дамуындағы жеке типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, маңызды әлеуметтік дағдыларды игеру.

Орыс ғалымдары Л.В. Мардахаев пен Е.А. Орлованың зерттеуіне, дамуында бұзылыстары бар балаларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу бірқатар міндеттерді шешеді. Олар:

- мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы және ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін бейімделген білім беру ортасын құру;

- дамудың бұзылуының ерекшелігі мен ауырлығын, әлеуметтік тәжірибені, жеке және отбасылық ресурстарды ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі балаға жеке педагогикалық көзқарасты қамтамасыз ету;

- арнайы міндеттерді, оқыту мазмұнының бөлімдерін, сондай-ақ норма жағдайында дәстүрлі тәсілдермен қол жеткізілетін білім беру

міндеттеріне қол жеткізу әдістерін, тәсілдері мен құралдарын бөліп көрсете отырып оқытуды ерекше түрде құру;

- білім мен оқу дағдыларын игеру процесін және әлеуметтік тәжірибені, өмірлік құзыреттерді дамыту процесін интеграциялау;

- балаға және оның отбасына жәрдемдесуді, педагогтерге көмек көрсетуді қамтамасыз ету;

- білім беру процесіне қатысатын әртүрлі бейіндегі мамандар мен ата-аналарды үйлестіру және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

- әр түрлі ерекшеліктер мен ауырлықтағы мүгедек балаларды оқыту және дамыту мәселелерінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру (Мардахаев, 2014) [15].

Ғалымдардың айтуынша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің аталған міндеттерін шешу үшін мынадай бағыттар негізінде жұмыс жүргізілуі керек:

- медициналық бағыт;

- психологиялық бағыт;

- педагогикалық бағыт;

- әлеуметтік бағыт.

Л.В. Мардахаев пен Е.А. Орлова мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу тиімділігін баланың білім беру әсерлері деңгейінің жеке бейімделу аймағында болуы және бейімделу көрсеткіштерінің өзгеруін динамикалық бақылау арқылы анықтауға болатынын алға тартады. Ал бүгінгі таңда бұл мәселе өзінің өзектілігін жоғалтқан, сондықтан да ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің инклюзивті ортасын құру – олардың әлеуметтік әлеуеттерін арттырып, білім алуда өз қатарластарымен бірге дамуына ықпал ете алады деген мақсатпен әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің нақты алгоритмдерін құрастырған жөн.

Осы тұста, әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің біржақты үдеріс емес екендігіне мән беру керек. Ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың өзінің мәселесін шешуге бағытталған жеке сүйемелдеу, сондай-ақ баланың өзіне және оның жалпы әлеуметтік жағдайына тән мәселелердің алдын алуға немесе түзетуге бағытталған жүйелі сүйемелдеуден тұратын екіжақты үдеріс.

Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуді бірнеше деңгейде жүзеге асыруға болады:

1. Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың макродеңгейі – ерекше білім беру қажеттілікте-

рі бар сүйемелденуші студенттердің құқықтық және әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін жағдай жасау.

2. Мезоденгей – сүйемелденуші студенттердің дамуының әлеуметтік-педагогикалық жағдайына қатысушылармен жұмыс жасау арқылы әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету; Мұндағы негізгі мақсат – жақын орта тарапынан оған деген көзқарасты өзгерту арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар студентті табысты өмірлік бейімделуіне жағдай жасау.

3. Микроденгейде сүйемелдеу – сүйемелдеушінің нақты мәселесін шешуге бағытталған және фокус тек сүйемелденуші студентте болады. Сондай-ақ бұл деңгейдегі сүйемелдеуде ерекше білім беру қажеттілігі бар бала өмірлік жағдайларды сол күйінде қабылдай отырып, өз проблемаларын толық түсініп, өздері үшін жауапкершілікті қалыптастыру мүмкіндігі пайда болады.

З.А. Мовкебаева өз еңбектерінде Л.Н. Харавинаның инклюзивті білім беру бағытындағы сүйемелдеу туралы ойларына талдау жасайды. Ол бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді сүйемелдеуді диагностикалық, іздеушілік-вариативті, тәжірибелік-әрекеттік және талдаудан тұратын төрт сатыны жүзеге асуы негізінде қарастыра аламыз:

1) Диагностикалық саты – әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің негізін құрайтын барлық компоненттерді бастапқы талдаудан өткізуді білдіреді. Бұл компоненттерге инклюзивті үдерістерді енгізу үшін білім беру мекемесінің ресурстарын бағалау, ЕБҚ студенттердің санын болжау (дайындық саты) және балалардың құрамын бағалау, жеке білім беру бағдарламаларын, олардың компоненттерін дайындау (енгізу сатысы) жатады.

2) Іздеушілік-вариативті сатыда жеке сүйемелдеу бағдарламасын жасау аясында кешенді әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің мақсаттық бағдарларын анықтау жүзеге асырылады. ЕБҚ студенттердің барлық білім беру қажеттіліктерін детальді анықтағаннан кейін әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру бойынша «стратегиялық» ұсыныстар ескеріліп талқыланады, содан кейін мамандар бірлесе отырып студентті сүйемелдеудің жеке компоненттерін дайындайды. Бұл сатының нәтижесі барлық компоненттері бойынша тұтас жекелей бағдарланған білім беру бағдарламасы болып табылады, ал әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің өзі түрлі мамандардың талдауын ескеретін пәнаралық сипатты иеленеді.

3) Тәжірибелік-әрекеттік сатыда студенттің жеке әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша инклюзивті ортасының барлық субъектілерінің әрекеттері жүзеге асады. Бұл сатыда студенттің жеке прогресінің динамикасын тіркеп отырудың маңызы зор.

4) Талдау сатысында консилиумде әлеуметтік педагог және өзге де мамандардың қызметінің тиімділігі талданып, барлық аспектілерде баланы сүйемелдеу бағаланады (Мовкебаева, 2014) [16].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу оқу жылы басталғанда әлеуметтік педагогтің білім алушылар туралы ақпаратты жинақтап, деректер базасын құрып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жеке дамыту бағдарламаларын құрумен басталады. Жеке дамыту бағдарламасында балаларды әлеуметтік тұрғыдан зерттеу, түзету мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум шешіміне, қойылған диагнозға байланысты келесі мақсаттар алға қойылады: ЕБҚ студенттердің салауатты өмір салтын сақтауына ықпал ету, университет қабырғасында ЕБҚ студенттердің жүріп-тұруына, білім алуына қолайлы жағдайдың қалыптасуын бақылау, оқу жүктемесінің ЕБҚ студентке сәйкес болуы, қоғамдық-мәдени іс-шараларда өзге студенттермен бірлесе белсенділік танытуға ықпал ету, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде кітапхана қоры, АКТ құралдарын кедергісіз пайдалануға ықпал ету.

Сонымен қатар, аталған мақсаттарды орындауда әлеуметтік педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің университеттегі инклюзивті ортасын қалыптастыруға ықпал етуі керек. Ол үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар студент пен шартты түрде денсаулық жағдайы сау студенттердің өзара қарым-қатынасын нығайту, құрдастар тобын қалыптастыру, оқу-тәрбие үдерісінде өзара байланысулары үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастыру маңызды.

Зерттеу мақсаты: университеттің инклюзивті ортасын ұйымдастыру негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеудің ғылыми негіздемесі.

Зерттеу болжамы: егер әлеуметтік педагогтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді сүйемелдеу жұмысының теориялық негіздері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі әзірленіп, ЖОО тәжірибесіне ендірілсе, онда университеттің инклюзивті



ортасын ұйымдастыру жұмыстары оңтайландырылады, өйткені әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу жұмысының ерекшеліктері ғылыми теорияларға негізделеді.

### Зерттеу әдістері

Университет жағдайында инклюзивті орта құру үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің мәселелерін анықтау, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісінде кездесетін қиындықтар мен қоғамдық шараларға қатысуда кездесетін олқылықтардың орнын толтыру, сондай әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеуді тиімді жүргізуге қажетті мәселелерді анықтау мақсатында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерден арнайы құрастырылған сауалнама, К. Роджерс пен Р. Даймонд әлеуметтік психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі жүргізілді.

Зерттеуге әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әртүрлі факультетінде білім алатын 1-4 курс студенттерінен 11 ерекше білім беру қажеттіліктері бар студент және шартты түрде дені сау 15 студент қатысты.

1. Арнайы құрастырылған сауалнама 15 сұрақтан тұрады. Сауалнама онлайн түрде гугл-форманың көмегімен толтырылды. Сауалнама ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің университеттегі оларға жасалған жағдаймен қанағаттану деңгейін анықтауға бағытталды.

2. К. Роджерс пен Р. Даймонд әлеуметтік психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің жеке басының ерекшеліктерін және әлеуметтік психологиялық бейімделу дәрежесін анықтауға бағытталған.

### Нәтижелер және талқылау

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің университеттегі оқу үдерісімен, оларға қолайлылықтың деңгейімен таныс болу үшін жүргізілген сауалнама нәтижелеріне талдау жасайық. Сауалнамаға қатысушы респонденттердің саны 11, олардың ішінде 5 – ер, 6 – әйел жынысты студенттер. Жасы 16-20 жас аралығын қамтиды.

«ЖОО оқыту үдерісімен қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа 8 студент – «иә, толықтай», 2 студент – «толық емес», 1 студент – «жауап беруге қиналамын» деп жауап берген. Ал «оқу процесі қалай ұйымдастырылған?» деген сұраққа 7 студент – «инклюзивті, жалпы топта» деп

жауап берсе, қалған 4 студент – «жеке оқыту жоспары бойынша» деп жауап берді. Сауалнамада ЖОО архитектурасының ыңғайлылығына қатысты бірнеше сұрақтар қойылып, нәтижелері талданды (1-сурет):

1) Іргелес аумақтың қолжетімділігі бойынша:

7 студент – толық қанағаттанады;

3 студент – қанағаттанады;

1 студент – қанағаттанбайды.

2) Оқыту корпусына кіру жолдары мен орын ауыстыру жолдарының тиімділігі бойынша:

8 студент – толық қанағаттанады;

3 студент – қанағаттанады;

3) Арнайы жабдықталған санитарлық-гигиеналық орынның болуына қатысты:

7 студент – толық қанағаттанады;

3 студент – қанағаттанады;

1 студент – қанағаттанбайды.

4) Аудиторияда арнайы орынның болуына байланысты:

6 студент – толық қанағаттанады;

3 студент – қанағаттанады;


2 студент – қанағаттанбайды.

5) Ескерту және дабыл жүйесінің ыңғайлылығы:

10 студент – толық қанағаттанады;

1 студент – қанағаттанады;

«ЖОО сіздің жай-күйіңізді сұрап, қажеттіліктеріңізге көмектесуде қандай маман жұмыс жасайды?» деген сұраққа 11 студент «куратор» деп жауап берген. Яғни, «педагог-психолог, педагог-тьютор, әлеуметтік педагог» деген жауаптардың жоқтығынан, арнайы маманның қызметін күшейту қажеттігін байқай аламыз. Сондай-ақ, «Сіздің ойыңызша, сіздің ЖОО оқытушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқытуға дайын ба?» деген сұраққа 9 студент – «иә» деп жауап берсе, 2 студент – «толық дайын емес» деп жауап берген. Осы сұрақтың ізімен, «ЖОО ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді сапалы оқытуда қандай ұсыныстар білдіре аласыз?» деген сұрағымызға, 9 студент – «толық қанағаттанамын, ұсыныс жоқ» деп жауап берсе, алдыңғы сұраққа «толық дайын емес» деп жауап берген 2 студенттен «оқу жүктемесінің барлық студенттермен бірдей болғанын қалайтындығы» туралы жауап алдық. Яғни, кейбір студенттер өздерінің ерекше білім беру қажеттіліктері негізінде оқшауланғанды қаламайтынын байқай аламыз. Сол себепті де, әріқарай К. Роджерс пен Р. Даймонд әлеуметтік психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесін жүргізуді жөн көрдік.




**1-сурет** – Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге ЖОО архитектурасының ыңғайлылығының деңгейі


К. Роджерс пен Р. Даймонд әлеуметтік психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесін жүргізу нәтижесінде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің бейімделу мүмкіндіктерін зерттей отырып, біз осы студенттердің «бейімделу» және «өзін-өзі қабылдау» шкалалары бойынша көрсеткіштері «шартты» деңі сау студенттерге қарағанда төмен болғанын байқадық, бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің ортаға бейімделуде қиындықтарға ұшырайтынын көрсетеді. Тиісінше, қа-

рым-қатынасты жүзеге асыру мүмкіндіктерінің де азайғандығын байқаймыз.

«Өзгелерді қабылдау», «Эмоционалды жайлылық», «Үстемдікке ұмтылу» шкалалары бойынша көрсеткіштер «шартты түрде» деңі сау студенттердің диагностикасының нәтижелерімен салыстырғанда төмен көрсеткіштерге ие, бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің басқалармен өзара әрекеттесуі мен қарым-қатынасында проблемалардың болуын көрсетеді (2,3-суреттер).



**2-сурет** – К. Роджерс пен Р. Даймонд әлеуметтік психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесінің нәтижелері



**3-сурет** – Оқуда қиындыққа ұшырайтын студенттердің пайыздық көрсеткіштері

Осылайша, «шартты түрде» дені сау студенттердің диагностикалық нәтижелері ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің диагностикалық нәтижелерінен түбегейлі ерекшеленеді: ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің шкаласы бойынша «шартты түрде» дені сау студенттерге қарағанда төмен. Мұның бәрі ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі сезінуіне ғана емес, сонымен бірге басқалармен қарым-қатынас пен байланыста мәселелердің болуын көрсетеді, сондай-ақ олар үшін кез келген жаңа ортада бейімделу қиындау келетінін байқатады.

Осылайша ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін университетте оқу кезінде өзге денсаулық жағдайы жақсы студенттерге қарағанда қиындықтар туындайтынын байқаймыз, бұл олардың нозологиясына байланысты болуы да мүмкін.

### Қорытынды

Зерттеу жұмысын жазу барысында алынған нәтижелер университеттерде инклюзивті ортаны ұйымдастыруда ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу бойынша қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда инклюзивті білім беру саласы қарқынды дамып, кез келген азаматтың еш кедергісіз білім алуына құқықтық негіздемелер жасалған. Дегенмен де, ерекше білім беру қажеттіліктері бар азаматтардың білім алуына толықтай жағдай жасау үшін құжаттардың болуы ғана жеткіліксіз, олардың іс жүзінде жүзеге асып, әлеуметтік өмірде ерекше білім беру қажетті-

ліктері бар студенттерге кездесетін кедергілерді бірігіп еңсеру өте маңызды. Осы тұста, зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсыныстарға тоқталып өтейік:

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің жоғары оқу орындарында еркін жүріп-тұруы, университеттің материалды техникалық базасының ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге де қолжетімді болуы өте маңызды. Ол үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен бірлесе отырып, «қайда және қандай мәселелердің бар екендігін» анықтап, оларға мәселенің «шешімі қандай болғанда» ыңғайлы болатындығын ескеру керек, мұнда ЕБҚ студенттерді тікелей тарту маңызды.

2. Жоғары оқу орындарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге толеранттылық деңгейі жоғары болғанымен де, мұндай студенттердің әлеуметтік психологиялық бейімделуі оңайға соқпайды. Сондықтан да университеттің инклюзивті ортасын ұйымдастыруда ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер мен денсаулық жағдайы қалыпты студенттерді біріктіре отырып, ғылыми, мәдени іс-шараларға жоспарлы түрде қатысуына көңіл бөліну қажет. Сондай-ақ мұндай іс-шараларды университет қабырғасында ғана емес, одан тыс орындар мен мекемелерде де жүргізу тиімді.

3. Сауалнама нәтижелерінен байқағанымыздай, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттермен көбінесе куратор жұмыс жасайды. Дегенмен, куратордан бөлек, арнайы маман – педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-тьютордың ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді сүйемелдеуі қажет. Біздің зерттеулерімізге сәйкес, ерекше білім беру қажет-

тіліктері бар студенттердің әлеуметтік ортаға бейімделуі оңай болмайтындықтан, әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу жұмысының, әлеуметтік педагог маманының ЕБҚ студенттерімен жұмыс жасауы өте өзекті болып отыр. Сондықтан да әлеуметтік педагогтың ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді сүйемелдеуі жоспарлы түрде, бақылау негізінде жүргізіліп, студенттердің білім алуына, ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуына, жеке тұлғалық дамуына кедергісіз ортаны қалыптастыруы қажет.

Университеттің инклюзивті ортасын ұйымдастыру негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу мәселесі ауқымды тақырып болғандықтан, біздің тарапымыздан жүргізілген зерттеу мәселенің толықтай шешімін таба алмайды.

Сондықтан да ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді университеттің инклюзивті ортасын құру негізінде әлеуметтік педагогикалық сүйемелдеу алдағы уақытта жан-жақты, көптеген зерттеуді қажет ететіндігін атап өткіміз келеді.

### Алғыс сөз

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің IRN AR 14872130 «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің (СЕБ) кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру» жобасы (2022-2024 жж.) аясында жазылған.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
2. Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование [Текст]: учебное пособие / З. А. Мовкебаева, И.А. Денисова, И.А.Оралканова, Д.С. Жакупова. – Алматы: 2014. – 199 с.
3. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жолдары /Құраст.: А.К. Рсалдинова, А.М. Кемешова – Алматы: «Өрлеу» ҰБАО АҚФ ҚР ББЖҚБАРИ, 2019 – 64 бет
4. Жахина Ш. Ж., Искажимова А. К., Қаржова А. С. Проблемы реализации инклюзивного образования в высших учебных заведениях Республики Казахстан //NovaInfo. Ru. – 2016. –No. 46(4). – С. 315-318.
5. Искакова А.Т., Закаева Г.З., Шестакова Е.В. Адаптация и модификация образовательного процесса в инклюзивной среде. – Алматы: Изд.-во «L Pride, 2016. –100 с.
6. Ахметова Д.З., Челнокова Т.А., Мигранова Г.В., Корвяков В.А., Мухамбетов Д.Г. Применение дистанционных образовательных технологий для обучения лиц с ограниченными возможностями здоровья. – Алматы: АЭСА, 2014. – 173 с.
7. Оралканова И.А. Формирование готовности учителей начальных классов к работе в условиях инклюзивного образования: дисс. докт. филос (PhD): 6D01030. – Алматы: КазНПУ, 2014. – 210 с.
8. Рымханова А.Р. Психолого-педагогические основы подготовки студентов педагогических специальностей к профессиональной деятельности в условиях инклюзивного образования: дисс...докт. филос (PhD): 6D010300. – Караганда: КарГУ им. Е. Букетова, 2019. – 163с.
9. Аубакирова С.Д. Формирование деонтологической готовности будущих педагогов к работе в условиях инклюзивного образования: дисс. докт. Филос.6D010300. – Павлодар: ПГУ, 2017. – 162 с.
10. Мағауова А. С. Опыт формирования компетенций социальных педагогов в использовании социальной терапии в инклюзивном образовании //понятийный аппарат педагогики и образования. – 2020. – С. 327-333.
11. Мағауова А.С., Касен Г.А., Кудайбергенова А.М., Махамбетова Ж.Т. Профессиональное самоопределение студентов с ООП в инклюзивной среде высшей школы: проблемы, опыт, перспективы//Вестник КазНУ имени аль-Фараби, серия «Педагогические науки». – 2023.– No. 1(74). – С. 118-130.
12. Альчимбаева А., Алгожаева Н., Саманова Д. Әлеуметтік педагогтың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізетін психологиялық сүйемелдеу жұмыс бағдары //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2023. – Т. 76. – №3. – С. 82-92.
13. Оспанбаева М. П., Құрманова С. Н. Ерекше білім қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шарттары. – 2018.
14. Мардахаев Л.В., Орлова Е.А. Специальная педагогика. Учебное пособие [Текст] / Л. В. Мардахаев, Е.А. Орлова – Москва.: Юрайт,2014. – 447 с.
15. Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование [Текст]: учебное пособие / З. А. Мовкебаева, И. А. Денисова, И.А.Оралканова, Д. С. Жакупова. – Алматы: [б. и.], 2014. – 199 с.

## References

- Ahmetova, D. Z., CHel'nikova, T. A., Migranova, G. V., Korvyakov, V. A., & Muhambetov, D. G. (2014). Primenenie distantsionnyh obrazovatel'nyh tehnologij dlya obucheniya lic s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya [Application of Distance Educational Technologies for Teaching Persons with Disabilities]. Almaty: AESA. (in Russian)
- Al'chimbaeva, A., Al'gozhaeva, N., & Samanova, D. (2023). Aleumettik pedagogtyng erekshe bilim berudi qajet etetin oqushylarmen zhürgizetin psihologiyalyk süiemeldeu zhumys bag'dary [Psychological Support Guidelines for Social Pedagogues Working with Students with Special Educational Needs]. Journal of Educational Sciences, 76(3), 82-92. (in Kazakh)
- Aubakirova, S. D. (2017). Formirovanie deontologicheskoy gotovnosti budushih pedagogov k rabote v usloviyah inkluzivnogo obrazovaniya [Formation of Deontological Readiness of Future Teachers to Work in Inclusive Education] (Doctoral dissertation). Pavlodar: PGU. (in Russian)
- Iskakova, A. T., Zakaeva, G. Z., & SHestakova, E. V. (2016). Adaptacia i modifikacia obrazovatel'nogo processa v inkluzivnoj srede [Adaptation and Modification of the Educational Process in an Inclusive Environment]. Almaty: Izd-vo «L. Pride». (in Russian)
- Jahina, Sh. Zh., Iskazhimova, A. K., & Karzhova, A. S. (2016). Problemy realizacii inkluzivnogo obrazovaniya v vyssih uchebnyh zavedeniyah Respubliki Kazahstan [Problems of Implementing Inclusive Education in Higher Educational Institutions of the Republic of Kazakhstan]. NovaInfo. Ru, (46(4)), 315-318. (in Russian)
- Magauova, A. S. (2020). Opyt formirovaniya kompetencij social'nyh pedagogov v ispol'zovanii social'noj terapij v inkluzivnom obrazovanii [Experience in Forming Competencies of Social Educators in the Use of Social Therapy in Inclusive Education]. Conceptual apparatus of pedagogy and education, 327-333. (in Russian)
- Magauova, A. S., Kasen, G. A., Kudajbergenova, A. M., & Mahambetova, Zh. T. (2023). Professional'noe samoopredelenie studentov s OOP v inkluzivnoj srede vysshej shkoly: problemy, opyt, perspektivy [Professional Self-Determination of Students with Special Needs in the Inclusive Environment of Higher Education: Problems, Experience, Prospects]. Journal of Educational Sciences, 1(74), 118-130. (in Russian)
- Mardahaev, L. V., & Orlova, E. A. (2014). Special'naya pedagogika [Special Pedagogy: Textbook]. Moscow: Jurajt. (in Russian)
- Movkebaeva, Z. A., Denisova, I. A., Oralkanova, I. A., & Zhakupova, D. S. (2014). Inkluzivnoe obrazovanie [Inclusive Education: Textbook]. Almaty. (in Russian)
- Movkebaeva, Z. A., Denisova, I. A., Oralkanova, I. A., & Zhakupova, D. S. (2014). Inkluzivnoe obrazovanie [Inclusive Education: Textbook]. Almaty. (in Russian)
- Oralkanova, I. A. (2014). Formirovanie gotovnosti uchitelej nachal'nyh klassov k rabote v usloviyah inkluzivnogo obrazovaniya [Formation of Primary School Teachers' Readiness to Work in Inclusive Education] (Doctoral dissertation). Almaty: KazNPU. (in Russian)
- Ospanbaeva, M. P., & Kurmanova, S. N. (2018). Erekshe bilim qajettiligi bar oqushylardy psihologiyalyk-pedagogikalyk süiemeldeu şarttary [Conditions for Psychological and Pedagogical Support of Students with Special Educational Needs]. (in Kazakh) Qazaqstan Respublikasynyng Bilim turaly Zany [Law on Education of the Republic of Kazakhstan]. (2007). Retrieved from [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) (in Kazakh)
- Rsalidina, A. K., & Kemesheva, A. M. (2019). Inkluzivti bilim beru zhağdaında erekshe qajettilikteri bar oqushylardyng oqu zhetistikterin bağalau dyng zholdary [Ways to Assess the Academic Achievements of Students with Special Needs in Inclusive Education]. Almaty: «Orleu» UBAP AO RF R&D Institute. (in Kazakh)
- Rymhanova, A. R. (2019). Psihologo-pedagogicheskie osnovy podgotovki studentov pedagogicheskikh special'nostej k professional'noj dejatel'nosti v usloviyah inkluzivnogo obrazovaniya [Psychological and Pedagogical Foundations for Preparing Students of Pedagogical Specialties for Professional Activity in Inclusive Education] (Doctoral dissertation). Karaganda: Kargu im. E. Buketova. (in Russian)

### **Авторлар туралы мәлімет:**

Қурманбек Ақнұр – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: qurmanbekova01@gmail.ru)

Құдайбергенова Алия (корреспондент автор) – педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: aliya.malykovna@mail.ru)

Меирбекова Асель – «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: aseka\_kaznu\_90@mail.ru)

### **Сведения об авторах:**

Қурманбек Ақнұр – магистрант образовательной программы «Социальная педагогика и самопознание», Казахский национальный университет им. Аль-Фараби ( г. Алматы, Казахстан, эл.пошта: qurmanbekova01@gmail.ru)

Құдайбергенова Алия ( автор – корреспондент) – старший преподаватель кафедры педагогики и менеджмента образования, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби ( г. Алматы, Казахстан, эл.почта: aliya.malykovna@mail.ru)

Меирбекова Асель – PhD докторант образовательной программы « Социальная работа», Казахский национальный университет им. Аль-Фараби ( г. Алматы, Казахстан, эл.пошта: aseka\_kaznu\_90@mail.ru)

**Information about authors:**

*Kurmanbek Aknur -master's student of the educational program "Social Pedagogy and self-knowledge", Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, эл.пошта: qurmanbekova01@gmail.ru)*

*Kudaibergenova Aliya (corresponding author) – Senior Lecturer of the Department of pedagogy and management of Education, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, El.mail: aliya.malykovna@mail.ru)*

*Meirbekova Assel- PhD doctoral student of the educational program "Social work", Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, email: aseka\_kaznu\_90@mail.ru)*

*Келіп түсті: 14.02.2024*

*Қабылданды: 01.06.2024*

5-бөлім  
**БІЛІМ БЕРУДІ ӨЛШЕУ ЖӘНЕ  
БАҒАЛАУ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ  
ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ**

---

Section 5  
**EVALUATION AND MEASUREMENT  
IN EDUCATION: DOMESTIC AND  
FOREIGN EXPERIENCE**

---

Раздел 5  
**ОЦЕНКА И ИЗМЕРЕНИЕ  
В ОБРАЗОВАНИИ: ОТЕЧЕСТВЕННЫЙ  
И ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ**

FTAMP 14.15.25

<https://doi.org/10.26577/JES20247902012>**Ш.Б. Алтыбаева\*** , **Ф.Е. Сұлтабаев** , **Л.Е. Шинетова\*** 

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: lyazzat\_daniar@mail.ru

## МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН АҒЫЛШЫН ТІЛІ ТЕСТІНІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ МЕН СЕНІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Мақаланың зерттеу пәні магистратураға түсушілер үшін ағылшын тілі бойынша тест тапсырмаларының сапасын бағалаудың статистикалық модельдері мен әдістері болып табылады. Зерттеуде Winsteps көмегімен деректерді талдау үшін Раш моделі қолданылды. Өзірленген тест тапсырмаларының сапасын бағалау кезінде тест тапсырмалары бойынша статистикалық сипаттамалар алынды. Ғылыми зерттеу мәнмәтінінде идеяларды дамыту мен қолдану үшін алған білімді іске асыру. Тест тапсырмасының жарамдылығы мен сенімділігі, тапсырманың қиындығы, корреляция коэффициенті, келісім статистикасы, тестіленушілердің дайындық деңгейі мен тест тапсырмаларының қиындығы арасындағы сәйкестік көрсеткіштері ескерілді. Раш моделінің эксперименттік деректерінің сәйкестігі сипаттамалық қисықтар арқылы бағаланды. Тест тапсырмаларының үйлесімділігі Хи-квадрат критерийі негізінде анықталып, тест нәтижелері Раш моделіне негізделген күтілетін мәндермен салыстырылды. Rasch IRT нәтижелері тест тапсырмаларының сапасы, жарамдылығы және сенімділігі туралы егжей-тегжейлі ақпарат береді. Алынған мәліметтер негізінде ағылшын тілі бойынша тест тілді меңгерудің жоғары деңгейіне сәйкес келетіндігі және магистратураға түсу емтиханының құрамдас бөлігі ретінде қолдануға болатындығы анықталды. Мақала білім беру саласындағы мамандардың кең ауқымына, сондай-ақ біздің еліміздегі жоғары білім беру мәселелеріне қызығушылық танытатын адамдарға арналған.

**Түйін сөздер:** Раш моделі, тест тапсырмасының жарамдылығы мен сенімділігі, қиындығы, корреляция коэффициенті.

Sh.B. Altybayeva, F.E. Sultabayev, L.E. Shinetova \*

Republican state budget-supported enterprise «National testing center»  
Келесі кезең – жоспарлау, шығарманың композициясын құру. Бұл кезеңде автор көркем сөздің тақырыбымен, формасымен, кейіпкерлері мен шығарманың көңіл-күйімен біте қайнасып кетеді. Сәйкесінше, композиция – автордың ойында ғана өмір сүріп жатқан абстракцияның біртіндеп нақтылануы, заттануы. Автордың композициялық таңдауы оның шығармашылық идеясы мен концепциясына сай келетін шындық құбылыстары шеңберінде болады.

Үшінші кезеңде автор когнитивті формадан вербалды формаға ауысады, яғни ойды сөзге, сөйлемге көшіреді. Осы тұста автор мен оқырманның ең алғашқы байланысы пайда болады. Сөз арқылы автор оқырманның мәтінді қабылдау үдерісін басқарады. Мәтіннің оқырманға әсері белгілі бір механизмдердің көмегімен жүзеге асырылатыны анық. Lyudmyla Lutsenko-ның «Eliza Haywood's Empathy: Creating a Narrative Discourse of Her Own» атты мақаласында ағылшын жазушысы Eliza Haywood өзінің «Идалия немесе бақытсыз қожайын» («Idalia, Or, The Unfortunate Mistress») (1723) атты махаббат хи-

каясында оқырман эмпатиясына әсер етуі үшін пайдаланған түрлі әңгімелеу құралдары көрсетілген. Бұл құралдарға шамадан тыс конфликттік парадигма, автор дауысы, фокализация және нарратологияда металеппсис деп аталатын оқиғаға автор – баяндаушының енуін, т.с.с. жатқызады. Осы арқылы Eliza Haywood оқырмандарын «эмпатияға» үйретіп қана қоймай, эмпатия арқылы өзін-өзі тануды және әйелдердің қоғамдағы шектеулі рөліне деген көзқарасқа әсер етуді мақсат етеді деген тұжырым жасайды (Lutsenko, 2019: 29)[8].

Осындай оқырманға әсер ету құралдарының бірі ретінде метафоралау техникасын атауға болады. Метафоралау техникасы – тек қана мәтінде метафораны қолдану емес, тілдегі барлық бейнелі құралдарды қолдануды білдіреді. Сол арқылы автор астарлы ойды жеткізсе, бұл құрал оқырманды ойлануға, саралауға, анализ жасауға жетелейді. Осы тұста мәтіндегі автор мен мәтінді қабылдаушының тұжырым-концепциялары тоғыса алса, рецепиенттің көркем мәтінді түсінуінің негізі қаланды деуге болады. Автор-оқырман позицияларының тоғысу дәрежесі неғұрлым жоғары болса, мәтіннің мән-мазмұны соғұрлым айқын ашылатыны анық. Оқырман тұжырымы мен авторлық позиция толықтай немесе ішінара сәйкессіздікке ұшыраған жағдайда, мәтінге интерпретация жасалына береді. Бірақ бұл жағдайда автор мен оқырман арасында байланыс әлсіз болады немесе мүлдем үзіледі.

Мәтінді толық қабылдау үшін оқырманның авторлық позицияны анықтауы жеткіліксіз. Автор мен рецепиент арасында ортақ эмоционалдық кеңістіктің болуы, олардың жан дүниесінің белгілі бір жақындығы оқырманға шығарманың түпкілікті құндылығы мен жазушының шынайы ұстанымдарын бүкпесіз «бетпердесіз» көрсетеді. Көркем мәтінді түсініп, қабылдау үдерісінде автордың дүниеге көзқарасы мен оқырманның автордың позициясын, сол арқылы өзінің ішкі дүниесіндегі позициясын түсінуге талпынысы өзара диалогқа ұласады. Мәтіндегі оймен келіспесе, автормен келіспегені; келіссе, авторды құптағаны.

В.А.Пищальникованың “...Көркем мәтін рецепиенттің қабылдауына дейін физикалық дене ретінде ғана өмір сүреді” (Пищальникова, 1991: 87)[9] деген тұжырымды қолдайтын көптеген зерттеушілер көркем мәтіннің диалогтық сипатын мойындағанымен, нақты тәжірибеде әлі де зерттеу жолдары ашылған жоқ. Осы пікірді қолдаушылардың бірі С. Wallace мәтіннің барлық әлеуеті мәтін мен оқырманның өзара әрекеттесу

үдерісінде ғана пайда болатын мағынаны жүзеге асыру шекарасында тоқтайды деген оймен бөліседі (Wallace,1987: 230)[10]. М.М.Бахтин жоғарыдағы оймен келісе отырып, “мәтіннің негізгі мәні – оны қабылдау барысында жеке адам қалыптастырған және онда жасырын түрде қамтылмаған идеалды конструкцияның мағынасы”, – деп тұжырымдайды (Бахтин,1986: 423)[3].

Мәтінді түсінуді жан-жақты, көп қырлы аспектіден қарастыру әдістеме ғылымына жаңа серпін беретіні айқын. Бұл, өз кезегінде, оқырман рөліне жаңа мағына үстейді. Біз ұсынатын әдістеменің басты нысаны – мәтінді түсіну үдерісінде автордың ой-ниетін, ұстанымын оқырманның дүниетанымы, түсінік-түйсігімен тоғыстыру.

Мәтінді түсіну автор мен оқырман позицияларының өзара әрекеті болса, бұл өзара әрекеттесу қалай жүзеге асады деген заңды сұрақ туындайды. Осы тұста R.Millrood шығарманы оқу үдерісінде жүзеге асатын тоғыз интеракцияны бөліп көрсетеді:

1. шығарманың мазмұны мен пішіні;
2. түсініп оқу стратегиялары;
3. «төменнен жоғарыға» және «жоғарыдан төменге қарай» оқу;
4. оқырман болжамы және оны мәтінде растау;
5. оқырманның білімі және мәтіндегі жаңа ақпарат;
6. мәтін және өмір шындығы;
7. мәтіндегі шындық және оқырмандық шындығы;
8. мәтіндегі ой-көзқарастар және сыни тұрғыдан ойлау,
9. автордан хабарлама және оқырманның жауабы (Millrood, 2001: 314) [11].

Жоғарыда аталған интеракция түрлері оқырманның мәтінді түсінуіне белгілі бір деңгейде әсер еткенімен, автор мен оқырманның өзара қарым-қатынасын тереңірек бекітуге жеткіліксіз. Сол себепті де, біз R. Millrood ұсынған теорияны тізіммен толықтырдық:

10. мәтіндегі өмірлік жағдаяттар және оқырман тәжірибесі;
11. білімдегі олқылықтар және оқырманның оны толықтыру әрекеті;
12. мәтіндегі түпмәтіндік ойлар және оларды оқырманның пайымдауы;
13. автор мен оқырман жасаған абстрактылы менталды бейнелер;
14. автордың оқырманның қызығушылығын оятуы және оқу қажеттілігін қанағаттандыруы;
15. мәтіндегі оқырманда туындаған сұрақтар

мен оған алған жауаптары,

16. мәтіннің оқырманға қойған сұрақтары мен оқырманның жауаптары;

17. автордың ақпаратты кодтау құралдары және оқырманның ақпаратты декодтау тәсілдері;

18. автордың дүниеге көзқарасы және оқырманның оны түсіну әрекеті

19. автордың жазудағы, оқырманның оны оқудағы мақсаты, ниеті

Ғылыми зерттеулерді саралай келіп әрі R.Millrood ұсынған шығарманы оқып түсіну қадамдарын қорытындылай отырып автор мен оқырман қатынасын айқындайтын нысандарды топтастырдық. Нәтижесінде автор мен оқырман қатынасының жаңаша моделін жасап шықтық (1-сурет).

Зерттеу барысында «автор-оқырман» қатынасы моделіне негізделген теориялық тұжырымдаманың тәжірибедегі тиімділігін тексерудің қажеттілігі туындады. Күнделікті бақылау әдісі көрсеткендей, студент-оқырмандардың басым бөлігі нақты бір көркем шығарманы талдауды оның ұнайтынын немесе ұнамайтынын айтумен және сюжетті баяндаумен шектеледі. Ал, біздің мақсатымыз – студенттің көркем шығарманы саналы оқу үдерісін ұйымдастыру. Біз ұсынатын әдістің тиімділігін тексеру мақсатында студенттерге анықтау экспериментін жасадық. Алдын ала дайындықсыз және мұғалімнің бақылауы мен бағыттауынсыз көрсеткен нәтижелеріне қызығушылық таныттық. Сүлейман Демирел университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенттеріне «Қазіргі кезең әдебиеті» курсына Мұхтар Мағауиннің 1990 жылы жарияланған «Пұркоралдың көк аты» әңгімесін (Мағауин,1990: 225)[12] оқуға ұсынып, нақты тапсырма бердік. Студенттерге әңгімені оқып шығып, келесідей сұрақтарға жазбаша жауап жазу тапсырылды:

1. Әңгіме не туралы?
2. Әңгіменің негізгі идеясы қандай?
3. Мәтінді оқу барысында неге ерекше назар аудардыңыз?
4. Қай кейіпкердің іс-әрекеті немесе сөздері ерекше әсер етті?
5. Оқиғаға қатысты автордың ұстанымын топшылаңыз.
6. Әңгіменің басты құндылығы не?
7. Әңгімені оқу барысында қандай сезімдер мен көңіл күйді бастан кештіңіз?
8. Автордың ойымен толығымен келісесіз бе? Келіспесеңіз өз ұстанымыңызды ұсыныңыз



1-сурет – Автор мен оқырман қатынасы моделі

Бұл тапсырманың мақсаты – студенттердің неге басты назар аударатынын (әңгіменің негізгі идеясы, жанама элементтер, жалпы мазмұны, автордың позициясы, өзіндік позициясы, кейіпкерлердің іс-әрекеті, т.с.с.) қадағалау.

Зерттеуге қатысқан 30 студенттің жауаптары келесідей классификацияланды:

1. Мазмұндау, сюжетін баяндау – 12 студент
2. Адекватты интерпретация – 4 студент

3. Дәйексіз мәтіннің мән-мағынасына болжам жасау – 4 студент

4. Автор позициясын анықтау – 3 студент

5. Детальдарға талдау – 3 студент

6. Мәтінді аргументтелген бағалау – 2 студент

7. Эмоционалды әсерін нақтылау – 2 студент

8. Оқиғаның шынайылығы мен тарихилығына мән беру – 1 студент (сурет 2).



2-сурет – Сауалнама нәтижесі

Алынған жауаптардың көпшілігі бір-біріне ұқсас келді. Студенттердің көпшілігі оқиғаның сюжетіне, мазмұнына ғана назар аударумен шек-

телді. Кейбір студенттер мәтіндегі детальдарға ерекше мән берген. Дегенмен, көбісі авторлық позицияның көрінісін іздеуге және өзіндік пози-

циясын қалыптастыруға тырыспайды. Осы текті жауаптардың бірін ұсынып отырмыз:

Студент 1: “Бұл әңгімеде автордың балалық шағында орын алған шынайы оқиғаға негізделген. Оқиға ойланбай сөйлеген сөзі үшін сотталып жатқан жас жігіт туралы әңгімеден басталады. «Басқа пәле-тілден» деген әжесі бала Мұхтардың аңдамай сөйлеген сөзі үшін атасының сотталып кете жаздағанын баяндайды. Завферма атасына «соғымға дейін семіртіндер» деп қалдырып кеткен аудандағы прокурордың көк атын көп ұзамай қасқыр жеп қояды. Ал бұл мәселені ауыл балаларының «Пұркоралдың көк атын қасқыр жеген!» деген ойыны ушықтырып, прокурордың ашу-ызасын тудырады. Атасының бұл мәселеден құда-жекжаттық, таныс-туыстықтың арқасында құтылғанын айтады. Әңгіме «кейбір жағдайда шындықтан гөрі өтірік айтқан дұрыс, немесе мүлдем үндемей қал. Сол өтіріктің арқасында жас жігіт те, атасы да аман қалды» әжесінің немесеріне өсиетімен аяқталады”.

Кейбір студенттер оқиғаның мән-мағынасын нақты дәйексіз, фактілерге сүйенбей пайымдайды. Мәселен:

Студент 2: “Автор ересектердің шарасыздығы, амалсыз өтірігі мен балалардың аңғалдығы, шынайылығының контрасты қақтығысын көрсетеді”.


Студент 3: “Менің ойымша, автор ақиқатты айқайлап айтудың еш қажеті жоқ екенін және оның тек зияны болатынын көрсеткісі келді. Өмір соншалықты қиын, онда шындық сөзге орын жоқ, шынайы өмір әлдеқайда басқаша екенін түсіндіреді”.

Кейбір студенттер оқиғаның эмоционалдық әсеріне мән береді:

Студент 4: “Мен заманның әділетсіздігіне ызаландым және шындық үшін сотталып кете жаздаған кейіпкерлерді аядым”

Осылайша, 30 студентті 100 пайыз деп алған жағдайда 10 пайызы мәтіндегі автор позициясын анықтай алды, ал 13 пайызы мәтінге дұрыс интерпретация жасай алса, 6 пайызды құрайтын студенттер мәтінді дәйекті түрде бағалай алды. Ал қалған көрсеткіштер біздің ойымыздағы нәтижеге сәйкес келмеді. Осы тұрғыда, мәтінге қатысты өз позициясын қорғай алған дәлелді жауап мүлдем болмағанын ерекше назарға ұстаған жөн. Бұл алынған жауаптар көркем шығарманы оқу үдерісінің мектепте – мазмұндаумен, ЖОО-да – сюжет пен композициялық талдаулармен шектелуінің нәтижесін көрсетеді.

Оқырманның мәтінді түсініп оқуы әр оқырманда әртүрлі деңгейде жүзеге асатынын байқадық. Тапсырманы орындау кезінде мәтіннің негізгі идеясына назар аудармай, мәтін сюжетін бастан-аяқ мазмұндап беру тенденциясы байқалды. Сондай-ақ, студенттер айтылған идеяларын фактілер мен аргументтермен негіздеуде қиналатыны байқалды. Кейбір орынды болжам ұсынған студенттер оны дәйекті түрде негіздей алмаған. Қорытындылай айтқанда, оқытушының бағдар беруінсіз көптеген студенттер көркем шығарманы «мән-мағынасымен» емес, «мазмұнымен» түсінетініне көз жеткіздік. Алынған деректерді S.Ali ұсынған «шығарманы түсіну деңгейлеріне» топтастырдық (Ali,1993: 288)[13]:



3-сурет – Студенттердің шығарманы түсінуінің бес деңгейі

Студенттердің «мағынаны» түсіну нәтижелерін жақсарту үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттігі айқындалды. Бұл мақсатқа жетудегі негізгі әдістердің бірі – «кітап оқу

күнделігі» тәсілін қолдану. Бұл идеяны алғаш 1985 жылы М.Бентон және Дж.Фокс (Benton and Fox «reading log») (Benton, Fox,1987: 94) [14] ұсынған.

Бұл тәсіл, оқырманның көркем шығарма туралы ойлары мен сезімдерін ұйымдастыруды қамтитын мәтінді оқу кезіндегі әрекетті құрайды. Бұл рефлексиялық және шығармашылық үдеріс ретінде қарастырылады. Бұл, сайып келгенде, әдебиет сабағында мәтін аясында көптеген интерпретацияларды ашуға мүмкіндік береді (Ochoa, Basabe, 2015:40)[15].

Аталған әдіске сәйкес, студенттер кез-келген туындыны оқу барысында оның әр бөлімі бойынша өз ойын, туындаған идеялары мен ассоциацияларын тізбектеп жазып отырады. Ең басты ескеретін жағдай, жауаптар шынайы

эмоция үстінде толтырылуы керектігі. Себебі, біздің мақсат – студенттерге шығарма немесе эссе жаздырту емес. Бастысы – студенттердің автордың ойын, ниетін өмірлік тәжірибесіне, таным-түйсігіне сүйене отырып түсіну. Сол арқылы олардың сөйлеу және ойлау белсенділігін ынталандыру. Бұл тәсіл басты ерекшелігі – күнделік толтыруда студенттерге емле мен грамматика тарапынан толықтай еркіндік беру. Жазба әрекеті бағаланбайтын жұмыста студенттер өз ойларын еркін білдіре алатыны сөзсіз. «Кітап оқу күнделігі» келесідей бөлімшелерден тұрады (1-кесте).

1-кесте – Кітап оқу күнделігі

<i>Құрметті оқырман! Мәтінді \ кітапты \ көркем шығарманы оқу барысында төмендегі нұсқаулықтарды пайдалана отырып өз жауабыңызбен бөлісіңіз:</i>	<i>Студент жауабы</i>
<b>Болжау</b> (бұдан әрі не болатыны, қандай оқиғалар шешуші болуы мүмкін және кітаптың қалай аяқталатыны туралы болжамдарыңыз):	
<b>Суреттеу</b> (кейіпкердің бет-әлпетін немесе кітапта сипатталған көріністі көз алдыңызға елестеткенде ойыңызға келетін бейнелер):	
<b>Эмоциялар</b> (кейіпкердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне қатысты және оқиғалар мен жағдайлар туралы ойларыңыз мен пікірлеріңіз, сезімдеріңіз):	
<b>Бағалау</b> (жазушының шеберлігіне; стилистикалық құралдарды қолдануына: олар әсерлі мен әлде жоқ па; қай сөз тіркестері мен үзінділері сізге ерекше әсер ететініне қатысты пікірлер)	
<b>Естеліктер</b> (оқу барысында есіңізге түскен өз өміріңде болған оқиғаларды сілтеме белгі жасап отыру)	
<b>Байланыс</b> (оқып отырған шығармада кездестірген өз өміріңіздегі немес басқа оқыған кітаптардағы ұқсас сәттермен, идеялармен бөлісіңіз)	
<b>Салыстыру</b> (нақты бір ситуация бойынша кітаптағы кейіпкерлер өзін қалай ұстайды және сол жағдайда сіз қалай әрекет етер едіңіз)	
<b>Ой толғау</b> (көркем шығармадағы негізгі идеяларды пайымдаңыз)	
<b>Автормен байланыс</b>	
Автор оқырманына не айтқысы келеді?	
Автордың оқиғаға және\немесе кейіпкерге көзқарасы қандай?	
Автордың құндылығы қандай? Қанишалықты келісесіз?	
Автордың ниеті қандай? Олай ойлауға не әсер етті?	
<b>Құндылықтар</b> (Мәтінде көтерілген моральдық, эстетикалық мәселелерді анықтаңыз)	
<b>Сұрақтар</b> (оқу кезінде кейіпкерлер мен сюжетті түсінуге көмектесетін сұрақтар қойыңыз. «Неге», «Қалайша» деген сұрақтардан тайсалмаңыз)	
<b>Оқиганы кеңейту</b> (Мәтінді толығырақ түсіну үшін сізге қандай қосымша ақпараттар қажет: тарихи, әлеуметтік, мәдени, тағы да басқа фактілер фактілер)	
<i>Құрметті студент! Сіздің басты мақсатыңыз – кітапты көшіріп жазу емес, оқу барысында дәл сол сәтте ішіңіздегі кез-келген ойлар, сезімдер мен эмоциялар, идеялар мен ассоциацияларды сол қалпында өзгеріссіз қағазға түсіру. Оқыған материалға қатысты өз тұжырымыңыз бен пікіріңізді де жаза кетіңіз. Кейінірек келетін өткініші ойларды ұмытып қалмас үшін кітапты оқып болғаннан соң да, күнделікті жаныңызда ұстаңыз. Ең бастысы, сұрақтардың дұрыс жауабы жоқ, сондықтан өз ойыңызда жазудан қысылмаңыз. Және «қате жаздым» деген ойдан аулақ болыңыз. Сәттілік!</i>	



Осы тәсілді «Қазіргі кезең әдебиеті» курсы бойынша Қабдеш Жұмаділов, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Тынымбай Нұрмағамбетов шығармашылығын оқытуда ұсындық. Студенттерге күнделікті үй тапсырмасы ретінде үйде толтыру тапсырылды. Себебі сұрақтарға оқу кезінде жауап беру маңызды. Сондай-ақ барлық бөлімдерді толтыру міндеттелген жоқ.

Курстың соңында студенттерге анықтау деңгейінде ұсынылған М. Мағауинның «Пұркоралдың көк аты» әңгімесі мен сұрақтарды қайта бердік. Студенттерге әңгіменің негізгі идеясын, басты құндылығын табу қиындық тудырды. Себебі, студенттер көркем мәтіннің тілі мен стилін, сюжеті мен композициясын талдауға дағдыланған. Дегенмен, көркем шығарманы терең талдай алған бірнеше жауапты атап өтуге болады. Төменде шығарманы адекватты интерпретациялап, автор танымына жақындаған бірқатар жауаптардың үзіндісін ұсындық:

Студент 1: *“Шығармаға негіз болған оқиғаның – балалықтың «шалалығының» – фонында жаңа ұрпақ пен ескі ұрпақ көзқарастарының қақтығысы көрініс тапқан. Жетім Шәріп қоғамдағы әділетсіздікке көз жұма қарай алмайды. Кеңес үкіметінің «Америка-жаман, ол-адамзаттың қас жауы» деген соқыр идеологиясымен түбегейлі келіспей, «Америка менің әкемді өлтірген жоқ!» деп тұрасынан айтады. Осы тұрашылық оны абақтыға жаба жаздаған. Шындық сөз туындатқан мәселені шешіп берген – өтірік сөз. Өмірдің парадоксы қандай, иә...”*

Студент 2: *“Заманның көрінісі, шарасыздық туындатқан өтірік сөздер, жан бағу, аман қалу үшін жас ұрпаққа өтірік сөйлеуді «насихаттау драмасы». Сонда да адамдардың кеудесінде бір үміт оты өштегеніне автор сенеді. «Құдай бар болса...» деген көп нүктенің артында болашаққа, келер күнге бір сенім бар. Әңгіменің соңында автор өз позициясын атасының аузына салып қояды. Тіл шыққаннан дем үзілгенге шейін «тура жолға», ақ пен адалдың, қажыр мен қайраттың жолына бастау» – міне автордың оқырманына жеткізгісі келетін басты құндылығы”*

Студент 3: *“Шығармадағы әрбір деталь авторлық ұстанымды айшықтайды. Автор прокурордың арық, сүйкімсіз, тәкаппар көк атын – әділетсіз заманды алып келген қанишер билік ретінде символдайды. Ал әбден ашынған, қажыған халық рухын – аш, «жын соққан» қасқыр бейнесінде береді». Автор, әрине, ез болған халқы үшін жан ашиды. Көк бөрі – қазақ халқының тотемі. Ол – халқымыздың рухы. Көк бөрінің майлы, етті жүз жылқының ішінен ұсқынсыз,*

*арық атты таңдап жеуі кездейсоқ емес. Сол арқылы өз халқы үшін өш алғандай».*

Нәтижесінде, оқу күнделігін толтыру кезінде студенттердің шығарманы талдауы, түсіну деңгейі жетіле бастағанын, нақты сұрақ аясында мәтінге тереңірек бойлай бастағанын байқадық. Зерттеуге қатысқан студенттердің нәтижелері оң динамиканы көрсетті. Студенттер мәтінді түсінудің деңгейлерінен кезең кезеңімен өту арқылы «мазмұнды» емес, «мағынаны» түсінуге жете бастады. «Оқу күнделігін» нәтижесінде алынған көрсеткіштерді төмендегідей сипаттай аламыз:

- Сюжетті сөзбе-сөз емес, оқырман тұрғысынан пайымдайды;
- Автордың идеясын аша алады;
- Өз позициясын жан-жақты дәлелдеп бере алады;
- Кейіпкердің орнына өзін қойып, оның ойы мен іс-әрекетін түсіндіре алады;
- Автордың ұстанымын нақтылап, аргументтермен дәлелдей алады.

### Қорытынды

Мақаланы қорытындылай келе, мәтінді түсініп оқу деңгейін арттыруды автор мен оқырманның мәтін ішінде туындайтын, дамитын, аяқталатын өзара қарым-қатынасы аспектісінде қарастырудың маңыздылығы мен тиімділігі зор. Өйткені, көркем шығарманың композициясы, сюжеті, оқиғасындағы тартысы, кейіпкерлер әлемі, пейзаждық суреттеулері автордың ішкі әлемінен туындайды. Оқу үдерісінде «ішкі әлем» оқырманның қабылдауы арқылы «сыртқы әлемге» ашылады. “Көркем шығарманы оқығанда оқырман ғана көркем бейнелерді қабылдау деңгейінде құра алады. Біз кейіпкерлерге автор ұсынған кез келген белгілерге қарамастан өзіміздің санамызда бар бет-әлпет пен тұлға тұрпатын береміз. Оқырманның балалық шағы автор мәтініне терең еніп, оқырман өз өмірінен көрген, түйген елестетете алатын жерлерді, дыбыстарды, иістерді, сенсорлық бейнелерді береді” (Веег, 2014: 2)[16]. Бұл тұрғыдан кез келген көркем шығарманы жазушы мен оқырманның бірігіп құрастыратынын айқындаймыз. Сондықтан мәтіннің мән-мағынасын тереңінен ашу мәселесінде біз бұл екі әдеби категорияны (автор мен оқырман) әрдайым бірге қарастыруға тиіспіз. Осылайша, мақалада ұсынылған автор мен оқырманның өзара әрекеттесу моделіне негізделген әдістемелік жүйе көркем мәтінді түсіну деңгейін арттыруға ықпал етеді деп топшылай аламыз.

### Әдебиеттер

1. Виноградов В.Б. О теории художественной речи. – Москва: Высшая школа, 1971. – 194 б.
2. Салтыков М.Е. Полное собрание сочинений М. Е. Салтыкова (Н. Щедрина). – Москва: Гослитиздат, 1977. – VIII том, 117 б.
3. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. Сост. С. Г. Бочаров – Москва: Искусство, 1986. – 423 б.
4. Тюпа В.И. Смысл художественный / Поэтика: словарь актуальных терминов и понятий. – Москва: Intrada, 2008. – 238 б.
5. Ядровская Е.Р. Творческие работы учащихся 5-7 классов по литературе как диалог с искусством и собственной личностью [Электрон. ресурс] – 2000. – URL: <http://surl.li/folrp> (қаралған күні 25.01.2023)
6. Адаева Е.С. Прозалық мәтінді талқылау мәселелері: оқу құралы / Е.С. Адаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 153 б.
7. Шалабай Б. Көркем мәтіндегі автор бейнесі [Электрон. ресурс] – 2020. – URL <https://clck.ru/33gXbN> (қаралған күні 25.01.2023)
8. Lutsenko L. (2019). Eliza Haywood's Empathy: Creating a Narrative Discourse of Her Own. 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies, vol.24, no 1, pp. 29 – 39. <http://dx.doi.org/10.17576/3L-2018-2401-03>
9. Пищальникова В.А. Концептуальный анализ поэтического текста. – Барнаул: АГУ, 1991. – 87 б.
10. Wallace, C. Learning to read in a multicultural society. London: Prentice Hall, 1987.
11. Millrood, R. Modular Course in ELT Methodology. Moscow: Drofa, 2001.
12. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. 1960-2002 ж. – Алматы: Қағанат – FMO баспасы, 2002. – V том, 225 б.
13. Ali S. The reader-response approach: an alternative for teaching literature in a second language // Journal of Reading. 1993. – Vol. 37, no. 4. – pp. 288-296.
14. Benton M., Fox G. Teaching Literature // British Journal of Educational Studies. 1987. – Vol. 35, no. 1. – pp. 94-95.
15. Ochoa Delarriva O., Basabe E. A. Reading logs and literature teaching models in English language teacher education // HOW. 2015. – Vol. 22, no. 2. – pp. 37-53.
16. Beer G. The Reader as Author // Authorship. 2014. – Vol. 3, no. 1. – p. 2. <https://doi.org/10.21825/aj.v3i1.1066>.

### References

- Адаева, Е. С. (2013). Прозалық мәтінді талқылау мәселелері: оқу құралы [Issues of discussing prose text: a textbook]. Алматы: Qazaq universiteti. (in Kazakh)
- Ali, S. (1993). The reader-response approach: an alternative for teaching literature in a second language. Journal of Reading, 37(4), 288-296.
- Bakhtin, M. M. (1986). Estetika slovesnogo tvorchestva [Aesthetics of verbal creativity]. Sost. S. G. Bocharov. Moskva: Iskustvo. (in Russian)
- Beer, G. (2014). The Reader as Author. Authorship, 3(1), 2. <https://doi.org/10.21825/aj.v3i1.1066>
- Benton, M., & Fox, G. (1987). Teaching Literature. British Journal of Educational Studies, 35(1), 94-95.
- Lutsenko, L. (2019). Eliza Haywood's Empathy: Creating a Narrative Discourse of Her Own. 3L: The Southeast Asian Journal of English Language Studies, 24(1), 29-39. <http://dx.doi.org/10.17576/3L-2018-2401-03>
- Magauin, M. (2002). Shyғarmalar jinaғы: On úsh tomдық [Collected works: Thirteen volumes] (Vol. V). Алматы: Qaғanat – FMO baspasy. (in Kazakh)
- Millrood, R. (2001). Modular Course in ELT Methodology. Moscow: Drofa.
- Ochoa Delarriva, O., & Basabe, E. A. (2015). Reading logs and literature teaching models in English language teacher education. HOW, 22(2), 37-53.
- Pishchalnikova, V. A. (1991). Kontseptual'nyi analiz poeticheskogo teksta [Conceptual analysis of a poetic text]. Barnaul: AGU. (in Russian)
- Saltykov, M. E. (1977). Polnoe sobranie sochineniy M. E. Saltykova (N. Shchedrina) [Complete works of M. E. Saltykov (N. Shchedrin)] (Vol. VIII). Moskva: Goslitizdat. (in Russian)
- Shalabai, B. (2020). Kórkem mátdіндегі avtor beinesi [The author's image in the artistic text]. Retrieved January 25, 2023, from <https://clck.ru/33gXbN> (in Kazakh)
- Тюпа, В. И. (2008). Smysl khudozhestvennyy [Artistic meaning]. In Poetika: slovar' aktual'nykh terminov i ponyatiy [Poetics: a dictionary of relevant terms and concepts]. Moskva: Intrada. (in Russian)
- Vinogradov, V. B. (1971). O teorii khudozhestvennoy rechi [On the theory of artistic speech]. Moskva: Vysshaya shkola. (in Russian)
- Wallace, C. (1987). Learning to read in a multicultural society. London: Prentice Hall.
- Yadrovskaya, E. R. (2000). Tvorcheskie raboty uchashchikhsia 5-7 klassov po literature kak dialog s iskusstvom i sobstvennoi lichnost'iu [Creative works of 5-7 grade students in literature as a dialogue with art and their own personality]. Retrieved January 25, 2023, from <http://surl.li/folrp> (in Russian)

**Авторлар туралы мәлімет:**

Қамбарова Ғаинижамал (корреспондент автор) – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының докторанты, Сүлейман Демирел университеті (Қаскелең қ., Қазақстан, эл.пошта: 222301001@stu.sdu.edu.kz )

Жұмақаева Береке – Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Сүлейман Демирел университеті (Қаскелең қ., Қазақстан, эл.пошта: bereke.zhumakayeva@sdu.edu.kz)

Калдыбаева Гүлмария – ҚРСО мүшесі, қауым. профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: gulmariakaldybaeva@gmail.com )

**Сведения об авторах:**

Камбарова Ғаинижамал (корреспондент автор) – докторант образовательной программы «Казакский язык и литература», университет Сулеймана Демиреля (г.Каскелен, Казахстан, эл.почта: 222301001@stu.sdu.edu.kz )

Жумакаева Береке – кандидат педагогических наук, профессор, университет Сулеймана Демиреля (г.Каскелен, Казахстан, эл.почта: bereke.zhumakayeva@sdu.edu.kz)

Калдыбаева Гүлмария – член СХРК, и.о. ассоц. профессора, Казакский национальный женский педагогический университет (г.Алматы, Казахстан, эл.почта: gulmariakaldybaeva@gmail.com )

**Information about authors:**

Kambarova Gainizhamal (corresponding author) – doctoral student of educational program «Kazakh language and literature», Suleyman Demirel University (Kaskelen, Kazakhstan, email: 222301001@stu.sdu.edu.kz )

Zhumakayeva Bereke – Candidate of Pedagogical Sciences, professor, Suleyman Demirel University (Kaskelen, Kazakhstan, email: bereke.zhumakayeva@sdu.edu.kz)

Kaldybaeva Gulmariya – Member of the Union of Artists of the Republic of Kazakhstan, acting assoc. professor, Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan, email: gulmariakaldybaeva@gmail.com)

Келін түсті: 05.04.2024

Қабылданды: 01.06.2024

Ж.Т. Дәулетбекова<sup>1\*</sup>, Қ.М. Рай<sup>1</sup>,  
А.С. Набидуллин<sup>2</sup>, К.С. Алдашева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан-Британ техникалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

## А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ТІРІ БІЛІМ» ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АБАЙ ІЛІМДЕРІНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ: ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кіріспе бөлімде Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясының маңызы ашылады. Мақалада заманауи білім беру жүйесінде Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясын жүзеге асыру жолдары қарастырылады. Бұл теорияның Ұлы Дала ойшылдарының еңбектерімен сабақтастығы айтылады. Ғалымның ой-тұжырымдары әл-Фарабидің, Абайдың білім мен тәрбиеге қатысты ойларымен сабақтастықта талданады. Ойшылдардың қағидалары «Ілім – Ғылым – Білім» сабақтастығында зерделенеді.

Әл-Фарабидің «білім мен тәрбиенің тұтастығы» іліміндегі негізгі бағдар – білім мазмұны арқылы тәрбие беруді күшейту. Себебі білімсіз тәрбие берілмейді, тәрбие болмаса білімнің де маңызы жоғалады. Сондықтан оқыту үдерісінде тәрбие тек оқу мәтіндеріндегі дидактикалық мазмұннан тұрмауы тиіс. Тәрбие тілдік бірліктерді оқыту үдерісінде оның адам өміріндегі мәнін танытуға, рөлін көрсетуге бағытталуы керек. Теориялық оқу материалдары тілдің аса маңызды құндылық екенін түсіндіруге қызмет етуі қажет. Бұл Ақымет негіздеген «тірі біліммен» толық ұштасып жатыр.

Сонымен қатар, мақалада Абай еңбектеріндегі «дүниелік білім», «мұлахаза» және «мұхафаза» категориялары да талданды. Тілді оқыту үдерісінде білімді саналы меңгерудің, ғылыми танымдарын жетілдірудің басты шарты ретінде олардың маңызы ашылды. Оқушылардың жұптық, топтық тапсырмаларды орындауы барысында қалыптасатын тілдік қатынас дағдыларының функционалдық мәні көрсетілді.

Қорытындыда қазақ тілін оқытудың тұғырнамалық бағыттарын белгілеуде Ұлы Дала ойшылдарының идеяларындағы үндесімді ескеру қажеттігі дәйектеледі.

**Түйін сөздер:** білім жүйесі, «тірі білім» теориясы, ілім, функционалдық сауаттылық, дүниетаным, баули оқыту, «мәніс білім», «әдіс білім».

Zh.T. Dauletbekova<sup>1\*</sup>, K.M. Ray<sup>1</sup>, A.S. Nabidullin<sup>2</sup>, K.S. Aldasheva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Kazakh-British Technical university, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

### Continuity of the Theory of “Living Knowledge” by A. Baitursynuly and the Teachings of Al-Farabi and Abai: Methods of Teaching the Kazakh Language

In the introductory part of the article, the meaning of the theory of Akymet Baitursynuly “Tiri bilim” is revealed. The article discusses the ways of implementing the theory of Akymen Baitursynuly “Tiri bilim” in the modern education system.

The relationship between the theory of A. Baitursynuly and the opinions of thinkers Uly Dala, like al-Farabi and Abai Kunanbaev, is revealed. The principles of thinkers are studied in the sequence “Teaching – Science – Education”.

The main direction of al-Farabi’s teachings about the “integrity of education and upbringing” is the strengthening of education through the content of the discipline. Since education cannot be given without education, without education the meaning of education will be lost.

At the same time, education in the educational process should not consist only of didactic content in educational texts. In the process of studying and theoretical materials should be aimed at showing

the importance and role of the native language in human life. This is fully compatible with the theory of "manis bilim" established by A. Baitursynuly.

The article also analyzes the categories of "mulakhaza" and «muchafaza» according to the works of Abay. In the process of teaching the Kazakh language, their importance was revealed as the main mechanism for the formation of conscious knowledge of students. In this regard, the importance of language communication skills formed during the performance of pair and group tasks is shown.

The conclusion emphasizes the need to take into account the harmony of the ideas of al-Farabi, Abai Kunanbaev and Akymet Baitursynov when determining priority areas for teaching the Kazakh language.

**Keywords:** education system, the theory of "tiri bilim", teaching the Kazakh language, functional literacy, worldview, teaching, "manis bilim/meaningful knowledge", "adis bilim/methodological knowledge".

Ж.Т. Даулетбекова<sup>1\*</sup>, К.М. Рай<sup>1</sup>, А.С. Набидуллин<sup>2</sup>, К.С. Алдашева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Казахстанско-Британский технический университет, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru

### Преимственность теории "живого знания" А. Байтұрсынұлы и учения Аль-Фараби и Абая: методика обучения казахскому языку

В статье рассмотрена теория А. Байтұрсынұлы «Тірі білім» по изучению языка. Раскрывается взаимосвязь теории А. Байтұрсынұлы с мнениями мыслителей Ұлы Дала, как аль-Фараби и Абая Кунанбаева. Принципы мыслителей изучаются в последовательности «Учение – Наука – Образование».

Основным направлением учения аль-Фараби о «целостности образования и воспитания» является усиление образования через содержание дисциплины. Поскольку образование не может быть дано без воспитания, без воспитания смысл образования будет потерян. При том воспитание в учебном процессе не должно состоять только из дидактического содержания в учебных текстах. В процессе изучения и теоретические материалы должны быть направлены на то, чтобы показать значение и роль родного языка в жизни человека. Это полностью совместимо с теорией «мәніс білім», установленным А. Байтұрсынұлы. В статье также проанализированы категории «полезное знание», «мулахазы» и «мухафазы» по трудам Абая. Было выявлено их значение как главного механизма формирования сознательного знания учащихся. В связи с тем, показана важность навыков языкового общения, формируемых при выполнении парных и групповых заданий. В практической части статьи приведены результаты опроса студентов.

**Ключевые слова:** система образования, теория «живое знание», обучение казахскому языку, функциональная грамотность, мировоззрение, учение, «мәніс білім/осмысленное знание», «әдіс білім/практический навык».

## Кіріспе

Білім беруді жетілдіру үдерісінде оның әдіснамалық тұғырларын ұлттық таным тұрғысынан дұрыс негіздей алу аса маңызды фактор болып саналады. Бұл, әсіресе, ұлттық құндылықтармен, ұлттық ділмен, ұлттық санамен, елжендылық рухпен байланысы айрықша көрініс табатын тіл, әдебиет, тарих секілді пәндерге қатысты жиі көтеріліп отырады. Сондықтан қазақ тілін ұлттық құндылық ретінде таныта оқытудың әдіснамалық негіздерін айқындауда Ұлы Дала ойшылдарының пікірлерін саралап, олардың тұжырымдарын кіріктіре қолдану қажет. Мақала тақырыбына сай зерттеу жұмысында тілді оқыту үдерісіндегі «Ілім – Ғылым – Білім» сабақтастығын зерделеу көзделді.

Алдымен, заманауи талаптарға сай білім алушылардың тілге, жалпы ұлттық құндылықтарға деген қатынасын дұрыс қалыптастыру үшін білім мен тәрбиенің бірлігіне ерекше мән беру, оның негіздерін ұлт зиялыларының еңбектерімен сабақтастықта айқындау қажет деп саналды. Бұл орайда тілді өнер түрінде, ғылым сипатында меңгертудің ғылыми-әдістемелік жолдарын негіздеген Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясы басшылыққа алынды. Себебі, біріншіден, тілді оқытуда бұл теория Ұлы Дала ойшылдарының тұжырымдарымен толық үндеседі. Екіншіден, тұлға қалыптастырудың әрі білімдік, әрі тәрбиелік аспектілерін сабақтастықта қарастырудың өзегін құрайды. Үшіншіден, «Тірі білімнің» негізіне алынған «мәніс білім» мен «әдіс білім» тілдегі әрбір категорияны, бірлікті әрі та-

нымдық тұрғыдан, әрі қолданым жағынан өзара бірлікте түсініп, жүзеге асырудың мүмкіндігін кейтеді. Мақалада осы тұрғыдағы тұжырымдарды дәлелдеу мақсатында ғалымның іргелі теориялары оқытудың инновациялық әдістерімен байланыста ұсынылады.

**Зерттеудің мақсаты** – Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясын әл-Фарабидің, Абай Құнанбайұлының ілімдерімен сабақтастықта зерделеу, олардың ішкі үндесімін айқындау, сол қағидаларға сүйеніп, қазақ тілін жаңаша оқытудың жолдарын бағамдау. Үш тұлғаның пікірлеріндегі ортақ тұжырымдар тіл туралы білім мен тәрбиені біртұтастықта жүзеге асырудың жолдарын табу, жүйелеу мүмкіндігін кеңейтеді. Сондықтан қазіргі заманның білім беру талаптарына сай қазақ тілін оқытуды жетілдірудің өзекті мәселелерін шешуде Ақыметтің «Тірі білімі» мен әл-Фарабидің «Білім мен тәрбиенің тұтастығы», Абайдың «ғылымды зорайту» ілімдеріндегі ой сабақтастығы мен тұжырымдарындағы ортақ негіздерге мән беру оқытудағы жаңа бағыттарды айқындауға мүмкіндікберді.

### Зерттеу әдістері

Мақалада әл-Фараби, Абай, А.Байтұрсынұлы пікірлерін талдау, саралау, ой қорыту әдістері қолданылды. Сонымен қатар тұлғаның ғылым-білімді меңгеру жолы туралы пайымдамалары талданды. Мәтінмен жұмыстың түрлері сараланды. Білім алушылардың ойлау, сөйлеу, еңбек мәдениетін өзара бірлікте дамытуға бағытталған жұптық, топтық жұмыстарды, шығармашылық, креативтілік сипаттағы тапсырмаларды өзара сабақтастықта ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері атап көрсетілді, жекелеген әдістердің қолданысы практикалық тұрғыдан түсіндірілді.

### Әдебиеттерге шолу

Тіл мен тәрбиенің бірлігін жүзеге асыруда әл-Фараби негіздеген «тәрбиелеудің басты мақсаты – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» болуы керектігі жөніндегі пікірі тірек етіп алынды (Әл-Фараби, 2005: 212) [1]. Ғалымның пайымдауына сүйенсек, «адам өмірінің мақсаты бақытқа жету, сол себепті субъект, ең алдымен, бақыттың не екенін ұғынуы және соған қол жеткізу үшін не істеуге міндетті екенін білуі қажет» (Әл-Фараби, 1994: 27) [2]. Бұл пікір адамзат қоғамының дұрыс бағытта дамуы әлеуметтік құн-

дылықтарды түсініп, меңгеруіне, бойына сіңіруіне байланысты екенін дәйектейді. Әл-Фарабидің «Білімге негізделген тәрбие» ілімі – қоғамдық ортада қалыптасқан білім мен тәрбиені екі бөліп қарау тенденциясындағы қателікті түсінуге ықпал ететін концептуалдық негіз. Бұл – бір. Себебі білім беру үдерісі тек ақпарат беру емес, Ақымет айтқандай, «тірлік шарасына үйрету» болса, онда оның тәрбиеден тыс жүзеге асуы ойға сыйымсыз. Өз кезегінде тәрбие беру деген де құр сөзбен ақыл айтудан, мәдени ойын-сауықпен шектелетін шаралардан құралмайтыны ақиқат. Шын мәнінде, тәрбие жас ұрпақтың бойына ойлау, сөйлеу, еңбек әрекеттерінің бірлігінде ғана сіңеді. Білім баланың ойына қозғау салатындай тағылымды, сөйлеу әрекетіне ықпал ететіндей түсінікті болмаса, оның бойына дарымайды. Олай болса, тілді оқытуда да, ең алдымен, ондағы білімдік және тәрбиелік қуат көзінің ортақ қайнарын табу маңызды.

Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясындағы өміршең идеяларды орнықтыру үшін олар ұлттық құндылықтарға табан тірей отырып, білім сапасын арттырудың басты тетігіне айналуы шарт. Өйткені ғалым А.Құсайыновтың пайымдауынша, «оқытудың сапасы әрбір қоғамдағы білім беру үдерісінің нәтижесін де, оның адам бойындағы қабілеттер мен қасиеттерді дамытудағы және қалыптастырудағы әлеуметтік қажеттілікке сәйкестігін де өзара байланыста анықтайтын категория ретінде қарастырылуы тиіс. Өйткені білім сапасы төмендесе, бұл салада кенжелеп қалу қаупі туады, ол өз кезегінде елдің бәсекеге қабілеттілігі мен мемлекеттің қауіпсіздігіне ықпал етеді» (Құсайынов, 2009: 11) [3]. Білім мазмұнында қоғамдық мүдде мен білім алушының жеке мүддесі қабысатындай мүмкіндіктерді нақтылау маңызды. Сондықтан қазақ тілін оқытудың сапасын арттырудың концептуалдық негізі ретінде бұл теорияның ұлттық ғылым кеңістігіндегі мәні де беки түсетіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда тілді оқытудың тұғырнамалық негізі ретінде Ұлы Дала ойшылдарының Адамзат өміріндегі тілдің рөлі туралы тұжырымдарын негізге алудың екінші себебі: оларда тіл туралы білімге негізделген тәрбиенің этикалық құндылықтармен байланысы тереңнен ашылды. Абай шығармаларында айтылғандай, «әрбір адам Құдірет иесінің ерекше махаббатпен жаратқан сұлтантекті туындысы болып саналады. Себебі ғажайып ақылды ғажайып денеге енгізіп, ерекше салихат дарытқаны оның адамды хикметпен сұлтан қылғаны» (Құнанбайұлы,

1977: 169) [4]. Осылайша, Абай бір Жаратушының адамға берген өзгеше ақылды дамытатын, сол арқылы өзінің сұлтанға тән болмысына лайық әрі қажетті бір ғажайып қабілетті, сөйлеу қабілетін нығмет еткенін айқындайды. Сөзсіз, сол сый мен айрықша қабілеттің бастауы – Тіл. Ақымет Байтұрсынұлы тілді «адам баласының адами белгісінің зоры екенін» дәйектей отырып, Абай байламының мәнісін тереңдете түседі (Байтұрсынұлы А, 2013: 9) [5]. Расында да, тіл – Тәңірдің адамзатқа бұйыртқан ең ұлы мүмкіндіктерінің бірі, адам өмірін құнарландыратын айрықша сый. Адамзатқа берілген тіл – оның жер бетіндегі миссиясына сай өмір сүруінің бірден-бір кепілі, өз тағдырын қалауынша өзгерте алуының басты құралы, өзі көкसेген Бақытқа апаратын құралы, өз ұлтының өкілі ретінде социологиялық тұрпатының дұрыс қалыптасуының шарты. Ана тілімен сабақтастықта берілетін білімнің этномәдени сипаты күшейе түседі, оның тұлға дамуындағы мәні кеңейтіледі. Осы саланы зерттеушілердің пікірінше, «этномәдени білімді меңгерту үшін оқытуда әлемдегі мәдениет құндылықтарын қоса игертуге ден қойылуы шарт. Ана тілі мен мәдениетіне басымдық берілген жағдайда ғана сол білім жеке тұлғаның этномәдени болмысын сақтауға бағытталған білім ретінде» қызмет етеді (Темиргалинова, 2022: 57) [6]. Олай болса, Ақымет Байтұрсынұлының: «Тірі білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек» деген түйінді пікірі тілді оқытудың басым бағдарын анықтауға негіз болуы заңды (Байтұрсынұлы, 2013: 15)[7]. Біздің пайымдауымызда, «тірі білімді» жүзеге асырудың тетіктері саналатын «мәніс білім» тұлғаның тілді дүниетанымдық тұрғыдан ұғынуына қызмет етсе, «әдіс білім» сол ұғынған нәрсенің «сырын» сезініп, оны дұрыс әрі сауатты қолдануға келіп саяды. Осы екі арна өзара біріккенде ғана ұлттық тіл жас ұрпақтың ұлттық ділін, ұлттық санасын сомдауға қызмет етеді.

Ана тілі ретінде оқытылатын қазақ тілін меңгертуге тұғыр қалайтын Ақыметтің идеялары Абайдың қағидаларымен және тілді «үйрету – үйрену» тандемін орындау амал-тәсілдерімен сабақтастырылуы – басты талаптың бірі. Абай өз еңбектерінде адам баласының «дүниелік білімді» түсініп, меңгеруінің, жаратылыстың сырын білім жолымен тануының аса мәнді екі тетігін татап көрсетеді: «адам ішіндегі білім-ғылымды көбейтетін қарудың бірі – мұлахаза қылу (ойласу, пікір алысу) болса, екіншісі – берік мұхафаза қылу (сақтау, қорғау)». Ойшыл «бұл екеуі

зораймаса, онда ғылым да зораймайтынын» баса айтады (Құнанбайұлы, 1977б: 175). [4]. Бүгінгі зерттеушілер пікірлесімді оқытудың тәсілі ретінде қарастырса, Абай осы ілімінде ол білім философиясы тұрғысынан дәйектелген. Сол себепті тілді оқытудың әдіснамалық та, әдістемелік те жүйесінде бұл пікір тірек етіп алынды.

### Материалдар мен әдістер

Тілді оқыту жүйесін жетілдірудің ғылыми-әдіснамалық және педагогикалық-әдістемелік мәселесі тіл туралы білімді кешенді жүргізуге, оқу материалдары мен нақты *оқыту әдістерін* дұрыс, сауатты таңдауға тікелей байланысты. Бұл тілді оқытудың басымдықтарын анық ашып алуға келіп тіреледі. Тіл туралы білімді дәстүрлі, Ақымет Байтұрсынұлы жүйесі бойынша бірізділікпен, сабақтастыра меңгерткен жөн бе? Әлде жаңырылған оқу бағдарламасында айтылғандай «ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, *қазақ әдеби тілі нормаларын* сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету» секілді түсініксіз мақсатқа сай тіл теориясын «шашыратып», лексикалық тақырыпқа «астар» түрінде ұсыну тиімді ме? (Оқу бағдарламалары, 2017: 3) [8]. Біздіңше, әрине, тілді оқыту үдерісінде, *оқу материалдары мен әдістерін* таңдау барысында А.Байтұрсынұлының тілді «тұтас танытуға» қатысты ойы негізге алынды. Ғалым тіл деп аталатын «алып машинаның әр бөлшегінің қолданымдық қызметін сол тұрған қалпында таныту қажет» деп санайды. Сондықтан эксперимент барысында тілді функционалдық сауаттылыққа қарай бейімдеп оқытудың екі шарты сақталды: біріншіден, тіл жүйесін өзінің табиғатына сай қалыпта, құрылымдық-деңгейлік сипатын сақтай отырып таныту. Екіншіден, әр бөлшектің практикалық қызметін таныта меңгертуге мән бере оқыту. Өйткені Ақымет Байтұрсынұлы «сауаттау әдісін» сауаттылық жолдарын меңгертуге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы» ретінде бағалайды (Байтұрсынұлы, 2013б: 38)[7]. Сол себепті дәл сол тақырыпқа қатысты тиімді әдістерді түрлендіре отырып, тіл тетіктерін сауатты қолдануға үйрету – мұғалімнің кәсіби міндеті болса, ал оқушының сауаттану әрекетіне тіл заңдылықтарын сақтап, оны өз мақсатына қарай дұрыс қолдана алуға үйрену үдерісі жатады. Бұл өз кезегінде «білім алушының тілдік-коммуникативтік күзіреттіліктері мен сөйлесім әрекеті түрлерін кешенді әрі өзара бірлікте дамытумен

тығыз байланысты бағаланады» (Оразбаева, 2017: 41) [9].

Жасыратыны жоқ, басқа мамандықтарды айтпағанда, педагог мамандарды даярлайтын жоғары оқу орнындағы студенттердің өзі де тілдік терминдерді ажыратуға шорқақ, оны функционалдық тұрғыдан түсіндіріп, дәйектеуге икемсіздік танытады. Ең қарапайым мысал: тіл дыбыстары мен физикалық дыбыстың айырмашылығын анықтау үшін *жетекші сұрақтар* қойып, дыбыстау мүшелерінің атауын біртіндеп, ежіктеп айтқызуға тура келеді. Өйткені дәл осыны түсінбейінше, олардың фонетикалық нормаларды, заңдылықтарды меңгеруі мүмкін емес. Мектеп қабырғасында сауаттау әдістерінің талапқа сай жүргізілмеуі, бағалаудың дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан болашақ қазақ тілі мамандығын таңдап келген білімгерлердің өзін қайта оқытуға тура келеді. Әлбетте, шашыраңқы алынған білім адам жадынан тез өшеді. Сондықтан тіл дыбыстарының «мәнісін» түсінбейінше, оны қолдану «әдісін» меңгерту, сауатты сөйлетуге үйрету мүмкін емес. Ол үшін білім алушыларға, алдымен, дыбыстау мүшелерін таныту, олардың сөзді сауатты айтудағы рөлін білгізу шарт. Өйтпеген жағдайда тіл дыбыстарын жіктеуге негіз болатын амалдарды саналы түсінбейтінін, қазақ тілінің үндестік заңының жүзеге асу «әдісіне» де мән бермейтінін күнделікті өмірде көріп жүрміз. Сол себепті Алматы қаласындағы №159 мектептің 5-сынып оқушыларымен эксперимент жүргізілді. Экспериментке 78 оқушы қатысты. Эксперимент барысында тілді оқытудағы ең қарапайым, бірақ сөйлеуге үйретудегі аса маңызды тіл дыбыстары туралы материалдардың меңгертілу жүйесі «мәніс білім» тұрғысынан мынадай тізбекпен жүргізілді:

- тіл дыбыстары мен физикалық дыбыстардың жасалуындағы айырмашылықты танытуға **мән** берілді (бірінің қатты денелердің соқтығысуынан, екіншісінің адамның дыбыстау мүшелерінің қатысуынан жасалатыны тәжірибе арқылы түсіндіріледі);

- дыбыстау мүшелерінің атауымен, орналасу ретімен таныстырып, әрқайсысының артикуляциялық қызметін анықтауға **мән** берілді (өкпе, кеңірдек, тамақ қуысындағы көмекей, тілшік, дауыс шымылдығы; ауыз қуысындағы жақ, тіс, тіл, таңдай, ерін; мұрын қуысындағы кеңсірік, желбезек);

- тіл дыбыстарының дауысты, дауыссыз болып жіктелуіндегі дыбыстау мүшелері қызметінің ерекшелігін дәйектеуге **мән** берілді;

- дауысты дыбыстардың ішкі жіктелісіндегі дыбыстау мүшелерінің қатысымын танытуға **мән** берілді (дауысты дыбыстарды ажыратудағы тілдің, жақтың, еріннің дыбыс жасалымға ықпалы; дауыссыздарды жіктеуде үн мен салдырдың арақытынасының әсері);

- қазақ тілінің Үндестік заңы терминінің мағынасын ашуға, оның сөйлеудегі функционалдық қызметін түсіндіруге **мән** берілді. Сонымен қатар тапсырманы орындау критерийлері оқушыларға алдын-ала ұсынылды. Себебі критерий мен білімді ашық бағалау бір-бірімен тығыз байланысты. Заманауи талап бойынша *«білімді бағалаудың мақсаты – білім алушының нені игергенін тексеру ғана емес, оқу үлгерімін жақсартуға, білім сапасын көтеруге қызмет ету»* (Andersson, 2017: 113)[10]. Өйткені дұрыс ұйымдастырылған бағалау, ең алдымен, «оқушы үшін өзін-өзі дамытуға, өз әрекетін тиімді жүргізуге үйренуге бағыт беретін құралға айналуы шарт. Ал, мұғалім үшін бағалау жүйесі білім берудің тиімді жолдарын табуға қызмет етуі тиіс» (Shepard, 2006: 623)[11]. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап білім алушыларға тілді функционалдық тұрғыдан меңгерту мен оны бағалау «тірі білім» теориясы бойынша әр тақырып аясында «мәніс білімге» (тақырыптағы негізгі ұғымдарды саналы түйсінуге) және сол түйсінген дүниесін «әдіс білім» арқылы жеткізе алуына бағдарланып отыруы – басты шарт.

Қазақ тілін жаңаша оқытудың заманауи бағытының бірі Ақымет Байтұрсынұлы жүйелеген тіл салаларының тізбегін сақтай отырып, оны *оқытудың әдістемелік жолдарын* заманауи терминдермен сәйкестікте жетілдіру болып белгіленді. Тілді меңгерту үдерісін жетілдіруге негіз болатын Ақыметтің идеялары Абай негіздеген философиялық ілімдермен үндестікте ашыла түседі. Абайдың білім-ғылымды көбейтудің қаруы ретінде ұсынатын мұлахаза қылу, мұхафаза қылу амалдары тұлға қалыптастыруға бағытталған *оқу әрекетін* тиімді ұйымдастырудың негізгі тетіктері болып саналады. Өйткені бұл тапсырмалар ақпаратты жалаң баяндаумен шектелмейді, білім алушының *қатысымдық құзіреттілігін* қалыптастыруға қажетті креативтілік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұластырды. Білім алушының креативті ойлауы оның алдында тұрған мәселенің нақты шешімін іздеуге икемділігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. С.Л. Буковскийдің пайымдауынша, «креативті ойлаусыз коммуникативтік құзырет-



тілік қалыптасуы мүмкін емес. Қатысымдық құзыреттілік иесі болу үшін *лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдарды* ғана біліп қою жеткіліксіз, өзінің тілдік білімін шеберлікпен пайдалана білу қажет. Бұл дағдылар тек креативті ойлауды, шығармашылық ойлау қабілетін дамытқан кезде ғана қалыптасады» (Буковский, 2016: 137) [12]. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамыту оқушылардың өзін қоршаған ортаға қатынасы – адам мен әлемнің біртұтастығын мойындайтын идеясы – рефлексиялық көзқарас» үштігі аясында жүзеге асады. Бұлар «мәселелердің ішінен ең маңызды проблеманы ажырата алу», «сол қойылған проблеманы шешу мақсатына сай келетін идеяларға құрылған тапсырмаларды іріктеу», «оқушылардың жеке пікірі мен көзқарасын сауаты айтуға, жазуға, қорғай білуге үйрету» жүйесіне сақтап жүргізілгенде тиімді болмақ (Бөгенбаева, 2023: 21) [13]. Сондықтан оқу процесінде білім алушылардың *дербес* жұмыстарды ғана емес, *жұптық, топтық* тапсырмаларды орындауға төсеуіне мән берілді.

«4К» моделіне сәйкес «Командада жұмыс жасау» дағдысын қалыптастырудың артықшылықтарына сүйенетін заманауи білім беру кеңістігіндегі *трендтер* Абай көрсеткен «мұлахазамен» толық сәйкес келеді. Өйткені қазіргі «заман талабына сай білім берудің ерекшелігі шығармашылық қабілеті бар адамдардың жаңа генерациясынан, дамыған дүниетанымдық мәдениетінен, этикалық жауапкершілікті сезінуінен танылады және ол ұшқыр ойлы ұрпақты қалыптастыру міндетінен туындайды» (Абдуллина, 2009: 8) [14]. Сондықтан оқу үдерісінде интерактивті әдістерді қолдануға басымдылық берілуі «әдіс білімнің» талабымен ұштасады. Хакімнің пайымдауынша, мұлахаза тек ой алмасудың құралы, әлеуметтенудің жолы ғана емес, ол – үнемі жаңартылып, жаңғыртылып отыруы тиіс ақыл қуатының көзі, адам баласының ой-тұжырымын, ғылым-білімін жетілдірудің тетігі. Мұлахаза дұрыс дамытылса, мұхафаза, яғни алған білімді ойға орнықтыру, санаға сіңіру, жүрекке бекіту, ақылға тоқу да өз деңгейінде жүзеге аспақ. Білім алушылардың осындай «пікірлесе отырып білім алуы, жұмысты өзара бірлесіп атқаруы олардың өзін-өзі объективті бағалап үйренуіне де оң ықпал етеді. «Қалыптастырушы бағалауды дұрыс ұйымдастыру арқылы мұғалім шәкірттің әр ақпаратты дұрыс саралай алуына бағдар береді. Нәтижесінде кері байланыстың сапасын арттырып, білім алушының оқу әрекетін дамытады»

(Black, 2010: 83) [15]. Сондықтан да жоғары сыныптарда тілдік білімді тәрбиелік тұрғыдан меңгерту оқу мәтіндерімен жұмыста кең өріс алды.

*Оқу мәтіндерімен жүргізілетін жұмыстарды* ұйымдастырудың басты мақсаты – білім алушыны ойландыру, сол ойын сөйлеу типтерінің түрлері бойынша құбылтып жеткізу үшін *мәтінді «өңдеуге» үйрету*. Сонымен қатар, ақпараттың негізінде баяндау, сипаттау, пайымдау мәтіндерін құрату көзделді. Бұл білім алушының әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастырады. Олар тілдік/вербальді және тілдік емес/вербальді емес тілдік қатынас барысында жүзеге асырылып, «баяншының сөйлеу кезіндегі ішкі толғанысын сезіну, сөйлесу тәртібін, грамматикасын сақтау, өз пікірін жеткізе білу және т.б. дағдылардың дамуын қамтамасыз ететініне» мән беріліп отырды (Максимова, 2012: 135) [16].

*Кешенді тапсырманы* орындату барысында экспериментке қатысқан №159 мектептің 8-сыныбындағы 69 оқушыға қазақ педагогикасында ұлттық мектептің моделін ұсынған жаңашыл ұстаз, көрнекті ғалым Алма Қыраубаеваның еңбегінен үзінді ұсынылды. Бұл үзіндінің қысқаша мазмұны мынадай: Индиядағы Ауробиндо дейтін ауылдың өмір салты туралы айтылады. Ол ауылға дүниенің түпкір-түпкірінен адамшылық іздегендер үздіксіз келіп жатады. Олар – өмірдің мәнін ақшамен өлшейтін ортадан безінгендер. Олар Ауробиндо ауылына мүше болу үшін хат жазып, ұзақ уақыт кезекке тұрады. Егер қабылданса, алғашқы үш ай бойы сынақтан өтеді. Тек соған шыдағандар бір жылға қалуға мүмкіндік алады. Кейбір романтиктердің ішінде қатал талапқа шыдай алмай, қайтып кетеді екен. Себебі Ауробиндода өмір ауыр: жер жыртасың, дән себесің. Оны тек адал еңбекпен, өз қолыңмен жасауың керек. Біреуді біреу қорлауға, алдауға тыйым салынған. Еңбексіз ештеңеге қол жетпейді. Ауробиндо тіршілігі «Адамдық аралына» кетумен тең...

Автор «Сенім» мектебі де білім беру жүйесіндегі әміршілдіктен ығыр болған жандардың Ауробиндосына айналғанын айтады. Мектеп басшылығы бала үшін де, мұғалім үшін де жанға жайлы орта жасамақ болыпты. Осы идеяны негіздеген бағдарлама авторының «Мектебіміздің 3 жылдық өмірін өз ғұмырымның ең бір мағыналы күндеріне балаймын... Қош, Ауробиндо! Мүмкін, бір кезде күнкөріс кіріне көкірек толып кетсе, айналып, саяна келермін», -деген сөзі көп жайдан хабар береді (Қыраубаева, 2020:194). [17].

Мәтін бойынша жүргізілетін *шығармашылық тапсырмалар* 3 кезеңге бөлініп орындалды.

1-кезеңде орындалатын үй жұмысының реті:

- мәтінді оқып, тақырып қойыңыздар, неге сол тақырыпты таңдағандарыңызды дәйектеніздер;

- «Ауробиндо ауылының ережелерін» жазыңыздар;

- автордың өз мектебін «Ауробиндо» деп атауының мәнісін болжап жазыңыздар, жазбаңыз бойынша ойларыңызды қысқа да нұсқа етіп айтыңыздар.

2-кезеңде орындалатын аудиториялық тапсырмалар топқа бөлініп жүргізілді:

*1-топқа берілген тапсырма:* мәтін мазмұнына сүйеніп, Ауробиндоны іздеп келген кейіпкердің атынан баяндау мәтінін жазыңыздар (150-170 сөз);

*2-топқа берілген тапсырма:* мәтін мазмұнына сүйеніп, «Ауробиндо» ауылын және ондағы тұрғындарды сипаттап жазыңыздар (120-150 сөз);

*3-топқа берілген тапсырма:* мәтін мазмұнына сүйеніп, «Алма апайдың Ауробиндосы» тақырыбында пайымдау мәтінін жазыңыздар (110-120 сөз).

Бұл тапсырмаларды орындатуда *топтық жұмыс оқыту формасы* түрінде қолданылды. Себебі білім алушыларға сөйлеу типінің үш түрі бойынша жұмыстарды бірден орындату уақыт жағынан тиімді болмайды. Сондықтан тапсырма әрқилы берілді. Топта орындаған тапсырмаларды бағалауға барлық қатысушылар жұмылдырылды.

Білім алушылар берілген тақырыпқа қатысты қосымша әдебиеттермен жұмыс жүргізгеннен кейін ғана ойталқы өткізілді. Себебі аяқ астынан, дайындықсыз жүргізілетін полилогтік тапсырмалардың білім алушыға пайдасы жоқ. Ұлттық құндылықтарға қатысты және әлеуметтік өзге де өткір мәселелерді талқылауда, қоғамдағы тілмен байланысты көкейкесті проблемаларды талдауда *ойкөкпар*, *«дөңгелек үстел»*, *ойбөліс*, *ойталқы*, *пікірсайыс* түрлері ұйымдасырылып отыруы тиімді деп саналады. Оның нәтижелі болуы үшін *ақпараттық-коммуникативтік технологиялар* көмегімен білім қорын жинауға төселуі қажет. М. Вруант «оқыту технологияларының жиырма бірінші ғасырдағы білім беру мен әлеуметтік құрылымдардың байланысы арқылы шынайы

білімді меңгертуге беретін мүмкіндіктерінің мол екенін, әсіресе, жоғары оқу орындарында оқу ортасын ілгерілетуге кең жол ашатынын» атап көрсетеді (Вруант, 2017)[18]. Сол себепті келесі сабақта «Жаңа мектептің моделі қандай болуы қажет?» тақырыбында *ойталқы* өткізілді. Ең басты шарт – осындай пікірлесім түріндегі жұмыстардың біркүндік шара ретінде я болмаса сабақтың формасы түрінде ғана өткізілмей, оның нәтижелерін білім алушының өмірлік дағдыларына ұластыруға көңіл бөлінуі. Өйткені бұл тапсырмалар бойынша білім алушылар:

ақпарат көздерінен өзара бірлесіп білімді өздігінен меңгеруге төселді;

саналы түрде сапалы білім жинақтауға мүмкіндік алды.

### Нәтижелер мен талқылау

Қолданыста жүрген жаңартылған оқу бағдарламасының басты кемшілігі тілдік білім беруде «грамматиканы мансұқтап», құрғақ сөзге басымдық беруінен анық байқалып отыр. Әлбетте, мұндай жағдайда оқыту жүйесі «жаттанды, өлі білім» деңгейінде қала беретіні сөзсіз. Себебі онда «тілді оқыту үдерісіндегі теорияның күші мен ісі» бірлікте қамтылмаған. Оған жоғарыда көрсетілгендей, экспериментке қатысқан 5-сынып оқушыларының қол жеткізілген нәтижелері дәлел болды. Эксперимент тобындағы тіл дыбыстарын «тірі білім» теориясына сай меңгерген 78 білім алушы:

- сөзді дұрыс дыбыстаудың мәнісін *түйсінді*;

- орфоэпиялық норма мен орфографиялық норманы сақтаудың мәнісін *түсінді*;

- қазақ тілінің әуезділігі мен сөз сазын сақтаудың маңызын *ұғынды*;

- теориялық білімді практикалық тұрғыдан орынды қолдану қажеттігін *сезінді*.

Осы түйсіну, түсіну, ұғыну, сезіну арқылы «мәніс білім» мен «әдіс білімнің» өзара бірлікте меңгерілуіне қол жеткізілді (№1 кесте).


Бұл, өз кезегінде, оқушы бойында тілге деген саналы қатынастың қалыптасуына, өз тілінің ерекшелігін тануына ықпал етті. Бұл білімді бағалауда талап пен нәтиженің үйлесуіне де жол ашты. Өйткені білім сапасын арттыруда оқушыға білімді үйретудің амал-тәсілдерін дұрыс таңдау қандай маңызды болса, оны бағалау да сондай мәнді екенін көрсетті.

**1-кесте-** «Мәніс білім» қағидасына сай тіл дыбыстарын меңгерудің нәтижелері

№	Білім нәтижелері	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
1	тіл дыбыстарының жасалым жолын <i>түсінуі</i>	15 %	80 %
2	сөзді дұрыс дыбыстаудың мәнісін <i>түйсінуі</i>	35 %	78 %
3	орфоэпиялық норма мен орфографиялық норманы тең сақтаудың мәнісін <i>сезінуі</i> ;	38 %	83 %
4	қазақ тілінің әуезділігі мен сөз сазын сақтаудың маңызын <i>ұғынуы</i>	27 %	79 %
5	теориялық білімді практикалық тұрғыдан орынды <i>қолдануы</i>	42 %	85 %

Эксперимент барысында жеткіншек жастағы 8-сынып оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай *баяндау, сипаттау, пайымдау* мәтіндерін *бағалаудың критерийлері* алдын-ала ұсынылуы да білім сапасына дұрыс әсер ететіні анықталды. Критерийдің берілуі әр топтың өз жұмысын тиімді әрі сауатты орындауына оң ықпал етті. Оқушылар сөз саптау тәсілдерін сауатты қолданып, тапсырма шартына орай мә-

тінді «өңдеп» құрауға үйренді. Жазба жұмысында оқушылардың тілдік сауаттылығының артқаны байқалды. Дегенмен, мәтін құрылымын өзгертуге әлі де төселдіру қажеттігі көрінді (1-сурет). Эксперимент нәтижелеріне жасалған талдаулар оқыту үдерісінде қай жұмысты болсын бағалау критерийлерінің нақтылығы тапсырманың пайдалы болуына және оны бағалау әдісінің ашық қолданылуына да қолайлы екенін көрсетті.



**1-сурет** – Топтық жұмыс тапсырмаларының білім нәтижелеріне әсері

Осылайша, эксперимент барысында қол жеткізілген нәтижелер қазақ тілін оқыту үдерісінде Ақымет Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясын жүзеге асыру үшін, «Баулу мектебі» үлгісінде оқу үдерісін шеберлікпен ұйымдастыру үшін оны Ұлы Дала даналарының ілімдерімен сабақтастықта дамытудың білім сапасына ерекше жағымды ықпал ететінін дәлелдеді. А.Байтұрсынұлы «Баулу мектеп» мақаласында тіршілікке «пайдалы білімді» субъект тәжірибе арқылы меңгеру үшін өзі әрекет етуі керектігін

талдау мақсатында білімалушыны бұл әрекетке қалай баулу керектігін салыстырмалы түрде дәйектеген болатын. Ғылым-білімге баулу үдерісінде әрбір теориялық материалдың күші мен ісін бөлектеп (схластика), күшін көкке шығарудың тиімсіздігі салдарынан мәселенің практикалық жағы ескерусіз қалдырылып, табиғаттың жанынан айырылатынын, сөйтіп, өлікке айналдырылатынын атап көрсеткен еді. «Үйретудің бұл түрі «жалаң оқыту» сияқты өлі түрге айналды», – деп түйіндеді (Байтұрсынұлы, 2013б: 16).

Эксперимент барысында ғалымның бұл пікірі отандық білім беру жүйесінде өріс алып отырған үлкен кемшілік ретіндегі таптаурындылықтың себебін ашуға және сол кемшіліктен құтылудың амал-тәсілдерін анықтауға жол ашты.

Әбіш Кекілбаев Ақымет Байтұрсынұлының орасан зор еңбегін парықтай отырып, ғалымның даналығы «өзіне дейінгілердің көздеріне ілікпеген соны көкжиектерге көз жеткізе білгендігінде, көргендігінде» екендігін қадап айтады (Кекілбаев, 2013: 155) [19]. Әлбетте, ана тілін оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіруде әлемнің озық тәжірибелерін ескерген абзал. Бірақ бұл саланы жетілдірудің әдіснамалық негіздерін анықтауда ұлттық ғылым кеңістігіндегі рухани қорды жаңғырту қажеттігі айқындалып отыр.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, дамудың өзгермейтін заңы сол: ұлы ойшылдардың өмір сүрген дәуірлері мен өскен, қалыптасқан әлеуметтік ортасы бөлек болғанымен, олардың адамзат игілігін арттыру жолындағы тұжырымдары белгілі бір нүктелерде үнемі қиысып, бірін-бірі толықтырып, тереңдетіп отырады. Олай болса, білім мен тәрбиенің бірлігіне негізделген «тірі білімді» бала санасына сіңіруде әл-Фараби пайымдағандай, білім беру процесін «бақыт, қуаныш және ләззат сезімдерін сезіндіру үшін сұлу да әсем және аса көркем дүниелерді барынша айқын және кемел дүние ретінде танып-білу әрекетіне айналдыру шарт. Сонда ғана оқушы бойында терең дү-

ниетаным қалыптасып, оның толық болмысына сіңеді» (Әл-Фараби, 2005). Өйткені әлемдегі ең сұлу да, ең әсем де, аса көркем де, ең алдымен, әр халықтың өз ана тілі екені сөзсіз. Ендеше, жас толқынға сол сұлу дүниенің әрбір тетігін білгізу, оны тереңнен тануға, түйсінуге, сезінуге құштарландыру, сөйтіп, болмысына берік сіңіру – басты меже. Сондықтан да үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту бағыттарын түбірімен қайта түзу, ондағы білім мазмұнын сауатты құру, оқытуды инновациялық талаптарға сай ұйымдастыру өзекті мәселеге айналды. Бұл, өз кезегінде білім мен тәрбиені біртұтастықта берудің тұғырнамалық негіздерін айқындайтын сара жолды іздестіруді талап етіп отыр. Жылдар бойы жасалған іргелі ізденістер осы мақсаттағы айқын жолдың сүрлеуі Ұлы Дала данышпандарының еңбектерінде екенін пайымдатты, оларды қайта парықтап, ғылыми негіздеуге мүдделі етті. Сондықтан қазіргі мемлекеттік стратегияға сай қазақ тілін жас ұрпаққа меңгертудің басым бағыттарын айқындауда ұлы тұлғалар негіздеген тұжырымды ой үндесімін басшылыққа алу перзенттік парыз, кәсіби міндет, замана иыққа артқан талап деп қабылдадық.

### Алғыс сөз

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруы негізінде (Грант АР19676778) жазылды.*

### Әдебиеттер

1. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс», 2005. – 449 с.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 448 с.
3. Құсайынов А.К., Булатбаева А.А. Білім беру саясаты: салыстырмалы талдау. – Алматы: «ROND & A» баспасы, 2009. – 116 с.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. Т. III: – 384 б.
6. Темирғалинова А. Университеттің полиэтникалық білім беру ортасында болашақ мұғалімдердің коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2022. – Т. 72. – №. 3. – Б. 53-61.
7. Баулу мектебі // А. Байтұрсынұлының алты томдық жинағы. Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т. VI: – 384 б.
8. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына және Бейіндік білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2017.
9. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы, 2019. – 460 с.
10. Andersson, C., & Palm, T. Characteristics of improved formative assessment practice // Education Inquiry. – 2017. – 8(2), 104–122.

11. Shepard, L. A. Classroom assessment // In R. L. Brennan (Ed.), Educational measurement. Westport, CT: Praeger. 2006. – P. 623– 646.
12. Буковский С.Л. Метод и технологии креативного обучения иностранным языкам в неязыковом вузе // Преподаватель XXI век. – №3. – 2016. – С.136-144.
13. Бөгенбаева Ә. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11-сынып). – Философия докторы (phd) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Абай атындағы ҚазҰПУ, 2023. – 173 б.
14. Абдуллина. Г. Интерактивті оқыту – таным белсенділігінің қазіргі бағыты. Ұлт тағылымы. – Алматы, 2009. – 165 б.
15. Black P., Wiliam D. Inside the black box: Raising standards through classroom assessment. – Granada Learning, 1998.
16. Максимова, А. А. Основы педагогической коммуникации: учебно-методическое пособие / А. А. Максимова. – Орск: Издательство Орского гуманитарно-технологического института (филиала) ОГУ, 2012. – 170 с.
17. Қыраубаева А. Ұстаз жазбалары // Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 260 б.
18. Bryant M. The Development of the Massive Open Online Course Virtual Learning Environment Scale (MVLE) and Model to Measure Satisfaction of MOOC Online Learning Courses in Higher Education: A Mixed Methods Study. Dissertation for the Degree Doctor of Education. University of Louisiana at Lafayette.
19. Кекілбаев Ә. Ұстаз ұлағаты // А. Байтұрсынұлының алты томдық жинағы. Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т. VI: – 384 с. – 150-172 б.

### References

- Abay (Ibrahim) Qunanbaev. (1977). Shyğarmalarynyń eki tomdyq tolygy jinaǵı. II tom[Collected works in two volumes]. Almaty: Qazaq SSR-niń “Gılim” baspasy. (in Kazakh)
- Abdullina, G. (2009). Interactive oqıtu – tanım belsendılıǵınıń qazirgi bagyıtı[Interactive teaching – the current stage of effectiveness. National education]. Ult taıylymy. Almaty. (in Kazakh)
- Al-Farabi. (1994). Aleumettik-etikalıq traktattar[Social-ethical treatises]. Almaty: Gılim. (in Kazakh)
- Andersson, C., & Palm, T. (2017). Characteristics of improved formative assessment practice. Education Inquiry, 8(2), 104–122.
- Baitursynuly, A. (2013). Alty tomdyq shyǵarmalar jinaǵı. Til – qural (qazaq tili men oqu-aǵartıua qatysty enbektei)[ Collected works in six volumes. Language – tool (contributions related to Kazakh language and education)]. Almaty: “El-shezire”, T. III. (in Kazakh)
- Baulu mektebi. (2013). In A. Baitursynulynyń alty tomdyq zınaıy: Maqalalar, hattar, A. Baitursynuly turaly qujattar men materialdar[A. Baitursynuly’s collected works in six volumes. Articles, letters, documents and materials about A. Baitursynuly] (Vol. VI, pp. 384). Almaty: “El-shezire”.(in Kazakh)
- Black, P., & Wiliam, D. (1998). Inside the black box: Raising standards through classroom assessment. Granada Learning.
- Bögenbaeva, Ä. (2023). Kreativti oilaw arqılı tılık qatınasty damytudyn aılymy-ädistemelik neızderi (10-11-synyp). Filosofiya doktori (PhD) deregesin alu usın daındaldan dissertacia. Abay atındaı QazUPU, 173 b.[ Scientific and methodological foundations of linguistic interaction development through creative thinking (grades 10-11)] (in Kazakh)
- Bryant, M. The Development of the Massive Open Online Course Virtual Learning Environment Scale (MVLE) and Model to Measure Satisfaction of MOOC Online Learning Courses in Higher Education: A Mixed Methods Study. (Dissertation for the Degree Doctor of Education). University of Louisiana at Lafayette.
- Bukovskiy, S.L. (2016). Metod i tekhnologii kreativnogo obucheniya inostrannym yazykam v neyazykovom vuze. Prepodavatel XXI vek[Method and technologies of creative teaching of foreign languages in a non-language university], №3, 136-144. (in Russian)
- Kekilbaev, Ä. (2013). Ustaz ulaıatı. In A. Baitursynulynyń alty tomdyq zınaıy: Maqalalar, hattar, A. Baitursynuly turaly qujattar men materialdar[Teacher’s heritage // A. Baitursynuly’s collected works in six volumes. Articles, letters, documents, and materials about A. Baitursynuly.] (Vol. VI, pp. 150-172). Almaty: “El-shezire”.(in Kazakh)
- Maksimova, A.A. (2012). Osnovy pedagogicheskoy kommunikacii: uchebno-metodicheskoe posobie. Orsk: Izdatelstvo Orskogo gumanitarno-tekhnologicheskogo instituta (filiyala) OGU.[ Basics of pedagogical communication: educational-methodical guide] (in Russian)
- Negizgi orta bilim beru deńgeimın 5-9-synypına jöne Beyındık bilim beru deńgeimın 10-11 synypтарына арналған “Qazaq tili” pаninen jаnааrtıylаn mаzmunıdаlyq ılgılık оqu bаgdаrlаmаlаry (оqıtu qаzаq tіlіnde). (2017). Astana.[ Content of educational programs for grades 5-9 and grades 10-11 of the basic and secondary education in the subject “Kazakh language” revised for teaching in Kazakh] (in Kazakh)
- Orazbayeva, F. (2019). Tılık qatınas. Bes tomdyq shyǵarmalar jınaıy, 2-tomı. [Linguistic interaction. Collected works in five volumes]Almaty. (in Kazakh)
- Otırar. (2005). Enciklopediya[Encyclopedia]. Almaty: “Arys”.(in Kazakh)
- Qusayynov, A.K., & Bulatbaeva, A.A. (2009). Bilim beru sayasy: salıstıymaly taldaw[Education policy: comparative study]. Almaty: “ROND & A” baspasy. (in Kazakh)
- Qyraubaeva, A. (2020). Ustaz jazbalary. In Pändi oqıtudaıy zamanawı izdenister: Tekhnologıa jаne jańaşılıq[Teacher’s journals // Modern publications in teaching: technology and innovation]. Almaty: Qazaq universiteti. (in Kazakh)
- Shepard, L.A. (2006). Classroom assessment. In R.L. Brennan (Ed.), Educational measurement. Westport, CT: Praeger.

Temirgalinova, A. (2022). Universitetin polietnikalıq bilim beru ortasynda bolaşaq muәaldernin kommunikativ-etnopedagogikalıq qyzyrettiligimı qalyptastyru [Formation of future teachers' communicative-ethnopedagogical competence in a polyethnic educational environment of the university]. Journal of Educational Sciences, 72(3), 53-61. (in Kazakh)

**Авторлар туралы мәлімет:**

Дәулетбекова Жанат Тұрарбековна – Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: zh.dauletbekova@mail.ru)

Рай Қайрат Мағауұлы – Қазақстан-Британ техникалық университетінің жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: rayevkairat@mail.ru)

Алдашева Камар Сағынғалиевна – Түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға оқытушысы, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: kama\_kz89@mail.ru)

Набидуллин Айболат Сарсенбаевич – PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, (Алматы қ., Қазақстан, эл.пошта: aibosha@mail.ru)

**Сведения об авторах:**

Даулетбекова Жанат Турарбековна – доктор педагогических наук, профессор Казахстанско-Британского технического университета (г. Алматы, Казахстан, эл. почта: zh.dauletbekova@mail.ru)

Рай Кайрат Мағауұлы – кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник Казахстанско-Британского технического университета, кандидат филологических наук, (г. Алматы, Казахстан, эл. почта: rayevkairat@mail.ru)

Алдашева Камар Сағынғалиевна – PhD, старший преподаватель кафедры тюркологии и теории языка, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, эл. почта: kama\_kz89@mail.ru)

Набидуллин Айболат Сарсенбаевич – PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая (г. Алматы, Казахстан, эл. почта: aibosha@mail.ru)

**Information about authors:**

Dauletbekova Zhanat Turarbekovna – professor, doctor of Pedagogical Sciences Kazakh-British Technical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zh.dauletbekova@mail.ru)

Ray Kairat Magauuly – leading researcher, candidate of philology Kazakh-British Technical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: rayevkairat@mail.ru)

Aldasheva Kamar Sagingaliyevna – senior teacher of the Department of Turkology and language theory, PhD Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kama\_kz89@mail.ru)

Nabidullin Aibolat Sarsenbayevich – PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aibosha@mail.ru)

Келін түсті: 15.04.2024

Қабылданды: 01.06.2024

Л.С. Канаева\* , В.Д. Нарожная , А.К. Дилдабекова 

Южно-Казахстанский педагогический университет имени У. Жанибекова, Казахстан, г. Шымкент

\*e-mail: Kanayeva\_80@mail.ru

## НЕВЕРБАЛЬНОЕ ОБЩЕНИЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ НА ЯЗЫКОВЫХ ЗАНЯТИЯХ В ВУЗЕ

Современная система образования Казахстана предполагает подготовку конкурентоспособного полилингвального выпускника, готового к реализации коммуникативной деятельности на казахском, русском или английском языке на бытовом, социальном, профессиональном и межкультурном уровне общения. В статье рассматриваются функции невербальных средств общения в условиях поликультурных групп обучения в вузе, описывается их национально-культурная специфика и определяется роль несловесных знаков, несущих значительную информацию и интерпретирующих ментальность народа, его культуру, моральные и нравственные установки.

Сравнительно-сопоставительный анализ средств жестовой коммуникации русского, казахского и английского языков, отражающих внутренне-психологическое состояние коммуниканта или указывающих на его отношение к партнеру по общению, показывает, что в них находят яркое отражение жизненные установки народа, их мироощущения, связанные с хозяйственной и трудовой спецификой. Умение понимать и использовать средства невербальной коммуникации представителями других этносов способствует взаимопониманию и взаимоуважению, укреплению межличностных отношений.

Невербальные средства общения могут быть универсальными, когда отражают общеизвестные понятия и этические ценности разных культур, и уникальными, специфическими, если передают национальную самобытность, присущую отдельному этносу, характеризуют только его философское осмысление окружающего мира. В связи с этим в статье анализируются семантические особенности невербального общения сопоставляемых языков и определяется их значимость в учебном процессе с целью формирования у студентов на основе культурного кода таких ценностных ориентаций, как духовность, нравственность, патриотизм, интернационализм, уважение к старшим, толерантность, рассматриваются вопросы формирования коммуникативного поведения, являющегося таким же важным аспектом обучения, как чтение, письмо, говорение, понимание. В практической части исследования приняли участие 250 студентов Южно-Казахстанского педагогического университета имени У.Жанибекова.

**Ключевые слова:** невербальная семиотика, жестовая коммуникация, коммуникативное поведение, культурный код, национально-культурная специфика, картина мира.

L.S. Kanayeva\*, V.D. Narozhnaya, A.K. Dildabekova

U.Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent

\*e-mail: Kanayeva\_80@mail.ru

### Non-verbal communication as a means of forming communicative competences in language classes at the university

The present educational structure of the Republic of Kazakhstan presupposes the training of a competitive polylingual graduate ready to realize communicative activity in Kazakh, Russian or English at the everyday, social, professional and intercultural level of communication. The article considers the functions of non-verbal means of communication in the conditions of multicultural groups in higher education institutions, describes their national and cultural specificity and defines the role of non-verbal signs that carry significant information and interpret the mentality of the people, their culture, moral and ethical attitudes.

The comparative analysis of means of gesture communication of Russian, Kazakh and English languages, reflecting the inner-psychological state of the communicant or indicating his attitude to the partner in communication, shows that they vividly reflect the historical experience of the people, ideas related to economic and labour activity, everyday life and culture of people. The ability to understand and use the means of nonverbal communication of representatives of other ethnic groups contributes to mutual understanding and mutual respect, strengthening interpersonal relations.

Non-verbal means of communication can be universal, when they reflect well-known concepts and ethical values of different cultures, and unique, specific, if they convey the national identity inherent in a particular ethnos, characterize only its philosophical understanding of the surrounding world. In this connection, the article analyses semantic features of nonverbal communication of the compared languages and determines their significance in the educational process in order to form in learners on the principles of the cultural code such value orientations as spirituality, morality, patriotism, internationalism, respect for elders, tolerance, and considers the formation of communicative behaviour, which is as important aspect of learning as reading, writing, speaking, understanding. The practical part of the study involved 250 students from U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University.

**Keywords:** non-verbal semiotics, gesture communication, communicative behaviour, cultural code, national-cultural specificity, world picture.

Л.С. Канаева\*, В.Д. Нарожная, А.К.Дилдабекова

Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

\*e-mail: Kanayeva\_80@mail.ru

### **Вербалды емес қарым-қатынас университеттегі тілдік сабақтарда коммуникативті құзыреттерді қалыптастыру құралы ретінде**

Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру жүйесі қарым-қатынастың күнделікті, әлеуметтік, кәсіби және мәдениетаралық деңгейінде қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде коммуникативті әрекетті жүзеге асыруға дайын, бәсекеге қабілетті көптілді түлек дайындауды көздейді. Мақалада университеттегі көпмәдениетті оқу топтары контекстінде вербалды емес коммуникация құралдарының функциялары қарастырылады, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері сипатталады, маңызды ақпарат беретін және халықтың менталитетін, мәдениетін, моральдық-адамгершілік көзқарастарын түсіндіретін вербалды емес белгілердің рөлі анықталады.

Коммуниканттың ішкі-психологиялық жай-күйін көрсететін немесе оның қарым-қатынас серіктесіне деген көзқарасын көрсететін орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі ым-ишара құралдарын салыстырмалы талдау оларда халықтың тарихи тәжірибесі, шаруашылық және еңбек қызметіне, адамдардың тұрмысы мен мәдениетіне байланысты ұғымдар айқын көрініс табатынын көрсетеді. Басқа этностар өкілдерінің вербалды емес қарым-қатынас құралдарын түсіну және пайдалану қабілеті өзара түсіністік пен өзара сыйластыққа, тұлғааралық қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Вербалды емес қарым-қатынас құралдары әр түрлі мәдениеттердің жалпыға белгілі ұғымдары мен этикалық құндылықтарын бейнелегенде әмбебап бола алады, ал егер олар жеке этносқа тән ұлттық бірегейлікті жеткізсе, оның қоршаған әлемді философиялық тұрғыдан түсінуін ғана сипаттайды. Осыған байланысты мақалада салыстырылатын тілдердің вербалды емес қарым-қатынасының семантикалық ерекшеліктері талданады және олардың оқу үдерісіндегі маңыздылығы студенттерде руханият, адамгершілік, патриотизм, интернационализм, үлкендерге құрмет, толеранттылық сияқты құндылық бағдарларының мәдени коды негізінде қалыптастыру мақсатында анықталады, оқу, жазу, сөйлеу, түсіну сияқты оқытудың маңызды аспектісі болып табылатын коммуникативті мінез-құлықты қалыптастыру мәселелерін талқылайды. Зерттеудің тәжірибелік бөліміне Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 250 студенті қатысты.

**Түйін сөздер:** вербалды емес семиотика, ым-ишара қарым-қатынасы, коммуникативті мінез-құлық, мәдени код, ұлттық-мәдени ерекшеліктер, әлем бейнесі.

### **Введение**

Современная цивилизация характеризуется широким многообразием культур, находящихся в непрерывном взаимодействии, что имеет большое значение в общении на вербальном / невербальном уровне и требует рассмотрения широкого круга проблем, связанных с взаимоотношением языка и общества. Любая отдельно взятая культура имеет свою языковую и жестовую систему, с помощью которой ее представи-

тели общаются не только в рамках своей, родной культуры, но и за ее пределами.

Эта проблема становится особенно актуальной в условиях полилингвального образования в Республике Казахстан, предусматривающего комплекс обучения, при котором выпускники вузов должны овладеть профессиональным казахским, русским и английским языком. Немаловажным фактором при этом является привитие студентам таких моральных качеств, как любовь и бережное отношение к родному краю,



знание и уважение обычаев и традиций этносов, проживающих на территории республики, развитие толерантности в процессе коммуникации.

В приказе МОН РК «Об утверждении типовых учебных программ ... для организаций высшего и (или) послевузовского образования», указывается, что основной целью дисциплины «Русский язык» является формирование такой личности обучающегося, которая адекватна к осуществлению когнитивной и коммуникативной деятельности на русском языке во всех сферах общения. Цель дисциплины «Иностранный язык» направлена на «формирование межкультурно-коммуникативной компетенции студентов в процессе иноязычного образования на достаточном уровне (А2, общеевропейская компетенция) и уровне базовой достаточности (В1, общеевропейская компетенция)» (Об утверждении ТУП, 2018: 40) [1].

Воспитание у студентов общечеловеческого мировоззрения на языковых занятиях в вузе, развитие толерантного отношения к национальным культурам и языкам обеспечивается, как правило, не только на вербальном уровне, но в большей степени на невербальном, передающем 70–80% информации. Общеизвестно, что при помощи слова в потоке речи передаются фактические знания, которые не в полной мере отражают душевную гармонию человека. Внутреннее состояние коммуниканта, его эмоциональный настрой в большей степени, нежели словесное выражение, характеризуется средствами невербальной коммуникации, т.е. такими неязыковыми знаками / сигналами, которые имеют большую информационно-коммуникативную ценность. Основными средствами, которыми обладает язык тела, являются не только поза, движения (жесты), мимика, взгляд, пространственное поведение, тембр голоса, но и различные особенности реальной действительности: костюм и его элементы, орнамент, цвет и т.п. Как правило, результативность общения связана не только с тем, насколько понятна собеседнику вербальная коммуникация, но и в большей степени с умением адекватно интерпретировать невербальную информацию, передающуюся языком тела.

Изучение невербальных средств коммуникации имеет как теоретическое, так и практическое значение. Соотношение звукового и невербального типов общения обуславливается национально-культурной спецификой речевого поведения. Жесты – древнейшие универсальные сигналы, часто идущие из подсознания. Они по-

могают или мешают правильному восприятию информации, которая предназначена окружающим. Каждый из атрибутов тела выражает или передает определенное значение. Коммуникативное поведение, отражающее морально-этические установки народа, является компонентом национальной культуры, национального менталитета, национальной психологии. И.А. Стернин отмечает, что «национальная культура является отражением, воплощением национального менталитета» (Стернин, 2006: 55) [2]. В связи с этим предметом нашего исследования является рассмотрение жестовой коммуникации как специфического этнокультурного феномена, передающего национальную специфику в процессе межкультурного общения в группах с русским, казахским и английским языком обучения.

Исследование традиционно сложившихся моделей невербального поведения индивидов, их трансформации в условия полилингвизма, выявление общих и специфических черт невербального общения необходимо для успешного усвоения не только языка, но и культурных особенностей того этноса, на языке которого ведется диалог. Умение правильно использовать невербальные средства общения в различных речевых ситуациях способствует совершенствованию аналитических и творческих навыков студентов, расширению их коммуникативных компетенций, развитию толерантности общения. Следует учитывать и тот факт, что обучение коммуникативному поведению, являющемуся компонентом национальной культуры, необходимо осуществлять одновременно с усвоением языковых навыков при изучении неродного / иностранного языка.

Цель исследования – показать, что невербальные средства общения являются не только предметом изучения на языковых занятиях, но и эффективным методом обучения неродному языку. Культуроцентрический подход к изучению языков предполагает овладение произношением, словарным и грамматическим составом изучаемого языка, а также осмыслением культурных символов, гуманистических качеств, поведенческих привычек в контексте этого языка. Овладение неродным языком связано с изучением национальной культуры, в которой немаловажная роль отводится неязыковым средствам передачи значимой информации. Несловесному языку присущи определенные национальные черты, которые необходимо учитывать при общении на неродном языке в различных учебных

ситуациях. Неумение считывать информацию с жестов может создать значительные преграды для успешной коммуникации.

### Обзор литературы

В последние десятилетия интерес к невербальным способам общения заметно повысился, поскольку стало очевидным, что этот компонент социального поведения человека играет в жизни общества более важную роль, чем представлялось ранее. В связи с этим можно отметить рост научных публикаций в отечественной и зарубежной психолингвистике, посвященных разным аспектам невербального общения (Б.К. Момынова, С.Б. Бейсембаева, М.М. Муканов, Б.Х. Хасанулы, З.М. Нуржанова, М.П. Ешимов, К.Ш. Кажгалиева, Ж.К. Ибраева, А.Д. Сейсенова, А.С. Казмагамбетова, У.Е. Мусабекова; Г.Е. Крейдлин, М.С. Адрианов, И.Н. Горелов, М.А. Поваляева, Е.А. Петрова, Ю.А. Сорокин, Е.Ф. Тарасов и др.), а также появление значительного количества переводов зарубежных авторов, посвященных невербальной коммуникации (Алан и Барбара Пиз).

Проблемы межкультурной коммуникации, национальной-культурной специфики невербального общения всесторонне рассматриваются в последние годы не только в теоретическом аспекте. Культурологический подход в преподавании предполагает умение использовать в общении национально и регионально значимые лексемы, анализировать их и определять стилистическую функцию, использовать национальные и универсальные формы речевого этикета, формировать межкультурные компетенции, что также отражено в ряде значимых публикаций (Mikhailova, 2021: 272–287; Meirbek, 2022: 2646–2657) [3; 4].

### Материалы и методы исследования

Материалом исследования послужили данные анкетирования, проведенного среди студентов I курса филологического факультета Южно-Казахстанского государственного педагогического университета города Шымкент. В анкетировании приняли участие 250 обучающихся Образовательных программ 6В01701 – подготовка учителя казахского языка и литературы, 6В01704 – подготовка учителя казахского языка и литературы в школах с неказахским языком обучения, 6В01703 – подготовка учителя

иностранного языка: два иностранных языка, а также в группах I курса нефилологических специальностей, где дисциплина «Русский язык» является общеобразовательной.

С учетом специфики анализируемого материала, поставленной цели и заявленных задач нами были использованы различные методы лингвистического исследования. На всех этапах полевых исследований использовался метод наблюдения и фиксации частотности использования жестов реципиентами. Методом экспериментального анкетирования был получен корпус жестовых фразеологизмов, используемых в различных коммуникативных ситуациях на языковых занятиях. Описательно-семантическим методом был охарактеризован рабочий материал с целью объяснения причин несовпадений значений жестов у представителей разных лингвокультурных сообществ, сравнительно описательным методом определялись коррелирующие и специфические средства невербальной коммуникации в сопоставляемых культурах, а метод аналогии способствовал выявлению общекультурных, общечеловеческих форм невербалики, восходящих к архетипическим слоям языкового сознания человека. Обработка полученных данных осуществлялась с помощью статистических (квантитативных) методов, формирование и формулирование общих и частных выводов и результатов исследования осуществлено методом обобщения. Выбор вышеуказанных методов сделано, исходя из специфики исследуемого явления, доступных ресурсов и требуемой точности данных в анализе значений и функций жестов.

### Результаты и их обсуждение

Взаимодействие и взаимовлияние звукового и жестового способов общения характеризуются культурно-национальной спецификой поведения и имеют как теоретическое, так и практическое значение. Жесты – древнейшие универсальные сигналы, часто идущие из подсознания. Они помогают или мешают правильному восприятию информации, которая предназначена окружающим. Каждый из атрибутов тела выражает, дополняет и передает определенное значение, особенности невербального знакового поведения человека, являющегося предметом «комплексной науки – невербальной семиотики» (Крейдлин, 2014: 101) [5].

Коммуникативное поведение принято считать неотъемлемым компонентом национальной

культуры. В связи с этим, описание коммуникативного поведения участников диалога имеет лингводидактическую основу, так как формирование коммуникативных компетенций на языковых занятиях в вузе в рамках национальной культуры решает одну из важнейших культурно-педагогических задач, необходимых для воспитания полилингвальной и поликультурной личности.

Предприняв попытку описания невербальных форм общения в негомогенной лингвокультурной среде, мы выбрали метод направленного полевого эксперимента, с помощью которого выявляли особенности употребления жестов различных культур (русской, казахской и английской), встречающихся в коммуникативных ситуациях на языковых занятиях.

Проводя опрос, мы учитывали определенные требования к составлению анкеты: корректность и однозначность вопросов, прозрачность их структуры. Количество задаваемых вопросов не должно превышать разумных пределов и утомлять респондентов, так как это увеличивает формальность ответов и снижает их объективность, что, безусловно, отрицательно сказывается на достоверности полученных результатов. Для достижения валидности эксперимента мы также учитывали следующие факторы: физическое состояние респондентов (усталость, сонливость, утомление, физическое недомогание, возбужденность, нервозность и др.); их умение ориентироваться в поставленной задаче; первичность или регулярность в участии подобных экспериментов и др. Каждая анкета предполагала наличие таких опций респондентов, как национальность, возраст, пол, место проживания (город, село). Отдельные анкеты, где требовалось уточнение ответов участников эксперимента, содержали дополнительные опции: язык общения, длительность проживания в городе / сельской местности (до 5 лет, 5–10 лет, 15–20 лет, свыше 20 лет).

Всего в опросе участвовало 250 студентов разных специальностей (гуманитарное, педагогическое, естественно-математическое направления), национальный состав испытуемых отражен следующим образом: представители казахского этноса составляют 160 студентов (64%), русского – 40 (16%), узбекского – 50 (20%).

Материалом анкет послужили жесты, используемые в различных речевых ситуациях, описанных в «Типовой учебной программе об-

щеобразовательной дисциплины “Русский язык” для организаций высшего ... образования» (Об утверждении ТУП, 2018: 107–159) [1].

Проанализировав содержание Программы, мы выделили те темы, в которых предусмотрены ситуации невербальной коммуникации, отражающие специфику общения на русском, казахском – в группах с нерусским языком обучения – и английском языках – в группах с английским языком общения. Жестовые формы общения (жесты приветствия, прощания, согласия, благодарности, поздравления и т.д.) отражены в следующих лексических темах в соответствии с уровневой подготовкой А1, А2: «Знакомство», «На занятиях в университете», «В библиотеке», «На приеме у врача», «Мои покупки», «Культурная жизнь города», «Транспорт», «Путешествие». Сопоставительный анализ использования этикетных жестов в трех культурах показан в таблице на примере темы «Знакомство» (таблица 1).

Анализируя представленные в таблице жесты, студенты могут сделать вывод как об универсальности жестов приветствия и прощания (рукопожатие, легкий кивок головой), свойственных в общении представителей всех трех культур, так и о специфичности невербальных знаков. Например, поцелуй тыльной стороны руки женщины является мужским жестом в русской культуре, а воздушный поцелуй – женским. В английском общении этот жест считается «претенциозным, а женщин, которые прибегают к такому варианту приветствия, с пренебрежением называют чмок-чмок» (Фокс, 2019: 34–35) [9]. Жесты приветствия в казахской культуре *құшақтасып амандасу* и *құшақтасып амандасу* связаны с теплыми объятиями, а англичане здороваются быстро, на расстоянии вытянутой руки, объятия и поцелуи для них непреемлемы. Наблюдения над различными ситуациями общения показывают, что один и тот же жест может выполнять не только разные функции, но и иметь разные значения. Например, жест *бас изеу* (*кивнуть головой*) может быть не только общекоммуникативным жестом, но и этикетным жестом приветствия, прощания и согласия.

Под влиянием английской культуры в русско-казахском неформальном общении среди юношей используется жест приветствия удар кулаком, исполняемый одновременно с двух сторон. Этот жест используется при встрече сверстников, друзей.

**Таблица 1** – Использование средств невербальной коммуникации на занятиях по русскому языку в полилингвальных группах

<i>Русская невербальная коммуникация</i>	<i>Казахская невербальная коммуникация</i>	<i>Английская невербальная коммуникация</i>
<b>Знакомство</b>		
A1: Умение вести коммуникацию, грамотно представить себя, поздороваться, поблагодарить, вежливо отреагировать на благодарность. A2: Использование форм речевого этикета в ситуации приветствия.		
<i>жесты приветствия</i>		
<i>рукопожатие, размахивание поднятой рукой на уровне головы, легкий кивок головой, снятие/приподнимание шляпы перед женщиной, похлопывание по плечу, легкий поцелуй, объятие (Акишина, 2015: 208) [6]</i>	<i>қол былғап амандасу (рукопожатие); қол беру (подать руку); қолын көтеру (поднять руку); бас изеу (кивнуть головой); иек қағу, иек астымен амандасу (кивнуть подбородком); қол алысып амандасу (пожатие руки собеседника двумя руками); оң қолын кеудесіне баса сәлем беру (уважительный жест приветствия) құшақтасып амандасу (здороваться при помощи объятия); құшақтасып амандасу (здороваться двумя руками, крепко обнимая друг друга); арқаға қағу (хлопать по спине) (Момынова, 2003: 136) [7]</i>	<i>Handshake (рукопожатие), wave (помахивание рукой), smile (улыбка), hug (объятие), fist bump (удар кулаком), nodding (кивнуть головой), high five (дай пять), air kiss (воздушный поцелуй), head tilt (наклон головы), tipping of the hat (приподнимание шляпы), curtsy/bow (реверанс/поклон) (Navarro, 2018) [8]</i>
<i>жесты прощания</i>		
<i>размахивание поднятой рукой на уровне головы, кивок головой, кивок подбородком, поднять руку</i>	<i>қол бұлғау (движение кистью руки взад-вперед), қолдасып қоштасу (прощаться за руки), кеудесін қолымен басу (прикладывать руку к груди), бас изеу (кивнуть головой)</i>	<i>handshake (рукопожатие), wave (помахивание рукой), smile and nodding (улыбка и кивок головой), hug (объятие)</i>

